

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім  
министрлігінде 2002 жылы  
3-мамырда тіркеліп,  
№2904-Ж куәлік берілген

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын  
республикалық ғылыми-  
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№8 (165),  
ҚАЗАН  
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде  
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –  
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –  
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –  
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-  
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;  
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-  
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,  
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,  
М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек,  
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-  
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандаев –  
тарихшы-зерттеуші.

\*\*\*

С.Әбішқызы – тұңғыш  
бас редактор. Б.Матекова –  
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,  
Г.Серікбаева, С.Ишебаева  
– озат ұстаздар.

Басуға 24.10.2018 ж. жіберілді.  
Пішімі 84 x 108<sup>1/16</sup>.  
Шартты б.т. – 4. Офсетті  
басылым. Бағасы келісімді.  
Таралымы – 1500.  
Индексі – 75748.  
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,  
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық  
мақала авторлары орысша,  
ағылшынша түйін және магис-  
транттар тарихшы доктор-  
лардан жазбаша пікір ұсынуға  
міндетті. Мақаланың ғылы-  
ми нақтылығына, тілінің жа-  
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1  
жылға толық жазылған тү-  
біртегінің көшірмесін салуы  
қажет. Авторлардың бай-  
лам-тұжырымдары редакция  
көзқарасымен сәйкеспеуі де  
мүмкін. Көшіріп басылса не  
пайдаланылса, сілтеме жаса-  
луы тиіс.

## МАЗМҰНЫ

### Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Әбділдабек Салықбай. Ұлттық құндылықтың қатары толықты .....2	
Нұрсан Әлімбай. Көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүргізу (билік билігі) үрдісі: негізгі ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны .....	3
Маржан Дәуітбекова. Қазақ батырлары .....	18
Ақбота Бексейітова. Еуразиялық дала өркениеті .....	22
Эльмира Телеуова. Қазақ қоғамындағы «айып» институты .....	25
Гүлназ Раздықова. Дала өлкесі қазақтарының діни синкретизмі .....	29
Зиябек Кабульдинов. Попытки смещения царизмом Абылайхана и Султанмамета .....	32
Күлшат Сымағұлова, Раушан Маткерімова. Қытай мәдениетіндегі ислам терминологиясы .....	35
Роман Аймағамбетұлы, Баубек Елеусов. Әлихан Бөкейхановтың әлеуметтік-саяси көзқарасы .....	40
Жансая Өсіпова. Мәмбетәлі Сердалин .....	42
Динара Хамидуллина, Ырысгүл Қатарова. Шахзада Шонанова – саяси қуғын-сүргін құрбаны .....	43
Айжан Тұяқова. Қарағанды өңірінің ауыл шаруашылығының дамуы .....	47
Марал Калиева. Социальные основы развития межэтнических отношений в казахстанском обществе .....	53

### Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Шынар Кәріпбаева. Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары .....	56
Райса Абдрахманова. Реформирование системы образования Казахстана в советский период .....	57
Болат Кудабаяев. Зарубежный опыт общеобразовательных школ .....	59
Әлия Байсақалова. Ұзақ мерзімді жоспар .....	62



## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ


*Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-5 том. Мемлекеттік Орталық музей. Алматы, 2017. Ғылыми басылым. Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы. Барлығы 4208 бет. Нұрсан ӘЛІМБАЙ (ғылыми редакторы және жетекшісі).*

2011-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің ғалымдары барлығы 3784 беттен тұратын «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық ғылыми энциклопедияны жарыққа шығарған еді. Оның негізгі авторларының бірі Нұрсан Әлімбайдың идеясымен, жетекшілігімен және ғылыми редакторлығымен жүзеге асқан бұл басылым аз уақыттың ішінде ғалымдардың, әр түрлі оқу орындары қызметкерлерінің және қалың көпшіліктің тарапынан жоғары бағаға ие болды.

2017 жылы аталмыш энциклопедия недәуір өңделіп, толықтырылып екінші рет басылып шықты. Осы ретте ерекше ескерер жайт – екі басылымның да қалыбы (формат) еш өзгермеген (84x108  $\frac{1}{16}$ ). Бірақ жаңа басылымның жалпы көлемі бұрынғы бірінші басылымға қарағанда 424 бетке ұлғайыпты. Өйткені соңғысына 147 жаңа мақала енгізілген екен. **Сонымен бірге мынадай өзгерістер жасалыпты:** а) бірінші басылымдағы 688 мақала қайта жазылған; ә) 527 мақала қайта өңделген; б) 682 мақала қайта өңделіп, біраз мәліметтермен толықтырылған. Демек, энциклопедияның екінші басылымына айтарлықтай өзгеріс-толықтырулар енгізілген. Сондай-ақ бұл жай сандық көрсеткіштер ғана емес, олар екінші басылымдағы жаңа және бұрынғы мақалалардың деректік негізі мен теориялық деңгейінің сапалық өзгерісін де білдіреді.

Барлығы 5846 мақаладан тұратын энциклопедияда 10 000-нан астам сан алуан терминдер қамтылыпты. Бірақ, бұл терминдердің барлығы тек ежелгі көшпелілер арасында ғана сан ғасырлар бойы қалыптасып, қолданыста болған таза қазақы категориялар, ұғымдар мен атаулар екендігін ерекше екішеп айту қажет (әрі қарай – ұғым, атау немесе термин). Яғни, энциклопедияда қазақ халқының шаруашылық-экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени, саяси-институционалдық сияқты сан ғасырлық тәжірибесін білдіретін тарихи-этнографиялық терминдердің мән-мағынасы зерттеліп отыр. Бұл мән-мағынаны белгілі шарттылықпен аталмыш терминдердің мәдени семантикасы десе де болады. Осыған байланысты энциклопедияда ғылыми терминдер қарастырылмайды. Бұл басылымның осы құралыптас шетелдік этнографиялық энциклопедиялардан ең басты айырмашылығы һәм ерекшелігі де осында (расында да, мұндай шетелдік энциклопедиялық еңбектерде этнографиялық қана емес, ғылыми ұғымдар да мол қамтылатындығын қаперге саламыз). Бұл айырмашылық пен ерекшелік авторлар сәтiмен жүзеге асырған энциклопедиялық зерттеудің ұстанымын білдіреді. Енді осы методологиялық зердені этнографиялық тұрғыдан қарастырсақ, Нұрсан Әлімбай айтқандай, расында да, дәстүрлі ұғымдар жүйесі этностың шаруашылық-экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік, институционалдық сынды қоғамдық салалардағы сан ғасырлық тәжірибесін бейнелейді. Демек, бұл ұғымдар жүйесін аталмыш тәжірибенің менталдық «қоймасы» деуге әбден болады. Осы ретте энциклопедиядағы әрбір ұғымның концепт ретінде қарастырылғанын ерекше атау керек.

**Қысқасы, қазақ ғалымдары жарыққа шығарған бұл ғылыми энциклопедияның танымдық және ғылыми маңызы зор екендігі даусыз.** Қазақ этнографтары, тарихшылары, тіл мамандары бірлесіп шығарған бұл энциклопедия түркі тілдес



халықтар әлеміндегі алғашқы батыл қадам деп санаймыз. Білікті ғалымдардың айтуынша, дәл осындай ауқымда және деңгейде ғылыми-этнографиялық энциклопедия әзірге ешбір елде жарық көрмепті. Осы тәрізді түркілік аймақтар бойынша этнографиялық мазмұндағы салалық энциклопедияларды өзге де түркі елдері қолға алып, жарыққа шығып жатса, әрине, құба-құп дер едік. Мұндай іргелі ғылыми еңбектер түркі халықтарының мәдени-этникалық түп-тамырын, одан тарайтын ортақ этномәдени құбылыстар мен материалдық игіліктерді, сондай-ақ әрбір түркі тектес халықтың дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, экологиялық мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік берері хақ.

«Қазақ тарихы» журналының бұрынғы нөмірлерінде Нұрсан Әлімбайдың аталған энциклопедияға енген біраз мақалаларының журналдық нұсқасы жарияланған болатын. Төменде осы автордың аталған энциклопедияға енген тағы бір көрнекті мақаласы назарларыңызға ұсынылып отыр. «Теңіздің демі – тамшыдан» дегендей, аталған жарияланымнан-ақ қалың оқырман қауым бірегей басылымның жоғарғы методологиялық сапасын һәм өлшеусіз танымдық тағылымын парықтай алар деп сенеміз.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ.

# КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК ЖҮРГІЗУ (БИДІҢ БИЛІГІ) ҮРДІСІ: НЕГІЗГІ ҰЙЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ (ИНСТИТУТТАРЫ), ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСУ ЖОСЫНЫ

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,  
этнолог

**Мәселенің жосығы.** 2015 жылы Орталық музейде ұйымдастырылған «VII Оразбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумда осы жолдардың авторы жасаған арнайы баяндамада советтік кезеңдегі де, Тәуелсіздік жылдарындағы да қазақтың әдет-ғұрып құқығына арналған әр түрлі зерттеулерде процессуалдық механизмді бейнелейтін билер сотының да, оның мағыналық жағынан да, институционалдық тұрғыдан да синоним-эквиваленті болып табылатын халық соты ұғымының да сырттан таңылған категориялар ретінде орныққаны еш уақытта айтылмағандығы сөз болған еді. Шынтуайтында, аталмыш ұғымдар XIX ғасырда Ресей империясының отаршылдық уытты уысына мықтап түскен қазақ социумындағы құқықтық жүйеге сырттан зорлықпен таңылған экзотерминдер ғана. Сан алуан деректер корпусы, соның ішінде, әсіресе, Л.Ф.Баллюзек, Н.И.Гродеков, Д.Я.Самоковасов, Л.А.Словохотов сынды көрнекті орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі тиісті мәліметтер көшпелі ортадағы құқықтық нормалар мен принциптерді жүзеге асыратын процессуалдық механизмнің ежелден орныққан төлтума атауының билік жүргізу немесе бидің билігі екендігін дәйекті дәлелдейді. Сонымен бірге көшпелі ортада осы жұп синоним-терминдердің орнына кейде билік айту, би кесімі, үкім-кесім, би шешімі деген ұғымдар да қолданыста болды\*. Бірақ, сан алуан мәліметтер осы терминдерге қарағанда, жоғарыда аталған екі ұғымның – билік жүргізу және оның синонимі болып табылатын бидің билігінің қолданыс аясы әлдеқайда кең және басым болғандығын айғақтайды. Ал қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетінің орыстың отаршылдық саясатының әсерімен айрықша құрылымдық немә функционалдық өзгерісінің когнитивтік проекциясы іспеттес билер соты мен халық соты терминдерін тиістісінше орыс тіліндегі «суд биев» пен «народный суд» ұғымдарының қазақыланған нұсқалары ретінде ғана қарастырған жөн.

Ұсынылып отырған мақалада қазақтың әдет-ғұрыптық (немесе әдеттік) құқығының бірден бір ұйымдық-процессуалдық компоненті – билік жүргізу (бидің билігі) үрдісі қарастырылады. Жоғарыда айтылғандай, барлық зерттеулерде билер соты, кейін XIX ғ.-дың 80-ші жылдарының екінші жартысынан бастап халық соты деп аталған бұл институтты дәстүрлі қазақы ортадағы, ең алдымен, субъектаралық қатынастар жүйесінде ежелден орныққан дағдылы әлеуметтік нормалар мен принциптердің (ұстанымдардың) құқықтық функциясын «іске қосу» механизмі десе де болады. Аталмыш проблеманы зерделеудің алдында билік жүргізу үрдісін құрылымдық және функционалдық жағынан айғақтайтын немә айқындайтын төмендегідей төлтума терминдерге қысқаша тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын.

\* Аталмыш терминдерді қайталай бермес үшін бұдан әрі билік жүргізу ұғымы ғана қолданылады.

**Билік жүргізу (бидің билігі) үрдісіне байланысты төлтума ұғымдардың тарихи және семантикалық жіктелімі.** Осыған орай төменде тиісті когнитивтік бірліктерді олардың әрқайсысының генезисі, қолданысының тарихи контекстісі, аясы тұрғысынан эндокогнитивтік (ежелден орныққан өзіндік төлтума) және экзокогнитивтік (сырттан таңылған, сыртқы саяси факторлардың тегеуірінді әсерімен қалыптасқан, мысалы, жоғарыда айтылған билер соты мен халық соты терминдері сияқты) категорияларға жіктеу қажет: осы ретте билік жүргізу немесе бидің билігі ұғымдар сияқты билер кеңесі, жүгініс, билік, билік айту, төрелік айту, төрелік жүргізу, би кесімі, іс кесу және қақы / құқы категориялары да эндокогнитивтік, яғни көшпелі ортада ежелден қолданыста болған төлтума ұғымдар болып табылады. Бұл тұста қақы / құқы терминдерінен басқа ұғымдар әдет-ғұрыптық құқық саласындағы процессуалдық үрдісті бейнелейді. Семантикалық өрісі жағынан бұл ұғымдар жеке синонимдік желісті құрайды. Ал, осы желіске кірмейтін қақы / құқы категория-синонимдердің семантикалық ауқымы мейлінше кең: ол тек құқықтық қатынас субъектілерінің құқығын ерік-жігерін, мүддесін білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге, кез келген кісілік қатынастағы адамдардың бір-біріне деген этикалық мәнді қарызын, парызын, міндетін бейнелейді.

**Мәселенің қысқаша теориялық проекциясы.** Осы ретте, қақы / құқы көшпелі қауым мүшелерінің мінез-құлқы, қылығы, іс-әрекеттерінің нормалары мен принциптері ретінде моральдық-этикалық мәнді парыз немә қарыз, сондай-ақ, обал, арам, адал, сауап, ұят сияқты соционормативтік те функция да атқаратын этикалық категориялармен өзара сеп-салдарлық байланыста болатындығын ерекше екішеп айту керек. Бұл категория-синонимдердің мән-мағынасы мен функциясы субъектаралық байланыстар саласында көрінеді. Сонымен бірге, бұл себеп-салдарлық байланыс жүйесі аталмыш категориялардың әрқайсысының, соның ішінде, қақы / құқының функциясының механизмі іспеттес.

Сәл таратып айтсақ, аталмыш төлтума ұғымдардың өзара мән-мағыналық байланысы олардың әрқайсысының қолданыс мәні мен қолданыс аясын пысықтайтын әрі дәйектейтін семантикалық функция атқарады. Демек, аталмыш мән-мағыналы байланыс осы ұғымдардың «эпистемологиялық» функциясын анықтайтын семантикалық бірыңғай өрісін құрайды. Себебі, бұл ұғымдардың бәрінің қолданыс объектілері мен субъектілері ортақ (құқықтық қатынас, осы қатынастың субъектілері мен объектілері, оның нормалары мен принциптері немә процессуалдық тәртібі (механизмі) және т.с.с.).

Сондай-ақ, жоғарыда аталған категориялар мен ұғымдардың әрқайсысының толықмәнді семиотикалық мәртебесі (статусы) тек ол үшін табиғи-тарихи онтологиялық кеңістік болып табылатын тиісті когнитологиялық құрылымның аясында ғана



(экзокогнитивтік немесе эндокогнитивтік) көрінеді. Мысалы, *бидің билігінің* дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан құқықтық ұғым ретіндегі бар мән-мағынасы, қолданыс ерекшелігі, онтологиялық функциясы тек эндокогнитивтік құрылымда, яғни төлтума категория-ұғымдармен өзара себеп-салдарлық байланыс аясында ғана ашылмақ. Мысал ретінде, жоғарыда аталған *бидің билігі* мен *билер кеңесі* (және *жүгініс*) ұғымдарының арасындағы өзара себеп-салдарлық байланысты айтуға болады. Егер *билік жүргізу* дәстүрлі қазақы ортада «шектен шықты» деп есептелінген адам жазасының мөлшерін айғақтау және айқындау, тағайындау, әрі орындалу тәртібін, сондай-ақ осы процессуалдық үдерістің басты ұйымдастырушы субъектісі (субъектілері) – бидің (билердің) құқықтық-процессуалдық функциясын ашатын ұғым болса, *билер кеңесі* осы үдерістің, яғни *бидің билігінің* ұйымдық формасы немесе ұйымдық болмыс-бітімі екендігін білдіретін категория болып табылады. Демек, бұл екі ұғымның арасындағы өзара байланыс олардың әрқайсысының институционалдық (құқықтық) болмыс-бітімін һәм функциясын дәйектейтін, әрі пысықтайтын байланыс болып табылады. Алайда, бұл байланысты тек функционалдық байланыс ретінде қарастырған жөн.

**Билік жүргізудің (бидің билігі) ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және билізге асу жосыны.** Өртүрлі тарихи, этнографиялық және фольклорлық деректер қазақ социумінде *билік жүргізудің жүгініс* және *билер кеңесі* деп аталатын негізгі екі ұйымдық түрлері болғандығын көрсетеді. Қазақ хандығы дәуірінде билік жүргізудің аталмыш түрлерінен басқа *хан билігі* деген ең жоғарғы ұйымдық формасы да болды. *Хан билігі* терминінің *хандық билік* деп аталатын синонимі де қолданыста болған сыңайлы. *Хан билігін* ісі қазақ арасында, жоғарыда айтылғандай, *төрелік айту* немесе *төрелік жүргізу* деп те атады. Сонымен бірге, ханның тиісті құқықтық істің шешімін шығаруға байланысты атқарған билігінің ел арасында тараған тағы бір атауы – *хан байлаған іс*. Бірақ, *хан байлаған іс* ұғымының өткен шақ әрі императивтік райда берілуіне байланысты оны *хан кесімі* немесе хан шешімі мағынасында ғана қабылдауға әсте болмайды. Яғни, бұл ұғымдар синонимдер емес. Өйткені, *хан байлаған іс хан билігі* ұғымы сияқты ханның құқықтық үкім-кесім шығару жосынының ұйымдастырылуын да, тиісті шешімнің қабылдану үрдісін де білдіреді. *Хан билігі* дәстүрлі қазақы ортада берекесіздік, іріткі туғызуы әбден кәдік *шектен шықты* немесе *шектен шыққан* деп есептелінетін әртүрлі қылмыстық істерді сараптап, тиісті үкім-кесім қабылдайтын құқықтық институт болды. Ал, *хан байлаған іс* осы институттың атқарылу ретін яғни үрдісін білдіреді. Оның функциясы әдетте бүкіл елдің *ырыс ұстағандары* мен *игі жақсыларының* аса көрнекті өкілдері – *билері, ақсақалдары, батырлары*, сондай-ақ, *сұлтандар* бас қосатын хан кеңесі арқылы жүзеге асырылып отырылды. Әлбетте, *хан билігі (хан байлаған іс те)* аталмыш құқықтық функциямен шектелген жоқ. Бұл ұғым хан құзырындағы жоғарыда аталған құқықтық саладан басқа ел-жұртты басқарудың ежелден орныққан жөн-жосығын да білдіреді. Бұл гәпті көшпелі қоғамдық құрылымның, соның ішінде, институционалдық жүйенің синкреттік табиғатымен түсіндірген жөн (классикалық мысал ретінде көшпелі ортада әлеуметтік қатынастың сан алуан дағдылы нормалары мен принциптерінің әлдебір себептерімен бұрмаланғандығына байланысты қа-

жетінше құқықтық функция атқара бергендігін, сондықтан да, осы қоғамның құқықтық жүйесінің өзіндік дербес нормативтік және процессуалдық кодификацияланған заңдар жүйесінің, осыған сәйкес, мамандандырылған жазалау және мәжбүрлеу институттары сияқты мемлекеттік ресми рәсімделген атрибуттарының болмағандығын айтуға болады). Тарихи юриспруденция мен нормативтік этнологияда (немесе құқық антропологиясы) дәстүрлі қоғамдағы, соның ішінде, көшпелі ортадағы құқықтың *әдеттік құқық (әдет-ғұрыптық құқық)* деп аталуы сондықтан.

*Хандық биліктің* орыс әкімшілігінің тегеуірінді отаршылдық идеологиясы мен іс-тәжірбиесінің тікелей әсерімен біржола келмеске кетуімен байланысты, жоғарыда атап айтылғандай, *билік жүргізу* көшпелі ортадағы сот ретінде функция атқарған бірден-бір институт болып қалды. Рас, хан билігінің көшпелілердің қоғамдық өміріндегі атқарған өзіндік рөлі мен маңызын ескергендіктен болар, Ресей империясының отаршылдық әкімшілігі 1806 ж. Кіші жүз қазақтары хандарына *билік жүргізу*, яғни, соттың құзырын берді. Ал 1824 ж. «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғысына» сәйкес қазақ өлкесінде хандық басқару жүйесінің мүлдем жойылуына байланысты дәл осындай билік жүргізу құзіреті енді жаңадан қалыптасқан институт – сұлтан-правительдерге ауысты. Алайда, қазақ жұртын сес қатырмай отарлаудың саяси экспериментін жүргізетін объектіге айналдырып жіберген Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз болып шықты. Өйткені, патша әкімшілігі Қазақ хандығы дәуіріндегі *хан билігі* мен *билік жүргізу* құқықтық институттарының арасында сан ғасырдан бері орныққан иерархиялық үйлесімділікті елемеді. Сонымен бірге, отаршылдық жағдайда орыс әкімшілігі тарапынан ғана тағайындалған хандардың, кейінірек сұлтан-правительдердің қолдан жасалған соттық құзіреті дәстүрлі қазақы ортада ежелден жалғасып келе жатқан *билік жүргізу* институтының алдында мүлдем қауқарсыз екендігін парықтай алмады. «*Мұнан егер де хан мен би екі бөлініп таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашан да би жағына ауып отыратындығы көрінеді*», – деген өзінің мағыналы пікірін Қ.И. Сәтпаев осы жайтқа байланысты айтса керек. Ал көшпелілердің институционалдық қатынасы жүйесінде *жүгініс* пен *билер кеңесінің* XIX ғ.-дың 60-шы, кейбір өңірлерде 70 жылдарға дейін сақталып келгендігін сол кезеңдегі осы жайттың тарихи контекстімен – қазақ социумының әлі де болса қауқарлы күйде болғандығымен негіздеуге болады. Сонымен бірге, қазақ социумының тыныс-тіршілігінің осындай күйін қамтамасыз етіп отырған дәстүрлі институттардың бірегейлері, әрине, билік жүргізудің аталмыш түрлері – *жүгініс* пен *билер кеңесі* еді. Өйткені, *жүгініс* те, *билер кеңесі* де көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің үйлесімді қызметінің ең әлеуетті институционалдық факторлары болды.

Деректер *жүгіністің* құқықтық құзырының руқауым (жетіата) ішінде де, руаралық деңгейде де жүргендігін, ал *билер кеңесінің* руаралық және жүзаралық (яғни, бүкіл этностық) институционалдық қатынас жүйесінің ең негізгі құқықтық институты ретінде функция атқарғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, *билер кеңесінің* руқауым ауқымында да тиісті *билік жүргізгендігі* жөнінде мәлімет кездеседі. Демек, *жүгініс* руқауымдағы қатынас жүйесінде де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын атқарған қос деңгейлі құрылым болды. *Билер кеңесі* руқауымнан бастап бүкіл ел-жұрт деңгейінде құқықтық функция

атқарды. Расында да, сан алуан деректер, сондай-ақ, *билік жүргізудің* қазақ социумының құрылымдық және функционалдық табиғатынан туындайтын қисыны (логикасы) *билер кеңесінің*: а) ру-қауым; ә) руаралық; б) жүзаралық сынды үш деңгейлік институт болғандығын көрсетеді (осы ретте тайпа терминінің дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болмағандығын қаперге саламыз. Осыған орай, А.И.Левшин, жоғарыда аталған Н.И.Гродеков, Д.Я.Самоковасов, Л.Ф.Баллюзек сынды дәстүрлі қазақы ортамен тығыз қарым-қатынаста болған орыс ғалымдары мен басқа да сан зерттеушілердің еңбектерінде аталмыш тайпа терминінің мүлдем кездеспейтіндігін айтуға болады. Ал, батыс қазақтарының құлпытас сияқты ескерткіштеріндегі жазуларда кездесетін тайпа («тайфа») деген атаумен берілген) термині ру бірлестігіне кіретін таксономиялық бірліктің атауы ретінде қолданылғандығы ерекше ден қойдырады). Сан алуан мәліметтер, тіпті, жүздердің арасындағы күрделі деген даулы мәселенің өзін осы жүздердің тиісті руларының өзара келісімі бойынша ұйымдастырылған *билер кеңесі* ғана ісі қазақ мойынсұнған дағдылы нормалар мен принциптерге сәйкес, яғни, «*ата-баба жолымен*» шешіп отырғандығын айғақтайды. Осы ретте, ерекше ден қойдырар жайт – тараптар тек өз руларының мүддесі тұрғысынан ғана құқықтық қатынасқа түсіп отырды. Тіпті, жүзаралық деңгейде шақырылған *билер кеңесінде* де қарастырылғаны белгілі бір рудың немесе рулардың мүдделеріне кереғар, яғни, руаралық дау-дамай болды. Бірақ, осы ретте «*көп тоқтаған аталы сөзді*» – тиісті үкім-кесімді үш жүздің *төбе билері* шығарып отырды. Ал осы үш бидің ішінде *төбе басы* деп аталатын құқықтық мәртебе, әдетте, шежірелік жосынмен негізделген *аға жолы* немесе *аға баласы* принципі бойынша Ұлы жүздің *төбе биіне* тиесілі болды. Бірақ, бұл қисыннан аталмыш жүзаралық деңгейдегі билер кеңесін басқарып отыру жосыны генеалогиялық категория аға-іні деп келетін шежірелік желіске ғана негізделді деген жаңсақ пікір тумаса керек. Мұндай деңгейдегі билер кеңесінің дйттеген мақсат-мүддесі әлгі руаралық дау-дамайдың тиімді құқықтық шешімін табу арқылы ел-жұрттың бірлігін қамтамасыз ету еді. Қарастырылып отырған руаралық даулы істің неғұрлым тиімді үкім-кесімін шығару мақсатында үш жүздің *төбе билері* өзара келісіп арасынан әлгі істің мән-жайына мейлінше қанық биді *төбе басы* сайлап отырғандықтары сондықтан.

Сонымен, билік жүргізудің *жүгініс* пен *билер кеңесі* институттарының арасындағы құрылымдық және функционалдық айырмашылықтары төмендегідей. Ең алдымен осы екі институттың әрқайсысының құзыретіндегі даулы істердің ауқымы мен күрделілігі әртүрлі болды:

-*билер кеңесі* қызметінің объектісі кісі өлтіру, ел тонау, қарақшылық, ұрлық-қарлық, *жесір дауы*, *жер дауы*, көші-қон тонау сияқты қазақы орта *шектен шықты*, *шектен шыққан* деп бағалаған күрделі қылмыстық істерден тұрды. Ал *жүгіністің* функциясы жазаның айып деп аталатын түрлеріне кесілетін даулы істерді реттеумен шектелді;

-*жүгініс* пен *билер кеңесінің* арасында руаралық дау-дамайды қамту жағынан да үлкен айырмашылықтар болды: *билік жүргізудің* бірінші түрі тек бір жүздің ішіндегі ғана руаралық мәселелер деп қарастырған болса, екіншісі:

-*билер кеңесі* бір жүздің деңгейіндегі де, жүзаралық қатынастағы да руаралық даулы істерді реттеп отырды. Мұндай функционалдық айырмашылықты

*жүгініс* пен *билер кеңесінің* әрқайсысы қарастыратын даулы істердің жоғарыда айтылған ауқымдылығы һәм күрделілігімен түсіндіруге болады;

-*жүгіністің* құрамындағы билердің саны *билер кеңесіне* қарағанда біршама шектеулі болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың *билік жүргізу* дәстүрін зерттеген ғалымдар мен орыстың отарлық әкімшілігі шенеуніктердің еңбектерінде *жүгініс* пен *билер кеңесінің* құрамына кірген билердің санына байланысты әртүрлі пікірлер айтылады. Ш.Ш.Уәлихановтың қазақ өлкесінде патшалық режим тарапынан жүргізілген сот реформасының отаршылдық идеологиясы мен нәтижесін терең сипаттаған Ресей әкімшілігіне жолдаған әйгілі жазбасында дәстүрлі қазақы ортада *билік жүргізуге* қатысатын билердің санына шектеу болмағандығын ерекше атап көрсетті. Дәл осындай пікір Д.Андре атты орыс әкімшілігінің қазақ өлкесіндегі ерекше тапсырмалар жөніндегі өкілінің көшпелілердің *әдеттік құқыққа* байланысты жинаған материалында да бар. Ал XIX ғ.-дың 30-шы жылдарына дейінгі кезеңде жазылған Д.Я.Самоковасов пен С.Б.Броневскийдің еңбектеріндегі мәлімет бойынша, *билік жүргізудің* құрамындағы билердің саны даугердің қалауымен, жауапкердің келісімімен таңдалған *бас биді* есептемегенде 6-ға дейін жетті. Сонымен бірге, С.Б.Броневский билердің аталмыш саны қылмыстық істердің аса күрделілігіне байланысты, мысалы, қазақ бекадаларының біреуі әлдебір себептермен кісі қолынан қаза тапқан жағдайда, билік жүргізудің құрамындағы билер санының көбейтілетіндігін атап өтті. Бірақ, осы автор да, жоғарыда аталған басқа зерттеушілердің бірде-біреуі де *билік жүргізудің* түрін нақты дәйектемеді. Сондықтан, олардың еңбектерінен *жүгініс* немесе *билер кеңесінің* құрамы жөнінен толықмәнді түсінік алу мүмкін емес. Ресейдің көрнекті зерттеушілерінің бірі Л.А.Словохотовтың Кіші жүз қазақтарының әдеттік құқығына байланысты жинаған мәліметіне қарағанда, орыс отаршылдығының қазақы ортаға әсері соншалықты дендей қоймаған кезеңде *жүгіністің* құрамында 6-7-ге дейін би болса, *билер кеңесінің* құрамында 8-24 биге дейін болған екен. Дәл осындай мәліметті Орта жүз қазақтарының құқықтық жүйесін зерттеген Н.И.Красовскийдің еңбегінде де кездеседі.

Алайда, *билер кеңесінің* де, *жүгіністің* де ұйымдастырылуының ежелден орныққан жөн-жосықтары бірдей болды. Айырмашылықтары – *билер кеңесі* құрамы жағынан ғана емес, ел-жұрттың тартылуы тұрғысынан да ауқымды ұйымдастырылды. *Билік жүргізудің* осы екі түрінің де ұйымдастырылуы ең алдымен даугердің негізгі биді таңдауына, онымен қарсы жақтың – *жауапкердің* келісіміне негізделді. Осындай жолмен таңдалған *би* тағы да *даугер* мен *жауапкердің* өзара келісімімен осы тараптардың әр жағынан беделді деген билерді *билік жүргізуге* шақыратын. Сөйтіп, *билік жүргізудің* қажетті құрамы тегіс жиналған соң әлгі *билер* өзара кеңесіп, арасынан *төбе би* мен *ара билерді* сайлап алатын. *Төбе би* болып әдетте алғашқы таңдалған *би*, қалғандары *ара би* болып сайланды. Бұл ретте ескерер бір гәп – *даугер* мен *жауапкердің билерге* толық сенуі *билік жүргізудің* тиімділігінің басты шарттарының бірі болды. Осыған байланысты қазақтың әдет құқығын зерттеуге елеулі үлес қосқан Ақмола уезінің статистика комитетінің қызметкері И.А.Козловтың төмендегі мәліметі ерекше ден қойдырады: «*Орынбор қазақтарында таңдалған бидің алдына даугер мен жауапкердің қамшыларын тастайтын ежелден жасап келе жатқан көне*

әдеті кездеседі. Бұл әдет, – автордың қисынды пікірінше, – *әлгі тараптардың билерге кәміп сенетінін, өздерін билердің құзырына тапсырғанын әрі олардың қандай да болсын үкім-кесіміне толық мойынсұнатынын білдіреді*». Осы мазмұндас материал Кіші жүз қазақтарының әдеттік құқығының өткендегісі мен оның орыс отаршылдығының дендеп орныққан кезеңіндегі күйін сол уақыттағы Ресейдің ресми тарихнамасының идеологиясы тұрғысынан тәптіштеп зерттеген Л.А.Словохотовтың еңбегінде де берілген. Шынтуайтында, *билік жүргізетін* билердің алдына *қамшы тастау* әдеті қазақ өлкесінің барлық аймақтарына тән үрдіс еді. Бұл әдет әлгі дау қуушылардың билерге қана емес, *билік жүргізу* үрдісін жіті бақылап отырған дүйім жұртқа да берілген идеологиялық әсері үлкен серт іспеттес болды. Дәстүрлі қазақы ортада *би* атану айырықша адалдық пен шешендікті, ұйымдастырушылық қабілетті бек біліктілікті қажет еткен аса тауқыметті үрдіс болды. Өйткені, болашақ *би* мейлінше объективті әрі қауқарлы сұрыптау механизмі болып табылатын халық таңдауынан сүрінбей өтуі тиіс еді. Сонда ғана үлкен *тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ және сөз ұстаған, яғни, от ауызды, орақ тілді* шешен, сондай-ақ, *ел ерткен ер* немесе *ел ұстасы* сынды паремологиялық формулалармен берілген ел-жұрттың ежелден жасап келе жатқан талғам-талабына әбден сай *би* деген мәртебеге ие бола алды. Осы айтылған қадір-қасиеттермен бірге болашақ бидің халықтың ежелден орныққан сан алуан салтын, ғұрпын, жосын-жоралғыларын, әлбетте, жөн-жосығын (тарихын) білуі ерекше бағаланатын. *Би* әкеден балаға ауысып отыратын лауазым да, атақ та емес, ең алдымен, тума дарын мен жүре дарыған жоғарыда аталған қасиеттердің бидің сөзінде де, іс-әрекетінде де үйлесім тапқандығын білдіретін категория болып табылады. Сондықтан да, *би* – көшпелілердің қайнаған ортасында шыңдалып, халық таңдауымен суырылып шыққан бірегей әлеуметтік тұлға. Дәстүрлі қазақы ортада ата-бабаларынан бастап би болып келген әулеттер де аз болған жоқ. Ондай әулетті аталмыш ортада *шынжырқатары* үзілмеген әулет деп атады.

Билік жүргізу үшін *даугердің* қалауымен, *жауапкердің* ұқтиярымен есептескен билер әлгі дауласушы тараптардың бірінің руластары қоныс тепкен аймақтан арнайы ауыл белгіленіп отырды. Мұндайда әдетте бай ауыл таңдалатын. *Билік жүргізу* сол ауылдың маңайындағы ең көрікті деген төбеде өтетін. Сан алуан этнографиялық деректер *жүгіністің*, әсіресе, *билер кеңесінің* салтанатты көрініс болғандығын көрсетеді. Көңіл аударарлық жайт – *билік жүргізуде* қарастырылатын даулы мәселе неғұрлым күрделі әрі ауқымды болса, осы үрдістің салтанаты да соғұрлым келісті болды. Төбенің бетіне бір-біріне жалғастырыла төселген кілемдерге, текеметтерге, сырмақтарға жаңа туған жарты ай тәрізді малдас құрып тізіліп отырған билер, олардың малынып киінген қымбат киімдері, билердің алдында жүгініп отырған даугер мен *жауапкер* және *билік жүргізу* үрдісін айырықша ыждаһаттылықпен баққан жұртшылық, ауыл ішінде билер мен басқа қонақтарға ас әзірлеу қамымен қарбаласқан әйелдер мен ер адамдар..., расында да, бұл көрініс кімнің де болса, әсіресе, бөтен жұрттан келіп қалған адамдардың ынтызарын туғызар далалықтарға ғана тән сұлу сцена еді. Эстетикасы ерекше бұл сцена, сонымен бірге, көшпелі қазақтың ежелден жасап келе жатқан мәдениетінің «уақытын аялдатқан» кеңістігінің бар

болмысы мен бітімінің жарқын көрінісі десе де болғандай. Мұндай салтанат *билік жүргізуге* ерекше қажетті психологиялық ахуал туғызып отырды. Яғни, қарастырылатын даулы мәселенің «ата-баба жолының» ілкімді қағидаларына сай оңтайлы құқықтық шешім шығарудың мейлінше әсерлі психологиялық факторы болды. Расында да, *билік жүргізудің* осындай салтанатты ұйымдастырылуының түпкі мән-мақсаты екі рудің арасындағы даулы істің тікелей субъектілерін әлгі істі насырға шаптырмай, шежірелік *жөн-жосықпен* негізделген ағайыншылық принципімен бітістіру, тіпті болмаса, салауат жолымен ымыраға келтіру еді. Өртүрлі деректер сән-салтанаты келіскен *билік жүргізудің* ақыры тараптардың билердің үкім-кесіміне ризашылық білдіріп, бітімге келулерімен аяқталып отырғандығын айғақтайды. Қарсы тараптар өртүрлі себептермен бітімге келе алмаған жағдайларда да *билік жүргізудің* осындай салтанатты ұйымдастырылуы олардың бір-біріне қараулық жасап, озбырлыққа баруына психологиялық тұрғыдан мүмкіндік те, мұрша да бермеді.

Әлбетте, дауласушыларды, ең алдымен, екі руды ымыраластырудың бірден-бір жолы, *билік жүргізудің* әділетті шешімі болғаны сөзсіз. Бұл үшін әлгі үкім-кесімнің әділдігін *жәбірленуші* мен *жәбірлеуші* ғана емес, осы үрдісті «сырт көз» болып жіті бақылап отыратын *рубасылар, ақсақалдар, батырлар* сынды ел-жұрттың игі жақсыларының да даусыз мойындаулары қажет еді. Себебі, билердің тиісті үкім-кесіміне игі жақсылардың мойынсұнуы, түптеп келгенде, дауға түскен субъектілердің, ең алдымен, әрине, жәбір көрсетушінің руластарының мойынсұнуы болып табылады. Бұдан аталмыш игі жақсылардың *билер кеңесінің* ісіне араласты деген жаңсақ ұғым тумаса керек. Оған билік жүргізудің ежелден орныққан этикасы да, «процессуалдық-нормативтік» жөн-жосығы да жібермеді. Бірақ, *билік жүргізу* үрдісінің өзіндік қисыны тұрғысынан көшпелі ортада «сырт көз» деп есептелінген әлгі игі жақсылардың осы үрдістің барысын жіті қадағалап отыруының өзі билердің тиісті үкім-кесімінің «ата-баба жолынан» ауытқымауының тегеуірінді әлеуметтік кепілі әрі факторы болды. Басты гәп, игі жақсылардың қазақ социуміндегі айырықша беделінде болып отыр. Игі жақсылардың билік жүргізудің барысын қалтқысыз бақылап отыруын дауласушылар мен оның руластарының әлгі үкім-кесімінің әділдігінің еш күмәнсіз айғағы ретінде қабылдағандықтары сондықтан. Реті келген соң айта кету керек, *билік жүргізудің* салтанатты ұйымдастырылуына игі жақсылар айырықша ықпал жасады. Деректер олардың *билік жүргізудің* дәстүр қосқан сән-салтанатын келістіріп ұйымдастыруына өздерінің мал-мүлкімен де үлкен үлес қосып отырғандығын айғақтайды. Демек, *билік жүргізу* үрдісінің ұйымдастырылуына игі жақсылардың белсенді араласуы осы үрдістің әлеуметтік тиімділігінің маңызды факторларының бірі әрі көрсеткіші болды. Оларды да *билік жүргізу* үрдісінің белсенді субъектілерінің бірі ретінде қарастырудың қажеттілігі осында.

Сан алуан тарихи, этнографиялық, фольклорлық деректер, әсіресе, *билер кеңесінің* дені руаралық, жұзаралық және жалпыэтникалық деңгейде ұйымдастырылған көшпелі ортаның ең ұлы дәстүрі – *ас беру* барысында өтіп отырғандығын көрсетеді. Шынтуайтында, көшпелі ортада ешбір *ас беру* жосыны *билік жүргізусіз* (*билер кеңесі*) өткен де емес. Сондықтан да, *билік жүргізуді* *ас беру* үрдісінің ең маңызды институционалдық компоненті ретінде



бағамдаған жөн. Осы қисынның өзі-ақ қазақ социумының «қолданбалы» моделі іспеттес *ас беру* жосынының көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың барлық салалары мен деңгейлерінің үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырған қоғамдық қауқарын айғақтаса керек.

Сонымен, *билік жүргізудің*, әсіресе, қоғамдағы аса күрделі руаралық даулы істерді қарастыратын *билер кеңесінің* салтанатты күйде ұйымдастырылуын көшпелі ортада руаралық (яғни, қауымаралық) қатынастың үйлесімділігіне айырықша мән берілгендігімен түсіндіруге болады. Өйткені, «*ата-баба жолының*» ең іргелі принциптерінің бірі болып табылатын мұндай үйлесімділік қазақ социумының ежелгі тіршілік ырғағын қамтамасыз етіп отыратын ерекше қауқарлы институционалдық механизм еді. Расында да, дәстүрлі қазақы ортада материалдық және рухани игілік атаулыны өндіретін бірден-бір корпоративтік субъектілер – жетіаталық экзогамиялық ру-қауымдардың әрқайсысының дағдылы тіршілігінің ең басты тірегі әрі факторы, түптеп келгенде, осы руаралық қатынас жүйесі болды. Яғни, осы руаралық қатынас жүйесінің үйлесімді функциясы әрбір ру-қауымның үйлесімді тыныс-тіршілігінің себепкері де, салдары да болып табылады. *Жүгіністе* де, *билер кеңесінде* де көшпелі ортадағы ең шиеленісті деңгейдегі даулы мәселенің өзін «*қарға тамырлы қазақ*» деген шежірелік жосынмен негізделген принцип бойынша тек билер ғана емес, *билік жүргізуге* екі тараптан жиналған жұрт та мүдделі болғандығы сондықтан. *Билік жүргізу* жосынында қолданылған *береке-бітім, жар болу, қарындас болу*, екі рудың арасындағы ушыққан істі де бітістіруге тиісті *салауат айту* немесе *салауатқа шақыру* және т.б. сынды этикалық мәнді тәсілдер, шынтуайтында, аталмыш даулы істерді шешудің құқықтық механизмінің шынайы әдет-ғұрыптық табиғатын да, ерекшелігін де көрсетеді.

**Кінәлі және күнәһар деп есептелген жандардың жазасын анықтаудың һәм оларға жаза кесудің реті мен түрлерінің қысқаша сипаттамасы.** Осы ретте ерекше назар аударарлық жайт – даушыларды береке-бітімге шақыру және пәтуаға келтіру, осы арқылы олардың руластарын ымыраластыру үрдісі *жүгіністің* немесе *билер кеңесінің* алдында бұрынырақ жүргізіліп отырды. Ол үшін дауласушы тараптарға бейтарап үшінші рудың ең беделді деген ақсақалдары, билері, батырлары *ара ағайындыққа*, даулы іс өршіген жағдайда, тіпті, *сый ағайындыққа* жүрді. Ежелден орныққан бұл жосын бойынша *ара ағайындық* пен *сый ағайындыққа* жүргендер әлгі тараптарды береке-бітімге келуге шақырды. Мұндайда *жауапкердің* арнайы дайындалған үйінде дауласушы тараптардың игі жақсыларының өздері алдын-ала сайлаған ең көрнекті өкілдеріне атап мал сойылып, дастархан жайылатын. Л.А.Словохотовтың материалына қарағанда, ас үстінде *ара ағайындыққа* немесе *сый ағайындыққа* жүргендер әлгі дауға түскендерді «*төреге барып, төбеге шықпайық*» десіп, даулы істің алдын-ала есептелінген шығынын жәбірленуші жаққа өтеуді *жауапкердің* беделді адамдарынан сұрайтын болған. Сонымен бірге, жәбірленуші тарапқа да «*алдыңа келсе атаңның құнын кеш*» деген қазақы орта ерекше дес көретін этикалық қағиданы қадап айтып, қарсы тарапқа кешірім жасауды өтінетін. Осындайда, дәстүрлі қазақы орта үшін ең қисынды әрі ұрымтал уәждердің бірі «*керегеміз ағаш, төгіміз Алаштан тараған қазақ баласымыз*» (кейбір

шежірелік нұсқаларда «*керегеміз ағаш, ұранымыз Алаш*») деген формула, яғни, шежірелік жосынмен негізделген туыстық қатынастың ең іргелі принципі алға тартылатын. Сөйтіп, тараптар ымыраға келуге (береке-бітімге, пәтуаласуға) шақырылатын.

Айтылған қисынның жалғасы ретінде айта кетер гәп – деректер аталмыш бітімгершілікке шақыру жосыны тіпті ауыр қылмыс жасалған жағдайларда да атқарылып отырғандығын айғақтайды. Алайда, бұл жосын орыс отаршылдығы дендеп орныққанға дейінгі кезеңде көші-қон тонау, әйел затын зорлау, ауылды тонау, бір рудың мал-мүлкін шауып, алып кету, айуандықпен қасақана кісі өлтіру сияқты көшпелі ортада кешірім жасалмайтын қылмыстардың субъектілеріне жүрмеді. Олар әдетте билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына бұйырылып отырылды. Тек, жоғарыда аталған «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғы» ережелерінің 1824 ж.-дан бастап жүзеге асырыла бастауына байланысты, әсіресе, XIX ғ.-дың 40-шы жылдарынан кейінгі кезеңде қазақ өлкесінде үдетіле жүргізілген саяси-әкімшілік, соның ішінде, сот реформаларының нәтижесінде аталмыш және басқа да ауыр қылмыстардың субъектілерін өлім жазасына кесу көп жағдайда құн төлеп өтеу жазасына алмастырылды.

Жоғарыда айтылғандай, дауласушы тараптарды бітімге шақырып отыру *билік жүргізудің* де ең басты құқықтық функцияларының бірі болды. Алайда, әлгі тараптарды береке-бітімге келтіру үшін билер даулы істің мән-жайын және себеп-салдарын өз қал-қадерінше әбден саралап-сараптап алатын. Бұл көшпелі ортада *билік жүргізудің* ертеден орныққан тәртібі еді. Егер, *билік жүргізудің* қарсаңында және осы үрдістің басында дауға түскен тараптарды ымыраға келтірудің барлық амалдары нәтиже бермесе, төбе би (төбе басы) жиналғандарға даулы істің мән-жайын түсіндіріп, *ара билермен* бірге әлгі істі сараптап, тиісті үкім-кесім шығару үрдісіне кірісетін.

Қазан төңкерісіне дейінгі өртүрлі этнографиялық мәліметтерге қарағанда, ең алдымен жәбірленушіге сөз беріліп отырды. Ол өзінің көрген зәбірін, зорлық-зомбылығын және жауапкер тарапынан келген шығынның мөлшерін егжей-тегжейлі баяндап, дәйек ретінде куәлерін алға тартатын. Одан кейін сөз алған жауапкер де өз дәлелдемелерін келтіріп, бірге келген куәлерінің көрген-білгендеріне жүгінетін. Жоғарыда аталған және басқа да деректер тараптардың әрқайсысының айтқандарын билер де, қоршаған жұртшылық та бөлмей мұқият тыңдағандарын ерекше атап өтеді. Соңынан екі дауласушы жақтың айтар уәжі аяқталғаннан кейін олардың әрқайсысы және куәлікке жүргендер алдымен билердің сұрағына алынатын. Әсіресе, жиналған жұртшылықтың жәбір көруші мен *жауапкерге*, әсіресе, олардың әрқайсысының куәлеріне беретін сұрақтары ерекше мол болатын. *Қарсы сұрақ* деп аталатын бұл сұрақтың мән-мақсаты жәбірленуші мен жауапкерді де, олардың куәлерін де мүмкіндігінше састырып, даулы істің ақиқатын айғақтау еді. Әлбетте, тараптарға сұрақ билердің ең алдымен төбе бидің (төбе басы) рұқсатымен ғана беріліп отырды. Сөзден жаңылып, келтірілген айғақтары дәлелді болмаған жәбірленуші жеңіліс тауып жататын. Көшпелі ортада көпшіліктің алдында сындалушы әрі қисынды да дәйекті айтылған сөздің ерекше бағаланғаны соншалықты, кейде жәбірленушінің және оның көз көрген деген куәлерінің көзілікті айғақтарының өзі (мысалы, ұрланған малдың ескіре қоймаған ізі немесе малдың терісінің күдікті адамның үйінен табылуы деген сияқты) есепке алына

бермейтін. Дегенмен, жасалған қиянаттың, ұрлық-қарлықтың, зорлық-зомбылықтың қай түрі болсын жерде жатпайды, «ел құлағы елу» деген емес пе, ерте ме, кеш пе бәрібір әшкереленетіні айдан анық деген сияқты қисынның құдіретін сөзсіз мойындаған көшпелі ортада орын алған тәртіпсіздіктер мен қылмыс атаулының дені ашылып, айыптылар әдеттік құқықтың жосынына сәйкес тиісті жазаға кесіліп отырылды. Оның бер жағында, әсіресе, *билік жүргізу* үрдісінде міндетті түрде қолданылатын *ант беру* әдеті шешуші рөл атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақтың құқықтық мәдениетін зерттеген орыс ғалымдары мен шенеуніктерінің еңбектерінде жан беру үрдісін *билік жүргізудің* ең басты қозғаушы күші деп атауы осы жайтқа байланысты болса керек.

Ант беруді дәстүрлі *билік жүргізу* терминологиясы бойынша *жан беру*, ал ант берушіні *жанға ұстанған* деп атады. *Жан беру* ұғымы, қазіргі қазақ терминологиясының қалыбымен айтқанда, арын кепілге салу, ал *жанға ұстанған* арын кепілге ұстанған кісі дегенді білдіреді (дәстүрлі қазақы ортада жан ұғымы ар мағынасында да қолданылды). *Жан беру* жосынын дауға түскендердің куәлері атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде *жанға беруді* дәлелдеу және тазарту (доказательная (подтвердительная) присяга и очистительная присяга) деп жіктеді. Сонымен бірге Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф.Баллюзектің қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы туралы 1871 ж. жарияланған еңбегінде жан берудің куәгердің *анты* (свидетельская присяга) деген үшінші түрі де аталған. Алайда, *жан берудің* аталмыш автор ұсынған бұл түрі жасанды деп айтуға әбден болады. Себебі, жоғарыда аталған дәлелдеу және тазарту деген *жан берудің* екі түрінде де осы жосынды, түптеп келгенде, тараптардың куәлері ғана атқарып отырды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында айтылатын *жанға берудің* дәлелдеу мен тазарту деген түрлері болса, біздің ойымызша, бұлар таза ғылыми жіктеме ғана. Ал көшпелі ортада *жан беру* үрдісі функционалдық ерекшелігіне қарай жіктелген емес. Өйткені, *билік жүргізудің* дәстүрлі іс тәжірибесі мұндай жіктеуге мұқтаж бола қойған жоқ.

Осы ретте ерекше нақтылауды қажет ететін гәп – билік жүргізу үрдісінде екі жаққа да куәлікке жүргендерді екі топқа бөліп қарастыру қажет. Бірінші топ – даулы істің көз көрген болып есептелген куәгерлері екі тарапқа да жақын туыстар болмауы да мүмкін. Олардың, тіпті, басқа рудың немесе бірнеше рулардың өкілдері болуы да сирек кездескен құбылыс емес еді. Осыған байланысты *билік жүргізудің* дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес төмендегідей жайт мұқият ескеріліп отырды:

– *сұлтан мен қожа сынды ақсүйектер тұқымына жататын әлеуметтік категория өкілдерінің куәліктері жан беру рәсімінсіз-ақ шынайы айғақ ретінде қабылданды;*

– *билер, ақсақалдар мен ел-жұрттың арасында кіршіксіз бедел жинаған көрнекті тұлғалар да жан берген жоқ. Олардың куәліктері де дәлелді қажет етпейтін айғақ болып есептелді;*

– *куәлікке жүргендер қарапайым адамдар қатарынан болса, олардың арасынан біреуі ғана куәгер бола алды. Бірақ, оның берген куәлігінің ақиқатына билер мен жиналған жұртшылықты кәміл сендіру үшін әлгі куәгердің жақын бір туысы міндетті түрде жан беру рәсімін атқаруы тиіс.*

Алайда, деректерге қарағанда, даулы істің шиеленісті өтуіне байланысты тараптардың уәждерінің

растығын немесе жалғандығын дәйектеу мақсатында куәлікке тартылатындардың саны билер кеңесінің ұйғарымы бойынша өсуі де мүмкін болды. Мысалы, орыс әкімшілігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі өкілі Д.Андренің Кіші жүз, ішінара Орта жүз қазақтары арасынан 1846 ж. әдет-ғұрыптық құқыққа байланысты жинаған материалында ойнастық жасаған немесе әйел затын зорлау сияқты аса күрделі жайттар бойынша істі қарастыру үшін куәгерлердің саны 4 адам болуы қажет екендігі айтылған.

Жоғарыда айтылғандай, билер мен жұртшылық тарапынан қалың сұрақтың астында қалып, көп жағдайда тығырыққа тап болған жәбірленуші үшін «*жанға медет, көңілге демеу*» болған осы *жан беру* жосыны болды. Ол, *билік жүргізудің* ежелден орныққан жөн-жосығына сәйкес билерден *жан беруді* сұрады. Бұл жосын *теңдік* немесе *теңдік сұрау* деп аталған. Жан беретін адам болып билердің пәрменімен, жәбірленушінің қалауымен міндетті түрде өзінің жақын туыстарының бірі тағайындалды. Бұл *жан берудің дәлелдеу* немесе *құптау* түрі болып табылады. Жан берудің осы түрін атқару барысында жәбірленушінің тарапынан келтірілген дәлелдемелер билер мен жұртшылыққа дәйексіздеу немесе мүлдем негізсіз көрінсе, ол жауапкер тарапынан да жан беруді талап етуге құқылы болды. Осыған орай жәбірленуші жауапкердің жақын туыстарының бірін билердің келісімі бойынша, жан беретін адам ретінде таңдады. *Жан берудің* бұл түрі жоғарыда көрсетілгендей, тазарту антына жатты. Өте-мөте шиеленісті дау-дамайда осындай жан берушіні жәбірленушінің куәлерінің арасынан таңдау мүмкіндігі жауапкерге де беріліп отырды. Ескере кетер жайт – әдет-ғұрыптық құқықтың қағидаларына сәйкес осы куәлер де міндетті түрде жәбірленушінің жақын туыстары болуға тиіс. Осы ретте билер және жиналған жұртшылық жан беретіндердің, яғни, *жанға ұстанғандардың* тазалығына ерекше мән бергендігін атап өту қажет. *Ата-баба жолының* ұстанымдарына сәйкес *жан беруге* тек ел арасында таза әрі беделді адамдарға ғана рұқсат етілетін. Мұндай адамды көшпелі ортада *дұрыс адам* деп атаған. Сонымен бірге әйел адамдарды, кәмелет жасқа, яғни, 13-ке толмағандарды (жоғарыда аталған және басқа да орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақы ортадағы кәмелеттік жастың мөлшері 14 немесе 15 жас деп те көрсетілген), бөтен жұрттың өкілдерін, ақыл-есі кемтарларды және үй қызметшілері мен жалшыларды *жан беруге* дәстүр қоспады.

Жоғарыда айтылған қисынға орай төмендегідей түйткіл бір жайт жөнінде айтпай кетпеске болмайды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты жарияланған орыс авторларының еңбектерінің кейбіреулерінде көшпелі ортада *жан берудің дәлелдеу* немесе *құптау* түрі ғана *жан айғақтың тазасынан* деп аталғаны айтылған. Біздіңше, дәстүрлі ортада *жан айғақтың тазасынан* деп *жан берудің* осы екі түрін де атаған сыңайлы. Өйткені, дәлелдеу (құптау) және тазарту анттарын беру рәсімдерінің атқарылу реті, мазмұны және «идеологиясы» мүлдем бірдей десе де болады.

*Жан беру* жанға ұстанғандар үшін моральдық-психологиялық тұрғыдан мейлінше ауыр жосын болды. Өйткені, бұл үрдіс бойынша (яғни, көшпелі ортада қалыптасқан дүниенің жаратылысы туралы концепцияға сәйкес) жанға ұстанғандар *жан беру* жосыны кезінде аруақтар мен құдайдың сынағынан өтеді. Олардың куәлігі жалған болса, өздері де, отбасы да міндетті түрде аруақтар мен құдайдың



кәріне ілігіп, бәле-жалаға ұшырайды. Осындай наным-сенімнің тегеуірінді ықпалындағы жан берушілер, жоғарыда аталған және басқа да орыс шенеуніктері мен зерттеушілері ерекше атап өткендей, жалған куәлікке жүре бермеген. Л.Ф.Баллюзектің жоғарыда аталған еңбегіндегі мәліметке қарағанда жан берудің төмендегідей түрлері болды:

– *жанға ұстанған адам билер мен жиналған жұртшылықтың алдында: «егер өтірік айтсам құдай атсын, о дүниеде иманым бұйырмасын, бұ дүниеде мал-басымның игілігін көрмей кетейін» деген сияқты психологиялық әсері мейлінше қуатты ант сөздерін айту керек;*

– *мылтықтың ұңғысын үнсіз сүйі тиіс;*

– *ата-бабасының моласын үнсіз үш рет айналып өтуі қажет;*

– *үйдің ішінде шымылдықымен арнайы қоршалған тұста ақырет киімін киюі тиіс болды.*

Әлбетте, билік жүргізу барысында жан берудің құзырында болған мұндай таңдау елдің (ауылдың, рудың, жүздің) шырқын бұзу деп есептелінген әртүрлі тәртіпсіздіктің немесе шектен шыққандыққа жатқызылатын қылмыстардың себеп-салдарына тығыз байланысты болды. Кейін исламның қазақ тіршілігі жүйесінде дендеп орныға бастауына байланысты дәстүрлі билік жүргізу үрдісінде құранмен де жан беру рәсімі қалыптасты.

*Жан берудің* жоғарыда келтірілген түрлерінің шарттарының қай-қайсысы болсын өзінің көшпелі ортаның «*ата-баба жолын*» ұстанған, яғни, құдайдың құдіретіне сөзсіз мойынсұнған, аруақтарға риясыз табынып өскен адамы үшін айырықша ауыр сын болды. Сондықтан да болар, жанға ұстанғандарға билердің шешімі бойынша *жан беру* үшін әжептәуір уақыт та белгіленетін. Л.Ф.Баллюзектің мәліметіне сүйенсек, мұндай уақыттың мөлшері *жан берушінің* тұрағының қашықтығына байланысты болды. Ал біздегі қолда бар деректер бойынша, жан берушіге берілетін мерзім аталмыш жайтпен қатар даулы істің күрделілігі мен ауқымына қарай да нақтыланды. Л.Ф.Баллюзектің еңбегінде келтірілген қазақы ортада кең тараған «*жан бергенге жай бер*» деген мақал айтылған қисынның мейлінше дәл берілген паремологиялық проекциясы деуге болады.

*Жан беру* шарттарының бар моральдық-психологиялық ауыртпалығы мен жамандыққа апаруы кедік салдарын сезінгендіктен жанға ұстанған кісі өзі куәлендіруі тиіс дауға түскен адамның әлдебір қараулығын сезіп қалса немесе оның ісінің ақ-қарасына көз жетпесе ант беруден *жан садаға* деп аталатын айып-қиыбын төлеп дереу құтылуға тырысатын. Мұндайда, *билер кеңесі* куәгері *жан беруден* бас тартқан адамның өзінен жан беруді талап етті. Бірақ, осындай жайтта да әлгі адамның ар тазалығы қатаң ескеріліп отырылды. Егер, мұндай әрекеттен еш нәтиже шықпаса, әлгі тарап жеңілген болып саналып, тиісті жазаға кесілді. Екі тараптан да алынатын *жан беру* рәсімінің аяқталуы *билік жүргізудің* келесі соңғы сатысы даулы істің субъектілерінің дәйектемелерін талқылау және тиісті үкім-кесім шығару үрдісінің басталғандығын білдірді. *Билік жүргізудің* ежелден жалғасқан тәртібіне сәйкес мұндайда *ара билердің* ерқайсысы өз пікірлерін ортаға салатын. Айтылған пікірлерді талқылау өте тартысты жағдайда өтуі осы жосынның ең басты функционалдық ерекшелігі болып табылады. Шешуші үкім-кесімді *ара билермен* келісе отырып *төбе би* шығаратын. Осы ретте тағы бір ерекше екшеп айтар жайт – *билер кеңесінің* ұйымдастырылуының институционалдық деңгейі

мен құрамы даулы істің күрделілігі мен ауқымына ғана емес, әлгі істің субъектілерінің әлеуметтік мәртебесіне де тікелей байланысты болды. Егер, даулы істің субъектілері сұлтан немесе қожа сынды ақсүйектер категориясынан болса, хан билігі жүріп тұрған кезеңде мұндай істі үш жүздің *игі жақсылары* мен *ырыс ұстағандарының* деңгейінде ең көрнекті өкілдері *сұлтандар, билер, рубасылар, батырлар* қатысатын хан кеңесі қарастырып отырды. Кейін, хан билігі әлсіреген заманда мұндай істің үкім-кесімін енді үш-жүздің деңгейінде ұйымдастырылған *билер кеңесі* шығарды. Мысал ретінде жоғарыда аталған автор Л.Ф.Баллюзектің еңбегінде, ішінара П.Е.Маковецкийдің зерттеуінде сипатталынған қазақ тарихындағы төтенше оқиғалардың бірін айтуға болады: Орта жүздің батыры Сырымбеттің Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіруіне байланысты үш жүздің *төбе билері*, көрнекті рубасылары, ақсақалдары, батырлары бас қосқан кеңейтілген *билер кеңесі* шақырылды. Кеңесте *төбе би* болып әйгілі Төле би сайланды. Әлгі даулы істі талқылау әжептәуір уақытқа созылғанға ұқсайды. Жоғарыдағы авторлардың еңбектерінде келтірілген аталмыш мәліметтің өрбітілу қисынына (логикасына) қарағанда, *билер кеңесі* ханды өлтірген Сырымбет батыр мен оның руластарына шейіт болған Әбілқайыр ханның баласы Ералы сұлтанның пайдасына деп 7 құн төлеуге үкім-кесім шығарған (өйткені, қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының қағидалары бойынша ханды өлтіргені үшін *құныкер* мен оның туыстары қараша халықтың құнынан 7 есе артық құн төлеуі тиіс. Ал қараша халықтың өкілінің құны 1000 қойға немесе 100 жылқыға немесе 50 түйеге тең болды. Сонда Ералы сұлтан құныкерден 7000 қой немесе 700 жылқы, түйе басына шаққанда 350 түйе алуы тиіс еді). Бірақ, Ералы сұлтан билер кеңесінен өзіне тиесілі 7 құнның бірінің орнына көшпелі ортада ежелден орныққан «*қанға қан*» принципі бойынша Сырымбет батырды өлтіруге мұрсат сұраған тәрізді. Л.Ф.Баллюзек келтірген мәліметтің қисынына ілесек, *билер кеңесі* Ералы сұлтанның бұл өтінішін қанағаттандырған сыңайлы. Сөйтіп, *төбе би* Төле бидің үкім-кесімімен Ералы сұлтан әкесін марқұм қылған Сырымбет батырды өз қолымен өлтіріп, үстіне қосымша 2 құн алған соң, қалған 4 құнды кешіріпті. Л.Ф.Баллюзек өзінің осы сипаттамасын айтылып отырған оқиғаның дәйегі де, дерегі де жеткілікті деп аяқтады.

Шыңғыс ханның істі болған ұрпақтарын жазаға кесуге тек ең жоғарғы әлеуметтік-саяси деңгейдегі билік жүргізу институттары ғана құқылы болғандығы осы ұлы қағанның билік құрған заманынан бастау алған жосын сыңайлы. Құрылымда да, хан билігінің дәурені жүріп тұрған кезеңде де, тіпті, осы биліктің әлсіреген заманында да әлеуметтік-саяси әуселесі әлі де қауқарлы болған Шыңғыс хан ұрпақтарының дауға түскен істерін, әсіресе, жоғарыда айтылған ханның кісі қолынан қаза тапқандығына байланысты аса күрделі істі руаралық деңгейдегі *билер кеңесінің* ғана қарастыруының институционалдық және моральдық-психологиялық мүмкіндігін елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл дәстүрді Қазақстанның аса көрнекті шығыстанушысы В.П.Юдин теориялық тұрғыдан да, деректік жағынан да қисынды негіздеген шыңғысизм идеологиясы мен практикасының ең басты элементі ретінде де қарастыруға болады.

*Билер кеңесінің*, әсіресе, кеңестің төбе биінің *билік жүргізу* үрдісіндегі шешуші рөлі осы мәселені арнайы зерделеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде айырықша аталы-

нып отырылды. Сан алуан құқықтық істерді, әсіресе, *кісі өлімі, ұрлық-қарлық, жесір дауы, жер дауы* сияқты шиеленісті мәселелерге байланысты билердің арасындағы даулы айтысты *билік жүргізу* дәстүрінде жиі кездесетін жайттардың бірегейі десе де болады. Бидің біліктілігінің де, кісілігінің де, «сөз ұстаған» шешендігінің де дүйім жұрттың алдында ерекше айғақталынатыны дәл осы сәт болды. Осы ретте, әсіресе, *билік жүргізудің* тек дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән процессуалдық түрі – *билер айтысы* болғандығын ерекше атап өткен ләзім. Бұл жосын билік жүргізудің әділ шешім шығаруының ең ілкімді кепілдерінің бірі болды. Осы кезеңде қазақ өлкесінде мұндай сан көріністің куәсі болған орыс зерттеушілерінің билер айтысын дәстүрлі қазақы ортадағы билік жүргізудің өзіндік процессуалдық болмысы әрі артықшылығы екендігін үнемі атап өтулері сондықтан болса керек. Мысалы, Кіші жүз қазақтарының әдет-ғұрыптық құқығын өз заманының методологиялық талғамына сәйкес дендеп зерттегендердің бірі Л.А.Словохотов билік жүргізу барысында айтысқа түскен билердің өздерін ерекше еркін ұстайтындығын, шындықтың шынайы жаршысы болған олардың сұлу сөздері ағын судай төгіліп жататындығын тамсана суреттеді. Осы автордың айтуынша, қазақ билері даулы істерге байланысты мәліметтерді өздері жинап жатпаған. Бірақ, олар дауға түскендердің айтқандарын қалт жібермей өздерінің сан жылғы іс-тәжірибесі мен біліктілігінің теңінен бірден өткізіп, жұртшылыққа асқақ поэтикалық тілмен, әсерлі эстетикалық нақышпен жеткізуге тиіс болды. Оның үстіне бұл үрдістің билердің өзара айтыс түрінде өтуі, жоғарыда айтылғандай, олардың әрқайсысының сан жылғы әлеуметтік беделінің халық алдында сынға түсуі еді. Мұндайда, әрине, билердің үкім-кесімінің шындық болып шығатындығы көшпелі орта үшін айқын жайт болғандығы сондықтан. Төменде жазушылық шеберлігімен қатар, қазақ этнографиясына да әрдайым айырықша көңіл бөлген М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбегіндегі билер айтысына арналған бөлімнің тиісті үзіндісін келтіруді жөн көрдік. Еңбек таза академиялық ғылыми қалыппен емес, көпшілік әдебиеттің әсерлі тілімен жазылса да, өзінің тарихи-этнографиялық нақтылығымен де, дәйектілігімен де ден қойдырады.

«Билер айтысының қазірде барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына ғана қарап жасалған жіктер болады. Осы бетпен қарастырғанда билік айтыстары: бірінші, дау мен билікті қоса айтып, ру жігінің бетімен сөйлейтіндері болады. Мысалы Бұқар жыраудың Керейге айтқан тақпағы:

«Керей қайда барасың,  
Сырдың бойын көбелеп.  
Сен қашсаң да мен қойман,  
Арғымағым жебелеп.  
Енді алдыңнан шығайын,  
Жауған күндей себелеп.  
Ақ мырзамды өлтірдің,  
Ақ сойылмен төпелеп,  
Мен арғын деген арыспын,  
Азуы кере қарыспын.  
Сен – бұзау терісі шөншіксің,  
Мен – өгіз терісі талыспын.  
Абылай алдында бітіссең,

Құдандалы таныспын.  
Абылай алдында бітпесең,  
Атасын білмес алыспын.  
Көшің кетер бір жаққа,  
Малың кетер бір жаққа,  
Көш соңына жете алмай,  
Есің шығар сол шақта.  
Жар басына қонарсың,  
Жарты лашық тігерсің,  
Ауызыңнан ас кетер,  
Қара көзден жас кетер,  
Бұл қылығың қоймасаң,  
Сонау кеудедегі дулығадан бас кетер».  
Екінші, екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері. Мысалы, Ақтайлақ, Солтабай билігі.

Ақтайлақ:  
Бай қонысын сұрасаң,  
Батпақ сулы даласы.  
Қой қонысын сұрасаң,  
Кекірелі Жантық шорашы.  
Құйсадағы таусылмас,  
Қыдырлы байдың сабасы.  
Сірә да ұшпақ көрер-ау,  
Осыны тапқан анасы, –  
деп өзінің кеудесін түртіп:  
Сен төрт кісі күмән ұстатсаң,  
Мен тоқсан түйе құн кестім,  
Сөзімнің болса расы.  
Бүгін керей өлгенде,  
Ертең найман өлмей ме,  
Өлімді жанның мұрасы, – дейді.  
Бұл сөзді Солтабай ұнатпағанда, тағы:

Ақтайлақ:  
Әуелі бағыра ашылса,  
Аққу шомар көлдерге.  
Туысқаны кімнің көп болса  
Үлкен медеу белдерге.  
Қырық кез торғын жатыр ғой,  
Ақ сандықтың түбінде.  
Бәрін айт та бірін айт,  
Сұлтанжан-ау, сар қасқа ат тұр ғой белдеуде,  
– дейді.

Үшінші, арбасып, ырғасып жұмбақпен, тұспалмен айтысатын талас билік, – мысалы, Қараменде мен Кеңгірбай билігі. Дадан руы Боқты деген кісінің бір ағайынынан, тобықтының мырза деген руы бір қысырақ ұрлап, қырып алыпты. Құғыншы келгенде, мырза танып, әлденеше жерде сөз болып, аяғы Қабекең мен Қарамендеге барып, екеуі біріне-бірі сөзін айтып, арасына қайта-қайта кісі жүріпті. Нағыз жарыққа түсетін екі куә болмай, ішек-қарын аршыған қатыннан шыққан сөз деп, Жұмағұл болып жабыла танған соң, күмәнға салмайық десе Боқты көнбей, әбден ысқаяқ дауға айналған. Сол тақырыпты Қабекең Байғара Кенбайды Қарамендеге жұмсардың алдында, сендер Қарамендеге: «Шын болса желдеген тайы шығар. Өтірік болса қазақтың баяғы жала жапқан жайы шығар. Батыр айғақ, бай шүгелі болмаған даудың жайы қалай болатынын Қараменде өзі айтсын» – деп айтыңдар. Сонда Қараменде айтар: «Бұл Қарекеннің күмән ал дегені ме, не басқа жүзден келген дау емес. Тым болмаса өзге орта жүз дауы емес. Қараменде мен Кеңгірбай тобықтының бес тайын таба алмай, күмәнға салыныпты дегенге жанның бәрі күлмей ме. Онан да Қабекем өзі қақында, не бар, не жоқ қылсын, мен сөзімді сол кісіге билеттім» дер. Сонда сен ойланғаның отыр да: «Япыр-ай, бұрын да шатасқан антұрған дау еді. Енді екеуіңнің

араңда жүріп, осы бес тай үшін өміріміз өте ме?». Бұл сөзіңізді айтқанда, Қабекең: «Қараменденің мұнысына рахмет, берді деп жұта салғаным лайық емес қой, мен өзіне бергенім десе тағы қайта келем бе. Бітімін айтып жіберсеңіз болмай ма. Қабекең сізге ғой» деңдер. Сонда Қараменде айтар:

«Кеңгірбай бұл сөзді маған біржолата беріп отырған жоқ, онысын сөз қосып, құйрығынан ұстай беріп, отырғанынан білмеймісің, оның қасында көп жүріп, сырлас болып едің ғой: «Құйрығын ұстап мал берсе, Қолыма тиді демеңіз, Алақанын жаймай ас берсе, Асатты ғой, демеңіз», – деп, Құттыбай би айтқан жоқ па. Бұл сөзді мені қыстамай-ақ өзі айтсын, бірақ:

«Қоңырды қағу кімге жөн, Өмірді қағу кімге жөн Осынымды айт», – дер. Сонда сен: «Бұл соңғы сөзіңді Қабекеңе айтып бармаймын. Мұныңыз Қабекеңнің өзін күмәнға ұстаған болмай ма? де де, ол сөз айтқанша: «Айтқандайын, баяғыда Қазыбек би Әнет бабаңнан шаруағатпен ескі қазақ жолын үйренемін деп, көшіп келіп, бір жаз үйреніп, күз қайта көшерінде:

«Табан ақыңды айт, бата бер» дегенде, бабаң не деп еді. Соны ұмытып қалыппын, сұрай кел, осы сөзге не айтса да ұмытпай кел деп еді-ау», – дейді.

Кенбай Қарамендеге келіп, Қабекең сөзін айтса, дәл Қабекемнің айтады дегенін айтыпты. Үйретінді сөздерге дәл айтқандай шығыпты да: «Соңғы сөзіңді айтпаймын, бабаң Қазыбекке не деп еді?» дегенде, Қараменде: «Ә» деп тұра қалып: «Мен адасып отыр екенмін ғой. Бұл сөз Кенбайшаның сөзі емес, Кеңгірбайшаның сөзі екен ғой, жауласқан жатқа айтатын бітімсіз сөзін маған айтқаны екен ғой:

Көбік ауыз Боқты көнбес,  
Көк ауру мырза бермес,  
Кеңгірбай сөзі бұл болса,  
Бұл ара қоныс болмас.

Кеңгірбайға сәлем де, бұл сөзді маған берсе, мен бес тайды салауат қылдым. Ол үлкен болып қоныс алсын, мен отау болып өріс алайын.

Күндердің күнінде  
Көрісерге күн жақсы болсын.

Алыстан іздемесін,  
Кезең астындағы кең қақтан табар, –  
депті, Әнет бабаң.

Қазақ жолы – қанағат,  
О да жолдан адаспас,  
Қасаңдау емі – шаруағат,  
Оған ешкім таласпас, –  
деген екен.

Төртінші, дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер. Мысалы, Сабырбайдың Солтабай төреге айтқан өлеңі:

Алдияр біздің ауыл Берікқарада,  
Белге соққан жыландай екі арада  
Тобықты күнде тиіп жылқы алады,  
Иесіз иен елде ерік бола ма.  
Шұбарым, арғымағым, арыстаным,  
Сөзге бай ауыздыққа алысқаным,  
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,  
Болаттың суын тапқан, данышпаным,  
Шұбарым, арғымағым, кермаралым,  
Өз заңынша полковник, жандаралым.  
Кәпір қаулан болғанда мұсылман аз,  
Қайраңдап қазы құрттай жан қаларым.  
Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,  
Арқауылдың жонындай күн шалғаным.  
Асусыз тау, өткелсіз су келгенде,

Құйқылжып құларыңдай жол салғаным.

Шұбарым, арғымағым, сары жілік,  
Арғын, найман арасы болды бүлік,  
Ежел, тышқан қыстайды Құндыздыны  
Иен тұр бабаң қонған қызыл шілік.  
Солтеке, сеніменен қай төре тең,  
Төрені ақыл, қараны қайратпен жең.  
Жалды жылқы, құйрықты қой жемеген,  
Хан ием-ай сол мінезің Жайықтан кең.  
Солтекем Бес Байыстың қарағындай,  
Әлібек, Айтақ қыстайды қара құмды-ай,  
Қолына отты шала ұстап туған,  
Жат бауыр қыла көрме Барағымды-ай».

Бұл айтыстарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затына дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айтысының мысалына аламыз».

Әлбетте, М.Әуезовтың аталмыш еңбегінің осы тұсы атауынан көрініп тұрғандай, әдет-ғұрыптық құқықтың қисыны тұрғысынан жазылмағандықтан, билер айтысының процессуалдық функциясының біраз қырларын қамтымайды. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, ұлы жазушы ғана емес, аса көрнекті ғалымның бұл сипаттаулары көшпелі ортадағы билік жүргізудің тарихи-этнографиялық образын мейлінше дәл бергендігімен құнды. Деректерге қарағанда, кісі өлтіру, әйел затын зорлау, көші-қон тонау, қарақшылық, біреудің әйелін оның келісімінсіз зорлықпен алып қашып кету және басқа да осы сияқты қазақ қоғамында кешірілмес ауыр күнә болып есептелген қылмысты істерге қатысты билік жүргізу айтыс түрінде өтпеген сыңайлы.

**Билік жүргізу (бидің билігінің) үрдісінің идеологиялық нәмі процессуалдық-нормативтік мәнді дәстүрлі категориялық-ұғымдық негіздемесі.** Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – дәстүрлі қазақтың ортаның социумдегі сан алуан тәртіпсіздіктер мен тәртіп бұзушыларды нәмі қылмыстар мен қылмыскерлерді түр-түрге жіктеген ежелден жалғасып келген өзіндік когнитологиялық классификациясы болды. Осы когнитологиялық классификацияның билік жүргізу үрдісіндегі қолданыс қисынын түсіну үшін тиісті категориялар, ұғымдар мен атауларды **субъектілік, функционалдық және пысықтауыш** деп шартты түрде үш топқа жіктеу қажет. Мысал ретінде ұры, ұрлық немесе ұрлық-қарлық, осылардың мазмұнын және жат әрекет ретіндегі салдарын білдіретін ұры мұндар, ұрының арты ашық, ұрлық түбі қорлық, ұрының беті күйсін деген сияқты және осы мәндес басқа да ұғымдарды айтуға болады. Мұнда ұры қылмысты істің субъектісі, яғни, субъектілік ұғым. Ұрлық немесе ұрлық-қарлық әлгі қылмыстың болмысын білдіретіндіктен функционалдық мәнді ұғымдар болып табылады. Ал паремологиялық формуламен берілген қалған ұғымдар ұры мен ұрлық немесе ұрлық-қарлықтың ата-баба жолының ұстанымдарына мүлдем жат «шекпен шыққан» іс екендігін білдіретін пысықтауыш мәнді ұғымдар. Сан алуан этнографиялық, әсіресе, фольклорлық деректердің қисынына қарағанда, билік жүргізудің іс тәжірибесінде осы және осы мәндес басқа да категориялар, ұғымдар мен атаулар көшпелі ортаға тән өзіндік силлогистік тәсілмен қолданылып отырды. Мысалы, қазіргі ғылыми қисынға салып шамалап айтқанда, ұрлық жасаған адам ұры, сондықтанда, ол – осындай жат іс-әрекетімен ата-бабаның жолына қарсы шыққан ұры мұндар, жаман адам деген сияқты.



Сонымен бірге, *жаман іс, жаман адам, нашар адам, қаскүнем, жәдігәй, құлқынының құлы, қастық, залым, арам* сияқты *ата-баба жолының* этикалық қағидалары бойынша адам баласының бойындағы ең жағымсыз қасиеттерді білдіретін жалпы мәнді ұғымдар да *билік жүргізудің* іс-тәжірибесінде қылмыс атаулыға қатысты (соның ішінде, ұрлық немесе ұрлық-қарлыққа да) субъектілік және функционалдық ұғымдарды пысықтайтын функция атқарды. Рас, *билік жүргізу* тәжірибесі қоғамдағы «*ата-баба жолын*» бұзғандар мен бұзушылықтың дәл осындай когнитологиялық жіктемесіне мұқтаж болған емес. Бірақ, адамдардың бойындағы «*ата-баба жолына*» мүлдем жат қасиеттерін, қылықтары мен шектен шыққан деп саналатын қылмыстық істерін білдіретін сан алуан категориялар, ұғымдар мен атаулар, яғни этнокогнитологиялық бірліктер, сөз жоқ, *билік жүргізудің* өзіндік «процессуалдық-нормативтік» матрицасы іспеттес болды.

Сонымен, билер даулы істің ақ-қарасын жоғарыда сипатталған жосын арқылы анықтағаннан кейін тиісті үкім-кесім шығаруға кірісті. Бұл билердің арасындағы даудың аяқталып, бөрінің пікірі ортақ шешімге айналғандығын білдірді. Бірақ, *төбе бидің* тоқтаған шешімі осы үкім-кесімнің негізіне алынды. *Билік жүргізудің* дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес, үкім-кесімді міндетті түрде төбе би ғана жариялайтын.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығын зерттеген орыс ғалымдары мен шенеуніктердің жарық көрген материалдарында, әсіресе, П.Е.Маковецкий мен Л.А.Словохотовтың еңбектерінде көшпелі ортада қылмыстық немесе бұзақылық істердің адамнан емес, оны азғырған шайтаннан, нәпсіден немесе Құдайдың жазмышынан көреді деп дәл айтылған. Яғни, авторлардың қисыны ден қойдырар пікірінше, қазақтар қылмыс пен бұзақылық атаулыны оны жасаған адамдардың шайтанға алдануымен немесе нәпсіге берілуімен байланыстырды. Дегенмен, авторлардың аталмыш гәп қылмыскерлердің жауапкершілігін төмендетеді дегендері болмаса, оны *билік жүргізудің* үкім-кесімінің ежелгі тәсілдері мен қолданатын жазаның мән-мақсатымен байланыстыра алмады. Расында да, көшпелілердің дүниенің жаратылысы, соның ішінде, кісілік концепциясы бойынша (мұны антропологиялық концепциядесе де болады), адам баласының бұрынғы, қазіргі және болашақтағы болуы тиіс бүкіл іс-әрекеті Жаратқанның бұйрығымен алдын-ала жазылып қойылады екен. «*Жазмыштан озмыш жоқ*» немесе «*пешенеңе не жазса соны көресің*» деген сияқты футурологиялық мәнді паремологиялық формулалар осындай жайтқа байланысты қалыптасқаны даусыз. Сонымен бірге, Жаратқанның жарылқауына, аруақтар мен әулие-әнбиелердің қолдауына ие болғандар ғана *ата-баба жолын* ұстануға лайық. Ал жын-шайтан иектегендер – әлгі *ата-баба жолынан* ауытқығандар. Демек, адамның жаман іс, жат қылыққа, яғни, қылмыстық іс пен бұзақылыққа барғандығының бірден-бір себепкері, – аталмыш орыс зерттеушілері дәл айтқандай, – оны иектеген әлгі жын-шайтандар. Енді, осы айтылғандар *билік жүргізудің* үкім-кесімінің мән-мақсаты мен құқықтық салдарына қатысы жөнінде. Шынтуайтында, жоғарыда қысқаша да болса сипатталған көшпелілердің кісілік концепциясы *билік жүргізудің* кінәлі немесе күнәһар деп есептелінген адамға шығарылған үкім-кесімінің мәнін де, қолданылған жазасының мақсатын да түсінуге шексіз мүмкіндік береді. Ең алдымен бұл концепция дәстүрлі қазақы ортада адам кез келген бұзақылық пен

қылмыстық істің нәліктен тікелей субъектісі ретінде саналмағандығының идеологиялық-көзқарастық түсініктемесі әрі құқықтық негіздемесі болып табылады. Осы концепцияның қисыны тұрғысынан сұмдық атаулының бар гәбі – қылмыс пен бұзақылық істеген адамда емес, осындай жаман іске апарған оның қаскүнемдігінде, залымдығында, қанішерлігінде және т.с.с., яғни, жын-шайтаннан келген зұлымдық қасиеттерінде. Сондықтан, *билік жүргізу* жосынында, түптеп келгенде, жазаға кесілетін және кесілген бұзақылықтың тікелей субъектісі адам емес, ең алдымен оның жаман іс-әрекеті мен осы іс-әрекеттен көрінген *ата-баба жолына* мүлдем кереғар қасиеттері һәм қылықтары. Тіпті, шектен шыққан деп саналатын қылмыс жасаған адам да билердің үкімімен ең алдымен осы қылмыстың тікелей субъектілік себепкері, яғни, субъектісі ретінде емес, жын-шайтан, албасты, марту сияқты зұлымдықтың иелері әбден иектеген азғын ретінде кесіліп отырды. Осы айтылған уәждің ілкімді дәйегі ретінде көшпелі ортада ауыр қылмыс атаулының субъектілерінің ортақ атауы қылмыскер емес, *құныкер* екендігін, бұл атау, түптеп келгенде, кез келген қылмыстың, мысалы, кісі өлімінің тікелей себепкері адам еместігін білдіретіндігін айтуға болады. Өйткені, осы және осы құралыптас басқа да қылмысты жайттар, жоғарыда айтылған «*жазымштан озмыш жоқ*» немесе «*маңдайыңа не жазса соны көресің*» деген футурологиялық парадигмаларға сәйкес Құдайдың ісі болып табылады (бұл дәстүрлі «түсініктеменің» *албасты басты, әруақ атты, Құдай атты, Құдай қарғады, Шайтан иектеді, шайтанның ісі, нәпсіге ерді, нәпсіқұмар* және т.с.с. сияқты басқа да толып жатқан нұсқалары кездеседі). Жоғарыда көшпелі ортада адамды қылмыс немесе тәртіп бұзушылық атаулының тікелей субъектісі ретінде есептеген емес деуіміздің мәнісі осында. Дәстүрлі *билік жүргізу* іс-тәжірибесінде жазаның *басымен тартатын жаза* және *малымен тартатын жаза* деген екі түрі қолданыста болды. Бірақ, сан алуан тарихи-этнографиялық және фольклорлық деректерде көшпелі ортада қылмыскер (*шектен шыққан*) немесе бұзақы (*жиын бұзған тентек, елдің шырқын алған тентек* және т.с.с.) деп саналған адамдарды жазалаудың дәстүрлі жіктемесі жөнінде зәредей болса да мәлімет жоқтың қасы. Ал әйгілі Саққұлақ бидің ұрпақтары академик С.С.Зимановқа тапсырған қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты әзірше белгілі бірден-бір жазба ескерткіш деп есептелінетін қолжазбасында жазаның дәстүрлі жіктемесі қайшылықты берілген. Мысалы, қолжазбаның «қылмыстарға берілетін жаза» деп аталатын IV-бабында *өлім жазасы* мен *масқаралау жазасы басымен тартатын жазаның* қатарына жатқызылса, үкім деген жеке тараушада *өлім жазасы* енді дербес *жан жазасы* деп көрсетілген. Ал *масқаралау*, яғни, бетіне күйе жағылып, сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіліп, мойнына құрым ілінген айыпкерді ауылды, кейде, жәбірленушінің өзін айналдыру рәсімі керісінше жеке *ар жазасы* ретінде аталған. Бұл мәселеге қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесіне байланысты арнайы материал жинаған және оны зерттеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс шенеуніктері мен ғалымдары да мандымды көңіл бөлмегендігі аңғарылады. Мысалы, әдет-ғұрыптық құқыққа байланысты ең құнды дерек болып есептелінетін Әз Тәуке ханның Жеті Жарғысының орыс зерттеушілері Г.Гавердовский, Шүкірәлиев-Спасский, А.И.Левшиннің нұсқаларында да *билік жүргізудің* үкім-кесімімен белгіленетін жазаның дәс-

түрлі қазақы жіктемесі мүлдем қарастырылмаған. Ал А.И.Левшиннен кейінгі кезеңде жарық көрген қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты әртүрлі деңгейде жазылған еңбектер мен материалдарда аталмыш мәселенің кейбір аспектілері «жол-жөнекей» әрі жүйесіз сипатталған.

Советтік кезең мен тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жарық көрген еңбектерде дәстүрлі қазақы ортада қолданылған жаза *құн* және *айып* деген ежелгі атаулармен екі категорияға жіктелінеді. Оларды тиістісінше кейде *құнмен өтеу жазасы* және *айыппен өтеу жазасы* деп те атайды. Сондай-ақ, аталмыш екі жазаның *мал-мүлікпен өтеу* немесе *мал-мүлікке кесу* деген жалпы атауы да кездеседі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазақ өлкесіне орыс отаршылдығы орныға бастауына дейінгі кезеңнің өзінде-ақ дәстүрлі жазалау жүйесінде *құн жазасы* қолданыста болмаған. Яғни, *құн жазасы* – қазақ жерінде орныға бастаған орыстың саяси-өкімшілік жүйесінің ықпалымен қалыптасқан соны құқықтық жосын. Біздіңше, бұл – советтік тарих-намада орныққан «Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы» деп аталған сол кезеңде зәредей шәк келтірмес бағдарлаушы-бағыттаушы тақырып-концептің идеологиялық тегеуірінді ықпалымен қалыптасқан көзқарас. Әлбетте, дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған *өлім жазасының* жоғарыда айтылған отаршылдық «орыс факторының» әсерімен *билік жүргізудің* іс-тәжірибесінен бірте-бірте ығыстырылуын жоққа шығаруға болмас. Шынтуайтында, көшпелі қазақ социуміне және осы құралыптас басқа да әлем халықтарының дәстүрлі қоғамдық құрылымдарына байланысты сан алуан тарихи, этнографиялық және фольклорлық материалдардың өзара шендестіріле зерттелген қисындары дәстүрлі қазақы ортада (әлбетте, орыс отаршылдығына дейінгі дәуірде) жазаның кінәлі адамды тиістісінше *өлімге кесу* және *айыпқа кесу* деп аталған түрлерімен қатар, *құнмен өтеу жазасының* немесе *құн жазасының* да қолданыста болғандығын көрсетеді. Демек, жазаның соңғы *құнмен өтеу* түрі де қазақтың дәстүрлі *билік жүргізу* іс-тәжірибесінде ежелден орныққан құқықтық жосындардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған орыс зерттеушілері мен шенеуніктерінің материалдарында көшпелі ортада қылмыс жасаған (мысалы, *ұры*) немесе бұзақылық іске барған адамдарды (мысалы, *елдің шырқын алған тентек*) билер кеңесінің үкім-кесімімен арнай жасалған *ұраға қамау*, *масқаралау*, *дүрелеу*, *ел-жұрттан аластау* (*өтегін кесіп, елден қуу*), *табанын тілу* сияқты жазалау түрлерінің де қолданыста болғандығы жөнінде үстірттеу болса да мәлімет келтіріледі. Деректерге қарағанда, осы жаза түрлерінің ішінде, әсіресе, *дүрелеу* немесе *дүре салу* жазасы кең қолданыста болғанға ұқсайды. Осы ретте этнографиялық тұрғыдан ерекше ден қойдырар жайт ретінде тиісті қылмыстық істердің (көбінесе ұрлық-қарлықтың) және бұзақылықтың (жиын бұзған тентектің) субъектілерін дүрелеу жазасының көшпелі ортада билердің үкім-кесімімен жүзеге асырылатын «қазақы» және мұсылмандық түрлерінің қатар қолданылғандығын айтуға болады. Г.Загряжскийдің еңбегіндегі мәліметке қарағанда, жазаға кесілген адамға қамшымен дүре салу жұртшылықтың алдында үйден тыс жерде іске асырылып отырылды. Егер, жазаны мұсылмандық тәртіппен қожа немесе қазі тағайындаса, дүре алдын-ала жатқызылған адамға салынды. Ал билердің үкім-кесімі бойынша, күнәлі

деп саналған адамды белуарына дейін жалаңаштап тұрғызып қойып, арқасына дүре салған. Дүрелеудің осы қазақы түрі *тазғыр* деп аталады.

Сонымен, әзірге қолжетімді материалдардың қисынын негізге ала отырып, көшпелі ортада қылмысты (шектен шыққан) және бұзақы деп есептелген адамдарды жазалаудың түрлерін *басымен тарту жазасы* мен *малымен тарту жазасы* деп аталатын екі үлкен категорияға жіктелінді деп айтуға болады. Басымен тартатын жазаға қылмыс атаулының және бұзақы істердің субъектілерінің тікелей өздері жазаланатындығын білдіретін төмендегідей түрлері жатады:

- *өлім жазасы*;
- *ел-жұрттан аластау* («*өтегін кесіп, елден қуу*»);
- *қамшымен дүре салу*;
- *қанға қан, жанға жан принципі бойынша қылмыскер жәбірленуші адамның денесінің мүшелеріне қандай зақым келтірсе, оған дәл сондай зақым жасалуы тиіс* (мысалы, *қолын сындырса, қолын, құлағын кессе, құлағын деген сияқты*);
- *масқаралау*;
- *сирек те болса қолданылған табан тілу*.

Сонымен қатар, деректер аталмыш жазаның кейбіреулерінің бір-біріне ұласып қолданылғандығын да айғақтайды. Осыған орай төменде этнографиялық тұрғыдан да, әдет-ғұрыптық құқық жағынан да аса көрнекі бір жайтты мысал ретінде келтіруге болады: бір рудың (жетіата) ататектерінің шежірелік желісі жетіатадан әрі аса қоймаған жыныстық қатынасқа түскен қыз бен жігіт *ата-баба жолы* бойынша қазақ тіршілігінде орыс отаршылдығының төртбі орныққанға дейінгі дәуірде *билер кеңесінің* үкім-кесімімен міндетті түрде *өлім жазасына* кесіліп отырды. Осы жазаның орындалуына дейін олар масқаралау жазасын өтеді: әшкерә болған қыздың өрімі шорт кесілді. Бұл үрдіс оның ел-жұрттың алдында қарабет деген қас масқара атаққа ілінгендігін білдірді. Қарабет атауының жүзіқара деген синонимдік нұсқасы да кездеседі. Ал жігіттің мініс құйрығының құйымшақ тұсынан бастап шорт кесілуі әлгі жігіттің, бір жағынан, қас масқараға ұшырағандығының, екінші жағынан оның өскен ортамен, ел-жұртпен байланысының біржола үзілгендігінің айғағы іспеттес болды. Шынтуайтында, қас масқара болған қыздың бұрымының да, жігіттің мініс атының құйрығының да кесілуі олардың енді бұ дүниелік емес екендігінің символдық жосынымен білдірілгендігі болса керек.

Жазалаудың келесі *малымен тарту жазасы* деп аталатын екінші категориясына билер кеңесінің үкім-кесімімен кінәлі деп табылған субъектілер өздерінің қылмыстарын немесе бұзақылық істерін мал-мүлікпен өтейтіндігін білдіретін *құн* және *айып* деп аталатын түрлері кіреді. Осы ретте ескерә кетер жайт – *құн* жазасының мәні тек кісі өлтіргені үшін қылмыскер тарапынан төленетін мал басымен ғана шектелмейді. Өйткені, *құн жазасына*, деректерге қарағанда, үшінші рет ұрлық жасаған баукеспе аталған ұры да, кісі өлтірген қылмыскерді жасырған немесе оның қашып кетуіне себепкер болған адам да кесіліп отырылған. Д.Я.Самоквасовтың 1824 жылы Орта жүз қазақтарының арасынан жинаған мәліметіне қарағанда, әлгі кісі өлтіргенді жасырған немесе оны қашырып жіберген адам *билер кеңесінің* үкім-кесімімен кісі өлтірушінің *көмекшісі* болып есептелініп, кісісі қаза болған тарапқа (руластарына, туыстарына) төрт түліктен тұратын жалпы саны 100 бас мал, екі тұтқын қалмақ, қосымша екі түйе және екі

сауыт мөлшерінде құн төлеуге тиіс болды (дәстүрлі билік жүргізудің іс-тәжірибесі бойынша *көмекші* деп аталатын ұры-қарының серігі де ауыр қылмыстың субъектісі болып есептелінді). Билік жүргізудің үкім-кесімімен өзінің қылмыстық ісін құнмен төлейтін субъектілердің ортақ атауы – *құныкер*. Құн жазасын өтеу үрдісіне осы қылмыстық қатынастың тікелей тұлғалық субъектілері ғана емес, олардың руластары кейде, бір жүздің бүкіл *игі жақсылары* мен *ырыс ұстағандары* да тартылатын. Құнның мөлшері өте мол болғандықтан оны өтеуге қылмыскердің руластары да өз үлестерін қосатын. Бұл үлестің мөлшері қылмыскердің ру ішіндегі туыстық қатынастар жүйесіндегі шежірелік мәртебесіне де (мысалы, әлгі қылмыскер ауыл ішінде ерекше сыйлы әулет болып есептелінетін *үлкен үйдің* баласы деген сияқты), құн төлейтін руластарының ағайындығының алыс немесе жақындығына да тығыз байланысты болды. Яғни, құнды ру ішінде бөлісіп төлеудің осындай жосыны ежелден қалыптасқан туыстық қатынастың ілкімді нормалары және принциптері арқылы ұйымдастырылып отырылды. Құнды өтеуге қатысқан қылмыскердің туған-туыстарының, руластарының ежелден орныққан ортақ атауы – *құндас*. Сонымен бірге, құн өзінің дәстүрлі өтеліну тәртібі мен ретіне байланысты негізгі *құн*, *сүйек құны*, *өнер құны* және *қара құн* деген түрлерге жіктелінді. Бұлардың функциясы, түптеп келгенде, руаралық қақтығысқа, тіпті осы оқыс жайттың бүкіл ішкі этникалық шиеленіс пен дағдарысқа ұласуына себепкер болуы әбден мүмкін теріс факторлардың алдын алу, сөйтіп, руаралық қатынастың ежелгі үйлесімділігін сақтауға бағытталды. Демек, билік жүргізу іс-тәжірибесіндегі нормативтік-процессуалдық тұрғыдан да, жүзеге асырылуы тәсілі жағынан да күрделі жосын болып табылатын *құн жазасы* көшпелі ортада руаралық қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттеп отыратын аса маңызды құқықтық функция атқарды.

Малмен тарту жазасының келесі түрі айып жазасына жоғарыда аталған және басқа да көшпелі ортада шектен шыққан деп саналаған ауыр қылмыстан өзге жаман іске барған субъектілер кесіліп отырылды. Айып жазасының жүзеге асырылу үрдісі құн жазасының атқару жосынымен бірдей десе де болады. Айырмашылығы – айыптың кез келгені болсын жәбірленушіге және оның руластарына төлеуге тиісті мал-мүліктің мөлшері құнға қарағанда әлдеқайда аз болды. Сан алуан деректерде *айып жазасын кіші құн* деп те аталатындығы сондықтан. Дәстүрлі қазақы ортада айып жазасының ең ауыры мал ұрлаудың субъектісіне тағайындалды. Мұндайда әшкерә болған ұры мен оның жақтастары (руластары) жәбірленуші тарапқа *үш тоғызға* дейін, яғни, төрт түліктен тұратын барлығы 27 мал басын төлеу жазасына кесілетін. Айып жазасының осы түрінің көшпелі ортада ежелден қалыптасқан атауы – айбана. Ал ең төменгі айыптың мөлшері бір қой мен бір кез бұл (мата) ғана болды. Мұндай айыптың «азусыз ат, жиексіз шапан» (кейбір деректерде – *жиексіз тон* деп те аталынады) деп аталуы сондықтан. Мұндағы *азусыз ат* деп отырғаны – қой, *жиексіз шапан* – бір кез бұл. Аса ірі ұрлық жасаған ұры мен оның сыбайластары аталған үш тоғыз айыпқа кесілумен қатар, билер кеңесінің ұйғарымымен бүкіл мал-мүлкінен де айырылу жазасына кесілді. Айыптың бұл түрі *шау алу* деп аталынды.

Аталмыш құн жазасы мен айып жазасының үрдісінде *билік жүргізуді* ұйымдастырғандарға және ұйымдастыруға қатысқандарға *хандық*, *бидің би-*

*лігі*, *жасауыл ақы*, *сырт айғаққа* – билерге немесе жәбірленуші тарапқа жасырын куәлік беретін субъектіге (субъектілерге) және *бет айғақ* деп аталатын ашық куәлікке жүретін субъектіге (субъектілерге) тиесілі *сүйінші*, сондай-ақ, *жасауыл ақы* сияқты арнайы ақылар төленетін. Бұл ақыларды айыптың түрлері ретінде атай береді. Хан билігінің дәурені жүріп тұрған заманда *хандық* ақысы ханның ел арасындағы бүкіл этникалық деңгейге ұласқан аса ірі даулы істі бітістіргені үшін берілетін сыйақының атауы болса керек. Жоғарыда айтылғандай, хан билігі жойылғаннан кейін бұл ақы енді сұлтандарға тиесілі болды. Осы ретте айта кетер жайт – хандық құн жазасының кез-келген түрінің жүзеге асырылу үрдісінің қажетті элементі болды. Бірақ, айып жазасының ең ауқымды әрі күрделісінде ғана төленіп отырылды. Деректерге қарағанда, егер айыпқа аталған тоғыздың құрамы түйеден басталса, хандыққа деп 1 түйе, әлгі тоғыздың басы жылқы болса – 1 ат аталынды. *Бидің билігі* ақысы хандықтың жартысына – шамамен *құнға* немесе *айыпқа* арналған мал басының 1/10-не тең болды. *Жасауыл ақы* – билік жүргізу үрдісіне куәгерлердің немесе күдікті деп саналған адамдардың тікелей қатысуын қамтамасыз еткені үшін жасауылдың тиісті жазаның өтеуіне аталған мал басынан алатын ақысының атауы. Оны *көт майы* немесе *ат майы* деп те атаған. Деректерде, жасауыл ақының мөлшері жөніндегі мәлімет әрқалай берілген, яғни, нақты дәйектелінбеген. Дегенмен, аталмыш мәліметтерді өзара шендестіру және салыстырудан туындайтын қисынға қарағанда, оның орыс отаршылдығына дейінгі мөлшері 1 жылқы мен 1 шапанның шамасында болған сыңайлы. Қазақ социуми отарлық жүйенің тәртіп-қалыбымен тіршілік құра бастағаннан кейінгі заманда жасауыл ақының мөлшері 1 қойға дейін төмендеді. Сонымен бірге, жоғарыда айтылған сырт айғақ пен бет айғақ деп аталатын қылмыстық істің куәгерлеріне берілетін *сүйінші ақысы* жәбірленуші тарапынан билік жүргізудің араласуынсыз да, билердің үкім-кесімімен де тағайындалды. Куәгерлердің осы категориясының куәлігі айғақталынса, ол қылмыскердің жазасын өтеуіне аталған мал басының 1/4-не дейін алатын. Ал даулы істің мүлдем аяқталып, тараптардың береке-бітімге келгендігін айғақтайтын *даушыға жіп кесер* ақысы әлгі даулы істің ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ, жазаны өтеуге аталған мал басының санына да байланысты болды. Бұл ақының мөлшері әдетте 1 қой мен 1 шапаннан аспайтын. Осы құқықтық ғұрып бойынша, даулы істің тікелей тұлға-субъектілері алдын-ала дайындалған ала жіпті керіп ұстап тұрды. Билердің үкім-кесіміне сәйкес, ол жіптің ортасынан кесу рәсімін атқару міндетті түрде ел-жұртқа сыйлы адал адамға ғана тапсырылды. Сан алуан тарихи-этнографиялық пен фольклорлық мәліметтер осы рәсімнің хан билігі жүріп тұрған кезеңдерде басқаша – көшпелі ортада ежелден орныққан жосын бойынша атқарылып отырғандығын айғақтайды. Яғни, әлгі ала жіп қылмыскердің немесе бұзақының аяғына тұсалып байланатын. Бұл кінәлі адамның (немесе күнәһардың) билік жүргізудің үкім-кесімі жүзеге асқанға дейін жаман ой, арам пиғылдан арыла қоймағандығын, кесілген жазасының өтелмегенін білдірсе керек. Ала жіптің билердің және ел-жұрттың алдында кесілуі тараптардың арасындағы даудың енді мүлдем аяқталғандығының символы болды.

Дәстүрлі *билік жүргізу* үрдісінде *ала жіп кесу* рәсіміне дейін тараптардың арасындағы аса даулы істі бітістіруге (пәтуаға келтіруге) байланысты атқа-



рылатын салауат немесе салауат шақыру деп аталатын әдет-ғұрыптық институттың орны мен рөлі айырықша болғандығын ерекше атаған ләзім. Бұл жосынды атқаруға (*билер кеңесі* арқылы), әсіресе, руаралық деңгейдегі ұзақ уақытқа созылған текетірес дауды реттеу үрдісіне, жоғарыда айтылғандай, ел-жұрттың (аса қат жағдайда үш жүздің де) бетке ұстар *игі жақсылары* мен *ырыс ұстағандарының* аса көрнекті өкілдері қатысатын. Олардың бүкіл жұртшылық мойындаған беделі көшпелі ортадағы ушыққан істің өзінің дауға түскен тараптардың әрқайсысы үшін қолайлы шешімін табуға мүмкіндік беріп отырды.

Алайда, билік жүргізудің үкім-кесімін әлдебір себептермен тиісті жазаға кесілген тараптың орындамау жайты сирек те болса кездесіп отырды. Мұндайда арнайы қайта шақырылған билер кеңесі жәбірленуші тарапқа көшпелі ортада ежелден жасап келген мәжбүрлеу тәсілі – *барымта* ұйымдастыруға рұқсат берді. *Ата-бабаның жолы* бойынша билер барымталанатын малдың мөлшерін және барымтаның атқарылатын уақытын белгіледі. Әдет-ғұрыптық құқықтың ежелгі жосыны бойынша, билер кеңесі белгілеген уақыттан бұрын немесе кейін барымта жасауға, әсіресе, аталған мөлшерден артық мал олжалауға қатаң тыйым салынды. Мұндайда артық мал алу жайты ұрлық-қарлық деп есептелініп, кінәлі барымташылар, ең алдымен оның басты ұйымдастырушысы әдет-ғұрыптық құқықтың осы қылмысқа байланысты қағидалары бойынша тиісті жазаға кесілетін. Демек, барымтаны орыс отаршылдығы орныққанға дейінгі кезеңде дәстүрлі қазақы ортада руаралық (ру-қауым аралық) қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттейтін құқықтық институттардың бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл институттың осындай реттеушілік функциясы Ресей империясының саяси-әкімшілік, экономикалық және территориялық тәртібінің көшпелі ортада орнығуына байланысты мүлдем өзгеріп кетті. Сөйтіп, *барымта* қазақ социумының тіршілік кеңістігінің ерекше тарылуына байланысты, оның үстіне орыс әкімшілігінің тікелей арандатушылығының нәтижесінде, әсіресе, XIX ғ.-дың 70-жылдарынан бастап күшейе түскен руаралық қақтығыстың себебіне де, салдарына да айналды. Барымтаның шынайы институционалдық байыбына бойлай алмаған зерттеушілердің оны зорлық-зомбылық құралы ретінде қарастырғандықтары, өкінішке орай, әлі де қарастырып жүргендіктері сондықтан.

**Дәстүрлі әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптері – билік жүргізу (бидің билігі) жосынының идеологиялық әрі концептуалдық негіздемесі. Олардың «іске қосылуының» құқықтық механизмі.** Қазақ социумының тыныс-тіршілігін ұдайы үйлестіріп және ұйымдастырып отыратын институционалдық қатынастар жүйесі болып табылады. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұл жүйенің салт, әдет-ғұрып, жосын-жоралғы сияқты компоненттерінің басты функциясы, сайып келгенде, этностың әлеуметтік энергиясын социумдағы қатынастарды нығайта түсуге жұмылдыру болды. Ол үшін дағдылы нормалар мен принциптердің (ұстанымдардың) ата-бабадан жалғасып келе жатқан мызғымас тіршілік қағидалары екендігі, олардың жасампаз миссиясы сан алуан салттар, әдет-ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың (мысалы, ас беру жосынының) көпшілікке ежелден үйреншікті де, аса көрнекі «тілімен» паш етіліп отырылды.

Ал институционалдық қатынастардың жоғарыда айтылған құқықтық мәнді нормалар мен принциптер деп аталатын элементтерінің функционалдық ерекшелігі сонда, олар көшпелі ортадағы сан деңгейлі, сан салалы әлеуметтік қатынас жүйесінің қалыпты қызметін субъектаралық шиеленістерді *жазалау, айылқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру* сияқты құқықтық тәсілдермен «жөнге салу» арқылы қамтамасыз етіп отырды. Яғни, *билік жүргізудің* ұйымдастырылу және оның шешімінің жүзеге асырылуы үрдісінде дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың ежелден дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдардың) институттанған құқықтық болмысы мен бітімі ерекше көрінді. Расында да, аталмыш дағдылы ұстанымдар қоғамдағы алуан түрлі субъектаралық кикілжіндер мен қылмыстық істерді *билік жүргізу* жолымен шешіп отыру үрдісінің өзіндік нормативтік-процессуалдық негіздемесі рөлін атқарды. Осы қисын тұрғысынан, аталмыш нормалар мен принциптерді қоғамдық дағдарысқа ұласуы әбден кәдік субъектаралық шиеленістерді құқықтық жолмен реттеу *билік жүргізу* жосынының концептуалдық әрі идеологиялық матрицасы ретінде де қарастыруға болады. Демек, институционалдық қатынастар жүйесінің құрылымдық және функционалдық әлеуетін (қалыпты қызметін) қамтамасыз етуші басты механизм – құқықтық мәнге (ахуалды) ие болған нормалар мен принциптер. Түптеп келгенде, институционалдық қатынастар құрылымының реттеуші негізі (тетігі) осындай құқықтық мәнді нормалар мен принциптерден тұрады. Әдет-ғұрыптық құқықтың қоғам (қауым) мүшелерін «*ата-баба жолынан*» ауытқымауын қамтамасыз ететін, жөнге салып отыратын, реттейтін айырықша институционалдық қауқары да осында.

Жоғарыда *билік жүргізу* жосыны көшпелі ортадағы дағдылы нормалар мен принциптердің институттанған болмысы мен бітімін білдіреді деуіміздің мәнісі мынада: дәстүрлі құқықтың функциясы әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі субъектаралық ахуалдық дағдарыс пен шиеленіс атаулыны институционалдық-императивтік жолмен (қазақы ортада *билік, билік айту, билік жүргізу, іс кесу* деген сияқты әртүрлі аталатын институт арқылы) реттеу болып табылады. Яғни, ахуалдық құқықтық қатынасқа түскен субъектілердің (тұлғалар, ауыл, рулар, ру-тайпалар және т.с.с.) арасындағы дау-дамай, жанжал, шектен шыққан деп бағаланатын шиеленістің, қылмыс атаулының себеп-салдары, ауқымы мен зардабына қарай бидің (билердің) *билік жүргізуі* және осындай іс кесуді (шешімді) жүзеге асыру арқылы. Алайда, әдет-ғұрыптық құқықтың осындай реттеуші («*жөнге салу*») функциясы аталмыш дағдылы нормалар мен принциптерді осындай *билік жүргізу* деп аталатын қоғамдық маңызы айырықша ахуалдық сәтте «іске қосу» жолымен атқарылып отырды. Яғни, белгілі бір тәртіп бұзушылықтың (мысалы, қонақты дұрыс күтпеу, оны ренжіту) немесе шектен шыққандық деп есептелетін белгілі бір қылмыстың (мысалы, біреудің малын ұрлау) субъектілеріне *билік жүргізуге* негіз болатын қазақы ортадағы тиісті (қажетті) дағдылы нормалар мен принциптер міндетті түрде басшылыққа алынып отырды. Осы қисынның көрнекі мысалы ретінде жесір дауының кез келген түрінің көшпелі орта үшін бірден-бір әділ шешімі болып табылатын *әменгерлік* пен *мұрагерлік* принциптерін мейлінше қатаң сақтау болғандығын айтуға болады. Жоғарыда дәстүрлі әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі осындай

және осы құралыптас басқа да кикілжіңдерді *билік жүргізу* жолымен реттеу үрдісінде «іске қосылатын» дағдылы ұстанымдарды құқықтық мәнге ие болған нормалар мен принциптер деп қарастырудың қисыны осында.

Шынтуайтында, көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың өзі де ахуалдық сипатта болды. Өйткені, біріншіден, осы қатынастың субъектілері де (*билер кеңесі, би (билер), ақсақалдар кеңесі, ақсақал (ақсақалдар), рубасы, жүгініс, айыптаушы (айыптаушылар), айыпкер (айыпкерлер) немесе қылмыскер (қылмыскерлер), құныкер (құныкерлер), куәгерлер, жан беруші (жан берушілер)* және т.с.с.) аталмыш ахуалдық сәтте *билік жүргізу* кезінде ғана өздерінің тиісті субъектілік құқықтық функциясын атқарды, яғни, ахуалдық құқықтық қатынасқа түсіп отырды. Екіншіден, субъектілердің осындай ахуалдық құқықтық байланыстары жоғарыда айтылған ахуалдық үрдісте «іске қосылған» дағдылы нормалар мен принциптерге негізделді.

Көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастың салалары мен деңгейлері қаншалықты болса, *билік жүргізу* жосындарының да соншалықты «салалық» түрлері мен деңгейлері болды (мысалы, *жесір дауына, жер дауына*, мал мен мүлік дауына, кісі өлтіру, әйел затын зорлау сияқты *шектен шыққандық* деп есептелінетін тағы да басқа қылмыстарға, әртүрлі руаралық, рутайпааралық шиеленістерге байланысты тиістісінше өткізілетін билер кеңесі, жүгініс, ақсақалдар кеңесі деп аталатын «билік жүргізудің» ұйымдық түрлері мен деңгейлері және т.б. Демек, дағдылы ұстанымдардың (нормалар мен принциптердің) тиістілері қоғамдық қажеттілікке байланысты *билік жүргізу* кезінде, жоғарыда айтылғандай, міндетті түрде «іске қосылып» отырды. Яғни, дәстүрлі қазақ социумінде ұдайы болып тұратын сан деңгейлі, сан алуан құқықтық жосын кезінде дағдылы нормалар мен принциптердің қажеттілері тиісті құқықтық функция атқарды.

*Билік жүргізу* үрдісі «іске қосылған» нормалар мен принциптерді ғана емес, осы арқылы басқа да ұстанымдардың қатаң сақталуын қамтамасыз етті. Демек, *билік жүргізу* үрдісінде «іске қосылған» нормалар мен принциптерді көшпелілердің күнделікті тіршілігіндегі өзара себеп-салдарлық байланыстағы басқа да дағдылы ұстанымдарының қалыпты функциясын қамтамасыз етуші құқықтық механизм ретінде қарастыруға болады. Олай болса, көшпелі ортадағы дағдылы нормалар мен принциптерді әдет-ғұрыптық құқықтың процессуалдық-нормативтік негізі әрі концептуалдық (идеологиялық) негіздемесі ретінде қарастырған ләзім. Айтылғандардан шығатын қорытынды:

– жоғарыда екшеп көрсетілгендей, дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің *билік жүргізу* үрдісінің нормативтік-процессуалдық негізі әрі концептуалдық (идеологиялық) негіздемесі функциясын атқаруы әдет-ғұрыптық құқықтың дербес институт ретінде қалыптаса қоймағандығын айғақтайды;

– *билік жүргізу* және оның шешімінің («іс кесу») орындалу үрдісін (жазалау, айыпқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру және т.с.с.) әдет-ғұрыптық (дағдылы) нормалар мен принциптердің социумдегі субьектаралық шиеленіс атаулыны реттеуге бағытталған институционалдық-императивтік функциясы ретінде қарастырған ләзім. Бұл үрдісті дағдылы ұстанымдардың қоғамдық қажеттілікке байланысты атқаратын құқықтық функциясын қамтамасыз еткен бірден-бір институционалдық жүйе немесе субъек-

таралық шиеленістерді құқықтық жолмен реттеуші функциясының дәстүрлі қазақы ортаға тән бірегей институционалдық формасы деп те бағалауға болады.

Сонымен, *билік жүргізу* жосынының (институтының) түпкі мақсаты дәстүрлі қазақ қоғамының концептуалдық негіздемесі әрі идеологиясы әрі идеясы болып табылатын «*ата-баба жолының*», яғни әлеуметтік қатынастың ежелден жалғасып келе жатқан дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдарының) қатаң сақталуын қамтамасыз ету болды.

**Түйін.** Жоғарыда келтірілген әрқилы мәліметтер, осы мәліметтерге негізделіп айтылған пікірлердің, ой-тұжырымдардың, сондай-ақ, болжамдық мәнді көзқарастың бірыңғай орайластырылған қисыны *билік жүргізудің* дәстүрлі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың ұстанымдарының құқықтық функциясын социумдегі даулы істерді реттеу қажеттілігіне байланысты «іске қосып» отыратын бірден-бір институт болғандығын дәлелдейді. Көшпелі қоғам жағдайында билік жүргізу бүкіл құқықтық жүйенің ең басты институционалдық негізі әрі функционалдық механизмі болды. Билік жүргізудің көшпелі ортадағы ежелден жалғасқан дәстүрлі ұйымдық құрылымы мен функционалдық күйі шамамен ХІХ ғ.-дың 50-жылдарының басына дейін сақталынып келді. Осы кезеңнен кейін, әсіресе, аталмыш ғасырдың 60-90-жылдары қазақ өлкесінде Ресей империясы тарапынан күшпен жүргізілген әкімшілік-саяси реформалар дәстүрлі билік жүргізу тәртібін түбегейлі өзгертіп жіберді. Осы ретте, ең алдымен, дәстүрлі қазақы ортада билік жүргізу жүйесінің құрылымдық және функционалдық қалпы мен күйін қамтамасыз еткен ең басты әрі бірден-бір фактор билердің көшпелілердің өздері таңдайтын ежелгі жосынының жойылғандығын ерекше екшеп айту қажет. Бұл көшпелі социум үшін зардап-залалы айырықша мол жайт қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың әртүрлі деңгейлері мен салаларының өзара үйлесімділігін қамтамасыз еткен дәстүрлі институционалдық жүйенің тағы бір аса қауқарлы компоненті – *билік жүргізудің* өзінің ежелгі реттеушілік функциясынан мүлдем айырылғандығын айғақтайды. Орыстың отаршылдық саясатын қазақ өлкесінде жан-жақты, тереңдете әрі үдете жүзеге асыруға бағытталған аталмыш жылдардағы реформалардың нәтижесінде көшпелі ортадағы даулы істің 300 рубльге дейінгі есептелінгендері ғана бидің қарауында болды. Осы сомадан жоғарғылары орыс әкімшілігі тарапынан сайланған болыстық билер соты мен ояздық соттың құзырына өтті. Орныққан жаңа құқықтық жүйе және соттау тәсілдері, түптеп келгенде, көшпелі қоғам үшін мейлінше тосын әрі жат институционалдық үрдістер болды. Өйткені, бұлар Ресей империясының құқықтық жүйесінің қазақ өлкесіндегі отаршылдық саясаттың институционалдық құралы ретінде ғана функция атқарды. Осы ретте ерекше атап өтер жайт – орыс әкімшілігі тарапынан зорлық-зомбылықпен енгізілген билерді сайлау тәртібі және осы билердің кандидатураларының тек орыстың лауазымды шенеуніктерінің келісімен ғана бекітілуі дәстүрлі қазақы ортада бұрын мүлдем құбылыс *парақорлықтың* пайда болуына алып келді. Өлбетте, пара бергендер – билік сайлауына түскен қазақтар, параны алғандар орыс әкімшілігінің жауапты қызметкерлері болды. Шынтуайтында, қазақ өлкесіндегі орыстың отаршылдық жүйесін қазақтарды парақорлық сияқты сұмдық қасиетке баулыған

өзгеше институционалдық механизм ретінде де қарастыруға болады.

Аталмыш реформалардың қазақ социумінің табиғатына мүлдем кереғар екендігін бірден түсінген Ш.Уәлиханов және Абай сынды қазақ зиялыларының бірегей өкілдері қал-қадерінше әлгі реформаларға қарсылық көрсетті. Тіпті, қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін арнайы зерттеген В.В.Григорьев, Л.А.Словохотов, И.И.Крафт сияқты орыс шенеуніктері мен ғалымдары да өздерінің еңбектерінде жоғарыда аталған реформалардың көшпелі қоғамның мүддесіне мүлдем жат өзгерістер (мысалы, парақорлық пен әділетсіздік) алып келгендігіне қынжылыс білдірген еді.

Осындай жайтқа байланысты билік жүргізудің және оның нормативтік-процессуалдық қағидаларының орыс отаршылдығының жаңадан қалыптасқан саяси-әкімшілік тәртібіне бейімделген нұсқаларын қолданысқа енгізуге XIX ғ.-дың 80 – 90-жылдары бірталай әрекеттер жасалынды. **Ереже** деп аталынған әдет-ғұрыптық заң нормаларының осы нұсқаларын жүйелеп жасақтауға қазақтың әдет-ғұрпын, салтын, жосын-жоралғысын һәм ежелгі дүниетанымын терең білетін білікті адамдар мен әйгілі билер және орыс әкімшілігінің жергілікті өкілдері қатысты. Бұл Ережелердің ғылыми-танымдық тағылымы өлшеусіз десек асырып айтқандық болмайды: олардың әрқайсысының нормативтік құрылымы мен мазмұны XIX ғ.-дың екінші жартысындағы қазақ социумының әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымдарының, әсіресе, институционалдық жүйесінің жаңа отаршылдық ахуалға бейімделу үрдісін және деңгейін мейлінше дәл білдіреді. Сонымен бірге, сан алуан экономикалық, саяси, мәдени және техногендік сыртқы факторлардың тегеурінді ықпалына түскен көшпелі қоғамның бұрынғы қауқарынан айырыла бастағандығының да тарихи айғағы болып табылады.

Мұндай әдет-ғұрыптық құқық ұстанымдарының **ереже** деп аталған жаңа нұсқаларының қабылдануын, жоғарыда айтылғандай, ең алдымен қазақ социумының орыстың отаршылдық жүйесінің тәртібіне бейімделуінің институционалдық стратегиясының бірі ретінде қарастыруға болады. Алайда, осы және осы құралыптас әдет-ғұрыптық құқық қағидаларының отаршылдық ахуалға бейімделген сан алуан нұсқаларының қоғамдық іс-тәжірибеде қолданысы қажетті институционалдық механизмнің қауқарсыздығына байланысты жоғарыда аталған сыртқы факторлардың уытты уысына мықтап түскен көшпелі қоғамның тағдыр-талайына араша бола алмады.

## ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

**Нұрсан Әлімбаев.** Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының терминологиялық мәселелері: этнокогнитологиялық аспект // VII Оразбаев оқулары. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2015. 3-12-бб; Самоквасов Д.Я. Сборник обычного права сибирских инородцев. Варшава: Типография Ивана Носковского, 1876; Гавердовский Я. Обзорение Киргиз-Кайсакской степи или Описание страны и народа киргиз-кайсакского // Рукописный отдел ЛОИИСССР, АН СССР. 1803. №495. С.106-113; Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды // Сибирский вестник. СПб., 1820. Ч.9. кн. 1. С. 1-61; Кн.2. С.185-188; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. Часть третья. Этнографические известие. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. С.170-178; Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып.II. Казань, 1871. С.45-167;

Плотников В.Н. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып.II. Казань, 1871. С.45-167; Загряжский Г. Юридические обычаи киргизов. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву (зан) // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Под.ред.: Маева Н.А. Вып.IV. СПб., 1876. С.151-202; Леонтович Ф.И. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий (Цааджин-Бичик). Одесса, 1879; Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып.1. Омск: Тип. Округ. Штаба, 1886; Крахалев А. Суд и следствие у киргизов сибиря // Юридический вестник, т.28, - кн.1 (май) 1888. С. 23-48. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889; Леонтьев А. Обычное право киргиз. Судостроительство и судопроизводство // Юридический вестник, №5, 1890. С. 114-139. Он же. Управления и суда в сибирских степях // Юридическая летопись, 1892. - №7. С.18-35. Ломакин А. Обычное право туркмен. Ашхабад, 1897. С. 146; Изразцов Н. Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. - №3. С. 67-94. Он же. Обычное право («адат») киргизов Семиреченской области // ЭО, 1897. - №4. С. 1-36. Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по 17-ое столетие. Казань, 1904; Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой Орды // Труды Оренбургской Ученой архивной комиссии. Вып. XV. Оренбург: Тургайская областная типография, 1905; Вяткин М.П. Батыр Срым. М., Л., 1947; Культепеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). Алма-Ата, 1955; Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. Алматы: Жазушы, 1986; Байболұлы Қ. Төле бидің тарихы // ҚӘ. 1991. 4-қаңтар; Әзбекұлы С. Тәуке хан. Жеті Жарғы. Алматы: Санат, 1994; Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. Қарамола Ережесі. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 54-68-бб; Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті жарғы, 1998; Никишенков А.А. Степной закон. Обычное право казахов, киргизов и туркмен. М.: Старый сад, 2000; Зиманов С.З. Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005.19-34 бб.; Зиманов С.З. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, этнография және археология Институтының қолжазба қоры. 12-дәптер; Шүкірәлиев К. Тәуке хан «Жарғысы» хақында мағлұмат // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. 492-494-бб.; Султанов Т.И. «Семь установлений» – памятник права казахов XVII века // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. С. 408-417; Зиманов С.З. Полное собрание сочинений в 10 томах. Алматы: Заң, 2009; Әлімбаев Нұрсан. Көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастардың ұйымдық тең қабырғалы үшбұрыш принципі // Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған II халықаралық ғылыми конференция материалдары (Ақтөбе. 14-18 қыркүйек 2011). Алматы-Ақтөбе: Арыс, 2011. 164-168-бб; Нұрсан Әлімбаев. Есім ханның ескі жолы / Есім хан салған ескі жол // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Г-3. Алматы, 2017. 209-213-бб; Нұрсан Әлімбаев. Жеті Жарғы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-т. Г-3. Алматы, 2017. 504-522; Нұрсан Әлімбаев. Қасым ханның қасқа жолы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3-т. 3-Қ. Алматы, 2017. 640-642-бб.



# ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ

## және мемлекеттің тұтастығын сақтау мәселесі

Маржан ДӘУІТБЕКОВА (Дауытбекова),  
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы тарихи жағдай қазақ қоғамындағы батырлар институтының ықпалының артуына қолайлы жағдай туғызды. Осы кезеңнен бастап батырлар жеке әлеуметтік-саяси институт деңгейіне көтерілді. Қазақ батырлары өздеріне тән ар-намыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрін қатаң ұстанды. Олар ерлік пен Отанға деген адалдықты асыл мұрат тұтты. Сөзге берік, елге тұтқа болған батырлар институты өкілдері төрт жағынан да қауіп төнген тарихи кезеңде елдің ертеңіне, халық ретінде тарих сахнасында сақталып қалуына ерен еңбек сіңірді. Қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс – қазақ қоғамындағы батырлар институтының атқарған қызметтерін талдау, олардың дәстүрлі қоғамының саяси элитасының ажырамас бөлігі екендігін дәлелдеу Ұлы Дала ұрпақтарының қасиетін келер ұрпаққа насихаттау болып табылады. Бүгінде территориясының ауқымы жағынан әлемде тоғызыншы орынды иеленген Қазақ Елі үш жүздің басы бір орталыққа біріккен мемлекет болды. Мұны шекаралас орналасқан алып империялар да мойындаған. Оған дәлел Орынбор облыстық мемлекеттік архиві қорында сақталған құжаттағы қазақ халқының үш ордадан тұратын тәуелсіз, жауынгер және халқының саны жағынан үлкен мемлекет екендігі жөніндегі құжатты алға тартуға болады [1]. Осындай ұлан-ғайыр территорияны, ел бірлігін сақтау ісінде маңызды саяси құрылымдардың бірі-батырлар институтының алатын орны ерекше.

**Қоғамдағы батырлардың орны ежелден-ақ заңды тұрғыдан реттеліп, айқындалып отырған.** Мәселен, Қазақ хандығының іргесін қалаушы хандардың бірі Қасым хан (1511-1523) саяси жағдайға және халық бұқарасы мен билер тобының тілегіне негізделіп, қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрыптық ереже-тәртіптеріне мәнді өзгерістер енгізіп, дамытып, билер кеңесінде ақылдаса отырып, «жарғы» заңын жасады. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кеткен бұл заңдар жинағының үшінші ережесі Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат). Сол сияқты «Жеті жарғы» заңдар жинағының бесінші бунағы да ел бірлігін сақтау, отанын қорғау, сыртқы жауларға тойтарыс беру, жасақ құру, сардар сайлау, сауын айту тәрізді жаугершілік кезеңдегі мемлекеттік ірі оқиғалар жүйесін қамтыған. Бұл жинақтағы әскери жазаның бір түрі «қара мылтық алу» екен. Бұл жаза бойынша әскери қылмыскердің қаруын жою шарасы өткізілген. Бұл өте ауыр саналып, өлім жазасымен тең дәрежеде қабылданған [2, 244-б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың жоғары мәртебелі топ болып қалыптасып, қазақ жұртын «батырлар еліне» айналдыруына ел тарихының рулық, тайпалық жүйеден тұратын құрылымы тікелей ықпал етті. Себебі, қазақ жауға қарсы ұйымдасып, ұйысқанда ең алдымен сол рулардың рубасы немесе батырлары, билері арқылы топтасып, аттандап жауға аттанатындығы тарихи шындық. Міне, осы кезеңде өздерінің руларының атын шығарып, өзінің тайпасының белгісі таңбаланған туын биік ұстап шыққан батырлардың тұлғасы асқақтай түсті. Қазақтың жауға шапқан батырларына руларын бірге қосып «Қаракерей Қабанбай», «Қанжығалы Бөгенбай», «Шақшақ Жәнібек», «Шапырашты Наурызбай» деп ұрандауының астарында үлкен мағына бар. Бұл жерде «әне, анау Қаракерей батыры», «міне мынау Қанжығалы батыры» деген анықтама бар. Әрине, бұдан кейін өзге тайпалардан шыққан батырлардың да намыс отын жани түсіп, жауды түйреу үшін құлшына суырылып шығып, атой салатыны сөзсіз.

**Қазақ әскерінің жоғарғы бас қолбасшысы болатын хан әскери қимылдардың басты ұйымдастырушысы, жетекшісі және үйлестірушісі міндетін орындады.** Соғыс кезіндегі әскери-ұйымдастырушылық тетігі ханның ержүректілік, қолбасшылық дарындылығы, беделі сынды қасиеттеріне тікелей байланысты еді. Олардың билігі мен беделінің артуы мен төмендеуі қазақ қоғамындағы жоғарғы әлеуметтік топтарға да тікелей байланысты болды. Сондықтан қазақ хандары да өз есімдерімен қатар «баһадүр», «батыр» атағын иеленген.

**Ал, хандықтың бас әскербасын хан өзі тағайындаған.** Ол ұйымдастыру қабілеті бар, қол бастай алатын, шабуыл мен қорғану ісіне шебер, әрі ұрыстарда батылдық көрсеткен, жекпе-жектерде жеңіске жеткен адам болуы керек. Осындай батырды ғана әскербасы етіп қойған [2, 186-б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу барысында батырлардың үстем тапқа жатқызылуы тарихи кезеңдегі әскери-басқару құрылымының үлкен рөл атқаруымен, демек, әскери қарсыласу дәуірінде батырлар-көсемдер ие болатын зор билік ықпалымен анықталды. Батырлар институтының қалыптасуының аяқталуын негізінен XVIII ғасырмен байланыстырмыз. Сондықтан дәл осы кезеңде батырлар институтының күрделі қалыптасу үдерісі аяқталып, ол өзінің дәл осы кезеңдегі дәстүрлі қазақ қоғамына тән ерекшелігіне сай өзіндік қызметтерін атқарды.

**Соңғы жылдардағы зерттеушілер батырлар институтының қалыптасу үдерісінің аяқталуын XVII-XVIII ғасырлармен байланыстырады.** Зерттеуші Н.А.Абдоллаев, Е.С.Сатыпалды: «Ең алдымен, XVII ғасыр мен XVIII ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамының саяси тарихына тән ерекшеліктер

Мақала АР 05134605 «Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары» жобасы аясында жазылған.

басты ықпал етті. Тынымсыз сыртқы жаугершілік соғыстар, көршілес елдердің агрессиялық саясатынан қорғану, ішкі тартыста ел бірлігін сақтап, ыдыратпау тәрізді күрделі мәселелердің қайнаған ортасында батырлар жүрді, шешуші рөл атқарды. Сол себепті батырлардың мүддесімен дала элиталары «ақсүйек» (хан, сұлтан, қожа) және «қарасүйек» (би, рубасы-ақсақал) өкілдері үнемі санасуға мәжбүр болатын. Көшпелі қоғам өмірінің негізгі тіршілік көздері әскери кәсіпке де тәуелді. Оның тетігі күрделі мәселелермен біте қайнасып жатқандықтан батырлардың қызметіне деген сұраныс өте жоғары болды. Бұл барып, түрлі әлеуметтік топтардың ішінен батырлардың, бірте-бірте институтциялануына алып келді. Батырлардың әлеуметтік сипатындағы ерекшелік осында. Мәселен, би төре, бие би бола алмайды. Бірақ, екеуде жаужүректілігімен қоса ақылдылығымен батыр атана алды және айырықша құрметке бөлене түсті», – деп тұжырым жасайды [3, 12-17-бб.].

**XVII-XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеуметтік мәртебеге ие болуына қолайлы жағдай туғызған.** Сондықтан ел басына күн түскен сәтте саяси басымдық батырлар қолына өтті. **Бұл туралы зерттеуші Н.Г.Апполова:** «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы батырлар тек қана әскери жорықтарда маңызды рөл атқарған жоқ. Олар әртүрлі дипломатиялық тапсырмаларды орындайтын елшілер ретінде де белсенділік танытады. Ақсақалдар кеңесіне де құлшына араласады. 30-жылдардағы феодалдық күрес кезінде берік топты құраған Бөкенбайдың басқаруындағы батырлар қазақтардың Ресейдің қарамағына өтуіне шешуші күш болған», – деп жазды [4, 169-б.]. Сыртқы жаудан қорғану, елдің ішкі бірлігін сақтау сияқты күрделі мәселелерде батырлардың рөлі жоғары болды. Батыр атағын ақсүйек және қарасүйек өкілдері де қоғамдық дәрежесіне қарамастан бірдей иелене алатын, әрі батырлар XVII-XVIII ғасырлардағы сыртқы фактордың күштілігінен қоғамдық қатынастарда басымдылыққа ие болды.

**Енді батырлар институтының атқарған қызметі мен оны реттейтін ережелердің мазмұнын және қалыптасуын толығырақ ашып көрелік.** Ол үшін бұл мәселені батырлардың әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси қызметі деп бөліп қарастырғанымыз жөн.

**Зерттеу тақырыбымыздың уақыт шеңбері қазақ тарихындағы түрлі өзгерістер әкелген бетбұрысты кезеңге сәйкес келеді.** Оның басты себебі географиялық, шаруашылық-экономикалық және саяси-әлеуметтік жағынан үш субэтностық аймаққа бөлінген Қазақ хандығының ішкі байланыстарының әлсіздігін, ру-тайпалар арасындағы қарым-қатынастардың тұрақсыздығынан және билеуші топтардың саяси бақталастығынан туындады. «Ортақ өгізден, оңаша бұзауды» артық көрген билеушілер арасындағы алауыздық қазақ халқының болашағын тығырыққа тіреді. Жоңғар шапқыншылығына дер кезінде тойтарыс берілмеуінен «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» тәрізді зұлматтар орын алды. Мұның барлығы ру-тайпа игі-жақсыларын, яғни батырлар мен билердің үстем түсуіне жағдай жасады. Басқаша айтқанда: «XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы мейлінше күшті өсті, мұның өзі сыртқы қауіпке және қазақтардың

әлеуметтік ұйымдасуында әскери құрылымдар рөлінің арта түсуіне байланысты болатын. Жоңғарлар басқыншылығына пәрменді тойтарыс беруді ұйымдастыру қажеттілігі әуелі әскери сахнада ал сонан соң саяси сахнада да халықтың жол бастаушылары мен қолбасшылары – батырлардың аса көрнекті шоғырының пайда болуына жеткізді» [5, 238-б.]. Үмбетей жыраудың:

*Батыры ханға сай болды,*

*Елің жайпақ болды,* – деп жырлайтыны осы кезең [6, 134-б.].

Тарихи даму үдерісінің біркелкі болмауына орай қоғамдық институттар бірін-бірі жиі алмастырып, соған байланысты әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың бірі алға шығып, екіншісі кенжелеп отырды. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде батырлар институтының алдыңғы қатарға шығуы заңды құбылыс болатын.

**Әскери өнерді кәсіп етіп, ел қорғау арқылы даңқ пен абыройға бөленген батырлар енді жәй ғана қару асынған сарбаз емес, халыққа сөзін өткізіп, билік айтатын саяси тұлғаға айналды.**

Олардың атап өтерліктей маңызды ішкі саяси қызметтері қатарына азаматтық басқару істеріне тартыла бастауларын жатқызамыз. Тіпті кейбір жағдайда хан мен сұлтандардың өзі батырлармен санасып отыруға мәжбүр болған. Өйткені ханның немесе сұлтанның қоғамдағы орны оған қолдау білдірген батырлардың беделі мен санына қарай анықталды. Оның үстіне батырдың шыққан руы үлкен болып, өзі ауқатты болса, осыған қатысты біздің ой-тұжырымдарымыздың барысын түсіну қиын емес. Халқымыздың «батыр болып, бай болса, ханнан несі кем» деп сөз саптауы осыған қатысты айтылса керек. Бұл айтылған тұжырымдарымызды тарихи деректермен негіздесек. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ ел басшыларынан ант қабылдаған Татищев Әбілқайыр ханды көп ешкім тыңдамайтындығын айта келіп, Орта Жүзден Жәнібек батыр мен Шүрек батыр және Кіші Жүзден Бөкенбай батыр жоғары беделге ие екендіктерін жазады [7, 160-б.]. Қазақ батырларының ішкі саяси жүйесіндегі ықпалын төмендегі тарихи оқиғалардың желісі негізінде одан ары дамытсақ. Алғашқы оқиға есімі ұранға айналған Алдияр батырмен байланысты. М.Тынышбаев еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, Алдияр батыр Тәуке ханның замандасы және ханның оң жағын ала отыратын батырдың бірі болғанға ұқсайды [8, 220-б.]. Міне осы Алдияр батыр мемлекеттік істерді ақылдасатын шаруалар туындағанда Тәуке ханның жанынан табылып, өзінің пайымдауларын білдіріп отырса керек.

Батырлардың саяси ұстанымдарына байланысты ел басына түскен қиын кезеңдерде шешімді қиын қоғамдық мәселелердің ел жиынында шешілетіні Тевкелевке жолығуға келген кіші арғын руынан қара балуан Бөгенбайдың айтқанынан да білінеді. Ол: «*мамыр айында Орта жүздің бүкіл ел басшылары: хандар мен сұлтандар, қазақтың түгел ру басшылары жиналған кеңес болады. Егер бодандық мәселесін түбегейлі шешемін десе елші соған қатыссын*», – деді [9, 63-б.]. Патша өкіметі саяси биліктің тізгіні хандарда ғана емес, би-батырларға да тікелей қатысты екенін ұғынған соң оның айналасындағы ру басшылары сынды жақын адамдарға да сый-сияпат жіберіп көңілін аулауға тырысты [10, 2-2 об. б.]. Батырлар мемлекеттің болашағына алаңдады. Мысалы, Бөгенбайдың ел тағдырын терең ойлайтын кемеңгер азамат екенін 1748 ж. Орынбор кездесуінен байқаймыз. Көшпелі елдің тағдыры не болмақ, замана тынысы қалай, елдің болашағы үшін қандай

саясат ұстану керек – осының бәрі батырдың Ресей басшыларына қойған кей сауалдарынан көрініп тұрады. Қазақ саясаткерлерінің көпшілігі қайткен күнде де қалыпты өмір соқпағын бұзбауға тырысса, Бөгенбай сияқты батырлар өзгерістердің болмай қоймайтынын аңдаған.

**Би-батырлардың ішкі саяси қызметінің белсенділігін 1734 жылғы Ұлы жүз атынан жүргізілген бодандық келіссөз құжаттарынан да көреміз.** Ұлы атынан Төле, Бөлек, Сатай, Қодар билер, Қангелді сияқты батырлар аты кездеседі. 1740 жылы Ор кездесуінен Орта жүздің тағдырына толық қатысы бар Нияз батырдың рөлі аса маңызды болды. Деректер бойынша ол Сәмеке хан тұсында Түркістан алқабын меңгерген, Князь Урусовқа қазақ хандарының шежіресін баяндап берген білімпаз батыр әр халықтың ерекше табиғатын айыра біледі, ол бір сөзінде: *«орыстың ақылы басы мен жүрегінің түбінде, қазақтікі көзінде»*,– дейді [9, 156-б.]. Көшпелілер дүниенің әр құбылысының сыртқы түріне, әшекей, қызығы-шығына көп көңіл бөлетінін батыр дәл айтқан.

Сонымен жоғарыда баяндалған тарихи мәліметтерді қортындыласақ. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында батырлар институтының ішкі саяси жүйеде айтарлықтай дәрежеге ие болғандығын аңғарамыз. Демек, осы уақытта батырлар жай ғана қару асынған жауынгер немесе қолбасшы ғана емес, мемлекеттік мәселелерде сөзі бар, өзі шешім қабылдай алатын әлеуметтік құрылым ретінде пісіліп жетілген. Бұл дала демократиясының өзіндік құндылығы болатын. Г.Спаскийдің деректеріне сүйенсек, қарастырып отырған кезеңде үш жүзге бөлінген 67 ру-тайпалық бірлестіктің жиырма бесінің билік басында (37,3%) батырлар болған [11, 34-б.].

**Би-батырлардың саяси өмірдегі ауыр салмағын келесі статистикалық деректерден байқауға болады.** 1743 ж. Ор кездесуіне Шақшақ Жәнібек 431 ел басшысын ертіп келеді, тама Есет батыр 153 адаммен келді, ал Әбілқайыр күйеу баласы Жәнібек сұлтанға 47 адам ғана ерген. Ресей құжаттарында Жәнібекті: *«өзге ру басыларынан көп жоғары, қазақтың екі ордасында да ханмен тең билігі бар. Орынборға келген кезінде оған ерген билер саны ханға ергендерден көп және бәрі салмақты, белгілі билер»*,– деген баға кездеседі [9, 156-б.]. И.Неплюевтің өзі Жәнібекпен тең сөйлесуге мәжбүр болған.

**Батырлардың қоғамдық қатынастардағы орыныққан беделін ескерген сұлтандар және Ресей әкімшілігі оларға қатысты ерекше саясат ұстанды.** Беделдерінің Ресейдің қолдауы арқылы ғана емес, жанынан табылған батырлардың санына қарай артатынын сұлтандар да түсінетін. Сондықтан да олар айтулы батырлармен достық, туысқандық, т.б. қарым-қатынастар орнатуға тырысатын немесе ерекше сый-сияпат беретін. Сұлтан Баймұхамед Айшуақұлы Ордада тыныштық орнатуда Сүйінқара батырға сүйену үшін оған бір үйір жылқы береді [12, 269-б.]. Орыс әкімшілігінің қызметіндегі сұлтандар өздеріне берілген тапсырманы орындауда батырлар институтының өкілдерін іске қосуға күш салған. Ал егерде қазақ елінің ішкі жүйесінде Ресей белгілерен қызметтерден сұлтандар тыс қалып жатса, олар өздерінің қарсылықтарын білдіруге тырысатын. Мұнда да олар батырлардың қолдауынсыз ештеңе істей алмайтындарын түсініп, зерттеу нысанымыздың қызметтеріне жүгінуге мәжбүр болған. Сөзіміз дәлелді болуы үшін дерекке кезек берсек: *«Біздің құрметті*

*ағамыз Сүйінқара батырға... сыйластығымызды білдіреміз.*

*Сен тау шыңындағы арыстан ретінде, бүкіл халықтың ар-намысы үшін ештеңеден аянбадың. Сенің тірі кезінде-ақ біз орыстардан қысымшылық көріп отырмыз. Егер сен бізді өзіңнің туысың және бауырың ретінде санасаң, онда азаматтарыңмен бірге бізді құтқар»* [9, 258-259-бб.].

Отарлау саясаты қарқынды жүруі үшін қазақ қоғамының ерекшелігін зерттеген орыс үкіметі, ру-тайпалық жүйеге негізделген қазақтың қоғамдық формациясында батырлар институтының жоғары екендігін түсінді. Сондықтан олардың саясаты дәстүрлі билік жүйесін сақтай отырып, батырлар қауымына өздерінің тұрғысынан алып қарағанда белгілі-бір артықшылықтар беруге негізделді. Бір сөзбен айтқанда қазақ қоғамында онсыз да жетекші рөл атқарған батырлар тобына ерекше бір билік лауазымдарын ұсынуға тырысты және әртүрлі сый-сияпаттар арқылы олардың көңілін аулап, батырлар мен сұлтандар арасындағы түсініспеушілікте екі жақты саясат ұстанды. Оның бір айқын дәлелі Жанқожа батыр мен сұлтандар арасындағы кикілжіңде орыс әкімшілігінің батыр тілектерін қабыл етуі. Бұған қоса аталған батырға қатысты губернатор Перовскийдің қызметкерлеріне берген төмендегідей тапсырмасы көп жайттарды аңғартса керек: *«... әзірше батырды сылап-сипап оның ашуын келтірмеңдер, ол әлі бізге қажет»* [13, 222-б.]. Мұндай саясат жалғыз Жанқожа батырға ғана емес, жалпы қарастырылып отырған кезеңдегі ішкі және сыртқы саяси қарым-қатынастарда ықпалы бар тұлғалардың барлығына қатысты қолданған деп түсіну керек.

**Ресей әкімшілігінің батырлар институтын өздерінің саясатына пайдалануының тағы бір көрінісі «тархандық» лауазымын енгізуден байқалды** [14, 64-б.]. Тархан атағын иеленгендер қатарында шақшақ Жәнібек Қошқарұлының [15, 107-б.], Есет Көккіұлының, Жоламан Тіленшіұлының, Сырым Датұлының болғандығына қарап, бұл лауазым көп жағдайда беделді батырларға ғана берілген деп қорытынды жасай аламыз. Шындығына келгенде тархандық әлеуметтік институт ретінде түркі дәуірінен бастау алып, түркі-моңғол тұтастығы ыдырай бастаған XV ғасырға дейін түрлі даму кезеңінен өтті. Ал Ресей әкімшілігі болса бұл институтты дәстүрлі билікке қарама-қайшы қоятын күш ретінде пайдалануға ұмтылды. **Танымал тарихшы М.Қозыбаев осыған қатысты былай деп жазды:** *«Патша Жәнібекке тархандықтың бірінші дәрежесін, Тама Есетке екінші дәрежесін берді. Беріп қоймады, Есеттің іші күйсін, екі батырдың ара-қатынасы шиеленісіп, қазақ тайпаларының, жүздерінің арасындағы қарым-қатынас бұзылсын деп есептеді»* [16, 83-б.]. Бір жағынан зерттеушінің тұжырымында шындық болғанымен, екінші жағынан алып қарайтын болсақ ең маңыздысы бұл құбылыста да зерттеу нысанымыз батырлардың алдыңғы орында жүруі. Бір байқайтынымыз тархандық атақты XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы ширегінде иеленген батырлар осы лауазымды бекіткен Ресейге қарсы азаттық көтерілістерді ұйымдастырушылар. Бұл тархандық лауазымның түркі дәуірінде жоғары лауазымдық дәрежені білдіргенімен, дәл қарастырып отырған кезеңде тек батырдың баламасы ретінде ғана қолданған деген қорытынды шығаруға итермелейді.

**Тархандық лауазымдық атақтан бөлек Ресей әкімшілігі басқа да іс-шаралар жүргізді.** Мәселен, арнайы заңмен Жанқожа батырды Сырдарияның



оң жағалауында, Қарақұм мен Борсық құмдарында көшіп жүрген ру-тайпалардың басқарушысы етіп бекітеді және есауыл шенін береді. Бірақ, өзіміз жоғарыда айтып өткеніміздей, Ресей әкімшілігі бекіткен қызметтердің сұлтандар үшін маңызы болғанымен, батырлар институты үшін дәрежелік мазмұны болмады. Өйткені батырлар онсыз да өзі шыққан рудың басшыларының бірі болатын.

**Батырлар институтының ішкі саяси қызметін айқындауда қазақ қоғамындағы барлық игі-жақсылардың бас қосуымен өтетін жиындардың маңызы зор.** Олардың ішінде, әсіресе, қазақ қоғамында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайларды талқылау үшін ұйымдастырылатын хан кеңесінің өзіндік орны болды. Зерттеуіміздің негізі болып отырған батырлар, одан басқа билер мен жыраулар кеңестің тұрақты мүшелері болған. Ханның кеңес құруы жорық үстінде де, жорық алдындағы дайындық пен бағыт-бағдарды айқындау алдында да іске асырылады. Ханның жорық кезінде ұйымдастырған кеңесіне, негізінен, батырлар қатысады. Хан батырлармен жорық барысында қалыптасқан жағдайды талқылайды. Батырлар өз кезегінде пікірлерін бүкпесіз айтып, ханның кейбір шешімдерін қолдамайтындықтарын да білдіріп отырған. Бұл әскери демократияның бір көрінісі ретіндегі батырлар институтының шарықтау шегіне жеткендігінің белгісі болатын. Бұдан басқа да ұйымдастырылатын халық кеңестерінің маңызы хан кеңесімен қатар болмаса, төмен бола қойған жоқ. М.Гродековтың көрсетуінше ондай халықтық мәслихаттарда мынадай төрт мәселе қарастырылған: *жайлау, қыстау, соғыс және бітім жариялау* [17, 25-б.]. Бұлардың қатарына хан сайлау мәселесін де кіргізуге болады. Тереңірек үңіліп қарастыратын болсақ аталған мәселелердің бесеуі де батырлар институтының еркінен тыс шешілмегендігін аңғарамыз. Мәселен, қыстау мен жайлау жер мәселесіне негізделгендіктен, соңғы сөз ру басшысы болып келетін батырларда болғандығы анық. Олай деп тұжырым жасау себебіміз қазақ қоғамының ерекшелігіне сәйкес әрбір рудың арнайы бағандармен бөлінбесе де, шартты түрде белгіленген көшіп-қонатын аумағы болатын. Сол заңдылықтарды сақтау, ру аралық келеңсіз оқиғалардың орын алмауын қадағалау ру басшысы және сол кезеңдегі мемлекеттің тұтқасын ұстаушы ретіндегі батырлардың басты ішкі саяси қызметтері болатын. Қарастырылып отырған уақытта орын алған жаугершілік қазақ ру-тайпаларының көпшілігін орныққан көші-қон үрдістерінен тартынуға мәжбүрледі. Соған байланысты өрісі тарылған ру көршілес орналасқан рудың жерінен уақытша енші алатын. Бұл, әрине, кеңесте талқыланып, екі жақты келісім арқылы шешімін табатын. Кей уақыттарда күшті рулардың өздерінен әлсіздеу руларды қоныстарынан ығыстырып жіберіп отырғандықтарын да жоққа шығаруға болмайды. Мұндай жағдайларда да алдыңғы қатарда батырлар қауымының өкілдері жүргендігі айдан анық. Ал соғыс пен бітім туралы айтатын болсақ, мемлекеттің басты ұстанымдарын белгілеп, анықтайтын, бұл екі үдерісте батырлар институтының қатысуынсыз шешілмегендігі даусыз. Оның да себептері жоқ емес. Аталған екі мәселенің алғашқысы толығымен қазақ қоғамындағы батырлардың өмірлік қағидаларымен ұштасып, олардың мойындарына ілінген отан алдындағы борыш қамыты ретінде сипатталады. Соған байланысты, бұл мәселедегі соңғы өрі түйінді сөз батырлар тарапынан жасалатын. Бітімгерлік ханның шешімімен, билердің араласуы арқылы

орындалатын мәселе деп айтқанмен де, бұл тағы да батырлардың келісімінсіз өтпеген деп тұжырым жасай аламыз. Өйткені соғыс кезінде батырдың жауына есесі кеткен шақтары болады. Ал оны қайтару немесе құнын даулау, яғни кегін алу батыр атағын иемденген кез келген азаматтың алдыға қойған принципі болатын. Оның орындалмауы нағыз батыр үшін өлгенмен бірдей болатын. Осыдан келіп бұл мәселе де батырдың араласуынсыз өтпеген деген ой түйеміз. Құрылтайда қарастырылатын тағы бір маңызды мәселе, хан сайлау тәрізді рәсім, батырлар қауымының тікелей назарында болған. Мысалға, Әбілқайыр хан қайтыс болған тұста Ресейге қарсы батырлар тобы Батыр сұлтанды ақ киізге көтеріп хан сайласа [9, 433-б.], Ресейлік бағытты ұстанатын батырлардың бір бөлігі Нұралы сұлтанды хан етіп бекітуді өтініп, Ресей әкімшілігіне хат жолдаған [18, 453-б.]. Дәл осы оқиға Есім өмірден озғаннан кейін дала заңы бойынша Қаратай сұлтанды хан етіп бекітуді өтініп, Ресей әкімшілігіне жазған хатта да қайталанатын [19, 85-85 об.]. Бұл келтірілген деректер біріншіден батырлар институтының қазақ мемлекетінің ішкі саяси жүйесінде қаншалықты ықпалға ие болғандығын көрсетсе, екіншіден, Ресейдің аймақтағы билігінің артуына қарай батырлардың біраз бөлігінің саяси ұстанымдарының Ресейге қарай ауып бара жатқандығын аңғартады. Қалай дегенде де кез келген сұлтанның таққа қол жеткізуі әскери күшті қолына шоғырландырған батырлар институтының мақсат-тілектеріне қарай анықталғандығын жоққа шығаруға болмайды. Әскери демократияның басты қозғаушы тетігі ретінде батырлар өздері тәрізді соғыс майданында қан кешіп, жорықтардың ыстық-суығын бастан өткерген сұлтандарға қолдау көрсететін. Соған байланысты таққа үміткер сұлтанның басқа қарсыластарынан оза шығуына жағдай туындайтын. Бұл ежелден тамыр тартатын дала ережелерінің нақ көрінісі деуге болады.

**Жалпы жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай заңдылықты анық аңғаруымызға болады.** Ол XVII ғ. соңы мен XVIII ғ. алғашқы жартысындағы және XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. бірінші жартысындағы батырлар институттарының қазақ қоғамының ішкі саяси жүйесіндегі қызметтерінде айрықша үндестіктің болмауы. Мәселен, алғашқы кезеңде батырлардың ішкі саяси қызметі анағұрлым кең болып, батырлардың іс-әрекеттері ұлттық жауапкершілікке негізделсе, одан кейінгі кезеңде батырлардың қызығушылықтары көп жағдайда ру-тайпалық принциптен аспай қалды. Оның басты себебі Ресейдің жүргізген отарлау саясатымен тікелей ұштасып жатты. Қалай айтқанда да өзіміз жоғарыда тоқталып кеткеніміздей батырлар институты қарастырылып отырған кезеңде қазақ қоғамының ішкі саяси мәселелерін шешуде және дамытуда жетекші орынға ие болған.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты, 1-қор, 1-тізім, 1-іс, 72-б.
2. **Еламанов Қ.** Қазақтың бұрынғы ел басқару құрылымы және билер қызметі // Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. – 10 томдық / Бас ред.: С.З.Зиманов. – Алматы, 2004. – Т. 2. – 240-249-бб.
3. **Абдоллаев Н.А., Сатыпалды Е.С.** Дәстүрлі қазақ қоғамының батырлар институты: әлеуметті сипаты мен қоғамдық қызметіндегі ерекшелік // Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2002. – №4. – 12-17-бб.

4. **Апполова Н.Г.** Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. – Алма-Ата: АН ССР, 1948. – 254 с.  
5. Қазақстан тарихы көне замандардан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы, 2002. – Т. 3. – 768 б.  
6. Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 241 б.  
7. **Витевский В.Н.** И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. – Казань, 1897. – Т.1. – 292 с.  
8. **Тынышпаев М.** История казахского народа: Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1998. – 221 с.  
9. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.  
10. Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты, 4-қор, 1-тізім, 1-іс, 2-2 об. б.  
11. **Ерофеева И.В.** Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 336 с.  
12. **Рязанов А.Ф.** Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1737-1838 гг.). Очерки

по истории национального движения Казахстана в 2-частях. – Кызыл-Орда, 1926. – 5 с.

13. **Аничков И.** Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедов. – Алматы: Терме бірлесігі, 1991. – 31 б.

14. Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты, 1-қор, 1-тізім, 1-іс, 64-б.

15. Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты, 3-қор, 1-тізім, 1-іс, 107-б.

16. **Зеланд Н.** Қырғыздар. Батыс Сібір бөлімінің жазбалары // Қазақтар. Қазақстан һәм қазақтар хақында. – Алматы, 1998. – 432 б.

17. **Гродеков Н.И.** Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический бытъ. – Ташкент, 1889. – Т. 1.: – 298 с.

18. **Құнтөлеуұлы А.** Әбілқайыр хан. – Алматы: Дәуір, 2008. – 600 б.

19. Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты 5-қор, 1-тізім, 963-іс, 85-85 об. б.

## ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ: теориялық-методологиялық өлшем және тарихнамалық шолу

**Ақбота БЕКСЕЙІТОВА (Бексейитова),  
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік  
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

**Көшпелі қоғам өркениеті – қазіргі Қазақстан тарихнамасындағы өзекті мәселелердің бірі.** Аз уақыт бұрын «көшпелі қоғам тарихының методологиялық мәселелері негізінен көшпелі халықтарда өркениет болды ма, болмады ма» деген сұрақ төңірегінде өрбіді. Көшпелі қоғамның өркениетті дамуы мәселесіне байланысты жауап шешімі әлемдік тарих ғылымында қалыптасқан унитарлық-кезеңдік және эмбебап-плюралистік бағыттағы формациялық және өркениеттік негізгі ғылыми теориялар негізінде қарастырылды. Тарихи үдерісті өлшеудің бұл категориялары, әрине, батыс әлемінің қоғамдық ойының эволюциясының нәтижесі болғандықтан еуропалық социумға бағытталған. Көшпелі қоғам тарихының методологиялық мәселелерінің мәні өзінің мазмұны жағынан еуроцентристік болып табылатын жалпы қабылданған классикалық әлемдік-тарихи үдеріс жүйесіне сәйкес келмейді. Сондықтан қазіргі таңда өркениет, жалпы «өркениет» түсінігі мәселесіне байланысты көзқарастар әр алуан.

Қазіргі қалыптасқан цивилиограф-зерттеушілердің бірі Е.Б.Черняк өз еңбегінде «цивилиография дегеніміз – теоретикалық тарих деңгейінде даму үдерісін оқытатын ғылым» дей келе, оның нақты және теоретикалық түрлерін атап өтеді. **Ғалым пікіріне сүйенсек, теоретикалық цивилиография екі негізгі бөлімнен тұрады: 1) методологиялық цивилиография, оның міндеті – кез келген өркениет тарихының ғылыми теориясын қанағаттандыра алатын ережелерді оқыту; 2) концептуальді цивилиография, оның мазмұнынан тарихи үдерістің логикалық тепе-тең ғылыми теориялары құралады [1,7-б.]. Біз қарастырып отырған Еуразиялық көшпелі өркениет өзінің даму жолында үш сатыдан өтті. Осыған орай *номадология көшпенділерді «ежелгі», «классикалық» және «соңғы» деп үшке бөледі.* «Ежелгі көшпенділерге» скифтер, сақтар, ғұндар мен еуразиялық дала тайпалары жатса, ал әдетте орта ғасыр моңғолдары мен түркілерін «классикалық»**

көшпенділер деп танымыз. Ал, қазақтар «соңғы» көшпенділер тобына жатады.

Адамзат тарихындағы көшпелі-отырықшы өркениетті қалыптастырып, оның өркендеген байтақ аймағы, негізгі орталығы болған Ұлы Дала аталған жер шарының Орталық-Азиялық бөлігі болса, сол кездегі осы аймақтағы елдердің этникалық құрамын негізінен түрік тектес халықтар құрады. Сондықтан да бұл даланы мәдени-этникалық мағынада Тұран, Түркістан деп атаған. **Белгілі түркітанушы ғалым Ж.Әкім:** «*«Тұран», «Түркістан», «Қазақстан» – түркі халықтарының, оның ішінде қазақ тарихының әр кезеңінде оларды біріктіру үшін пайда болған концепция, ұғым немесе идея. Қазақтар түркі халықтарының құрамдас бөлігі, яғни, біздер тұрандықтар мен түркілердің тікелей ұрпағымыз», – деп тұжырымдайды [2,38 б.].* Алайда, өркениет туралы пікір көп. Батыстың, сондай-ақ Ресейдің көшпелілер тарихымен айналысушы ғалымдары: **Крадин Н.Н, Марков Г.Е., Хазанов** түркі мемлекеттілігінің сипатын анықтағанда оны отырықшы-егінші халықтардың мемлекетке дейінгі саяси жүйесі болатын тайпа бірлестігі, көсемдіктер деңгейіндегі саяси құрылымдар болды деп көрсетуге бейім [3, 71-б.]. **Ағылшын философы Арнольд Тойнби** өзінің «Постижение истории» атты өркениеттер тарихына арнаған еңбегінде көшпелілер қоғамы *«кенже қалған қоғам»,* дамымаған өркениет дей келе, көшпелілер қоғамын *«тарихы жоқ қоғам»* деген тұжырым жасайды [4,181-18-б.]. **Ал Н.Аристов, Н.Гродеков, Г.Потанин** сияқты Ресей зерттеушілері көшпелі қоғамдағы жоғары мемлекеттік билікті мемлекеттің пайда болуының патриархалдық теориясымен байланыстырды [5]. Марксистер детерминизмді (материалдық өндірістің анықтаушы рөлін) бірінші орынға қоя отырып, *«көшпелілердің тапқа дейінгі дамуы»* концепциясын жақтайды. Бұл теорияның өкілдері күрделі бірлестіктер деңгейінде болған көшпелілер империясының орын алуын диа-

лектикалық материализм теориясындағы «кездейсоқтық және қажеттілік» категорияларына сәйкес, эфемерлік (уақытша және кездейсоқтық) құрылымдар деп көрсетуге тырысады.

**XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында номадологияда мемлекеттіліктің пайда болуы мәселесіне байланысты «жаулап алу», «келісімпаздық» теориясы үстем болып, кең таралды.** Осы теорияның өкілдері австриялық белгілі қоғам қайраткері, **социолог Людвиг Гумплович**, неміс және америкалық социологтарының көрнекті өкілі **Франц Оппенгеймер** және т.б. шетелдік зерттеушілер өз еңбектерінде бұл теорияны негіздеу үшін көшпелілердің отырықшы қоғамдарға жасаған жорықтары туралы мәліметтерге ғана сүйенді [6]. Осыған қарап, қазіргі көпшілік политогенез теорияларының өкілдері көшпелілер империяларында мемлекеттіліктің басты белгілері болған жоқ деп есептейді: егер билеуші тек консенсуске негізделген биліктің иесі ғана болса, яғни, іс-жүзінде тек беделімен ғана басқарса, онда бұл шынайы мемлекеттілік бола алмайды деп есептейді. Әрине, әлемдік өркениетке «аң стилін» енгізген көшпелі қоғамның өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл оның экологиялық жүйесіне, шаруашылық даму ерекшеліктеріне, әлеуметтік жүйесінің сипатына байланысты ерекшеліктерден туындайды. Көшпелілер әлемі мен Еуропалық мемлекеттер сәйкестігі материалдық мұралардың ұқсастығында емес, тарихи-әлеуметтік болмысының тектестігінде, заттық игіліктердің қандай ауқымда жасалғандығында емес, сол заттық игіліктерді адамдардың қандай қоғамдық қарым-қатынаста игергендігінде. Көшпелі халықтардың әлеуметтік қажеттіліктері тудырған мұралардың отырықшы халықтардың мұраларына ұқсамауының себебі де осында.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы сан ғасырлар бойы бір текті дамыған көшпелілердің рухани өлеміндегі ұдайы шыңдалып отыруды осы пікірлер орнықтыра түсуі тиіс және осы уақытқа дейін тарих ғылымында орнығып қалған «мәдениетті отырықшы ел жасайды» деген пікірдің негізсіз екендігін зерделетеді. **Бұл жөнінде атақты еуразияшыл ғалым Л.Н.Гумилев:** «Он тоғызыншы ғасырдың бізге мұра етіп қалдырған концепциясы бойынша, прогресшіл цивилизацияны жасаушы тек қана отырықшы елдер, ал Орталық Азияда бейне бір тапжылмас тоқырау немесе варварлық пен жабайылық шөгіп жатқандай. Бұл концепцияның сорақылығы қате екендігінде ғана болса бір сәрі, мәселе мұндай сорақылық ғылымның күмән тудырмас жетістігі ретінде ұсынылып отыр», – деген болатын [7]. **Белгілі қазақстандық тарихшы Б.Кәрібаев:** «Шығыс елдерінің тарихымен айналысатын ғалымдардың бәрі дерлік бір ғана ортақ ұстанымға, тұжырымға сүйенеді. Ол – еуропалық ғалымдардың өз елдерінің тарихын зерттеуде өздері қалыптастырған, қолданған ұстанымдары, көзқарастары, ұғымдары мен терминдері, заңдары мен заңдылықтары. Осындай ұстанымдар еуроцентризмге алып келгені белгілі. Еуроцентризмнің Азия халықтарының тарихына, оның мемлекеттілігіне қатысты негізгі мәні, біріншіден, еуропалықтардың Азиядағы жыртқыштық, отарлық саясатын ақтау болса, екіншіден, азиялықтарда мемлекеттіліктің болмағандығын, сондай-ақ мемлекеттіліктің болу мүмкіндігінің өзін жоққа шығаруға саяды», – деген пікір айтады [8].

**Л.Гумилев:** «Көшпелілер мәдениеті 3000 жылға созылған даму барысында Жерорта теңізі мен

*Шығыс өлкесінің халықтарымен салыстырғанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді» [7], – дейді. Ғалымның пікірінше, көшпелілер әлемдік өркениет пен мәдениетке елеулі үлес қосты. **Ал, профессор Ә.Байбашаның пікірінше:** «Далалықтардың алғашқы мемлекеттері сақ тайпаларының бірігуі нәтижесінде қалыптасқан. Қытай жылнамаларынан белгілісі: шығыста – Сиуңну (Ғұн) мемлекеті, қазіргі қазақ даласында – Үйсін мемлекеті, ал Батыс – тарих атасы Геродоттың мәліметі бойынша скиф (сақ) тайпаларының елі болған. Қазақ даласындағы Үйсін мемлекеті екі жарым мың жылдай ұдайы даму жолынан өтіп, әр кездері Түрік, Түргеш, Қарлық, Қарахан және басқа мемлекеттер аталып, XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының негізі болып қаланды» [9], – дейді. Осы пікірді Манаш Қозыбаев та негіздейді [10]. Демек, қазақ өркениетінің бастауы тереңде жатыр.*

**Көшпелі өркениет ұғымын Ә.Марғұлан, К.Ақышев, К.Байпақов сияқты атақты қазақстандық ғалымдар еңбектерінде жиі қолданды.** Карл Байковтың пікірінше, «көшпелілер мәдениеті», «көшпелі өркениет» дегендер орынсыз. «Дала мәдениеті мен өркениеті» деген дұрысырақ, себебі, бұл көшпелілікті ғана емес, отырықшылықты да, мал шаруашылығымен қатар, егіншілік пен қала өмірін де сипаттайды. Осы «айрықша номадизм» термині Қазақстанның бос жатқан жерлері туралы, көшпелілер мәдениетінің ішкі заңдылықтары туралы пікірталастарға негіз болып отыр. Номадизм – дала шаруашылығы, өмірі мен тұрмысының, қазақстандық далалық өркениетінің ерекше бөлігі. Дала өркениеті адамзат тарихына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бұл терминнің мағынасы кең. Дала – географиялық ұғым. Мыңдаған шақырымдық байтақ далаға қоныстанған көшпенділер өздерінің этно-мәдени тұтастығын сақтай білді.

**Көшпенділер мәдениеті, көшпенділер болмысы, көшпенділер феномені деген мәселе осы сияқты қасиеттерді танып түсінгенде ғана өзінің сыр себебін ашуға тиіс.** Көшпенділер өз кезінде материалдық мәдениеті мен өркениеті дамыған Құшан, Ұлы Моғол мемлекеттерін құрып, әлемдік қайта өрлеу мен дүниежүзілік сәулет өнері, поэзия мен ғылымның әр түрлі салаларында өшпес із қалдырғанын бүгінгі зерттеулер дәлелдеуде.

**Тіпті отырықшы өркениетке далалық өркениеттің әсер еткенінде байқаймыз.** Оған бір ғана мысал археологиялық зерттеулердің нәтижесі. Әлемдік тарихтың, әлемдік мәдениетіміздің қайнар бастауына негіз болған басты себептердің қатарына Ұлы даладан табылып жатқан «Алтын адамдар», «Есік жазуы», Ботай тұрағынан табылған айғақтар негізінде дәлелденген жылқының қолға үйретілуін жатқызсақ қателеспейміз. Осы орайда белгілі ғалым Н.Н.Крадин Евразиялық дала көшпелілерін «атты көшпелілер» деп атаса [3], белгілі қазақ мәдениетін зерттеуші ғалым Сәбетқазы Ақатай Еуразия кеңістігінде «Атты көшпелілердің» пайда болуы бұрынғы бірқалыпты қозғалыстағы дала өміріне жаңа серпін берді деген пікір айтады. [11, 51-6.]. **Бұл жайында белгілі мәдениеттанушы К.Ясперс:** «Ұлы мәдениеттердің ошағы болған мемлекеттер Қытай, Үндістан, Батыс елдері көшпелілерден жылқыны пайдалануды мұра еткен. Көшпелілер жылқының көмегімен ұлы мәдениет ошақтарын жаулап алып қана қоймай, ұшы-қиыры жоқ кеңістіктегі мәдениеттердің дәмін татты, оларды өз көздерімен көрді. Сонымен қатар жылқы малының арқасында бұрынғы әскери



техника мүлде жаңа сипатқа ие болды» [12,72-б.] десе, **Сәбетқазы Ақатай:** «жылқыны қолға үйрету, оны шаруашылыққа бейімдеу, ауыздығын, шаужайын, жүгенін, тағасын, тұсауын, шідерін, ер-тоқымын, әбзелін ойлап шығару, «су», «бу», «атом» машиналарын жасаудан кем болмады», – деп дала өркениетінің жасампаздығын атап көрсетеді [11, 82-б.].

Ерте орта ғасыр мен Орта ғасыр шегінде осыншалық әлемдік мән-маңызға ие мәдени, рухани, сондай-ақ әскери экономикалық жетістіктерге жеткен ата түрік (прототүрік), прото қазақты (ата қазақты) өркениет көшінен алыстатқысы келетін көзқарастағы **тарихшылар мен мәдениеттанушылардың біржақты пікірлеріне қарсы Л.Н.Гумилев:** «Сібір мен Орта Азияның байырғы халықтарын Қытай мен Иранның көршілері ретінде ғана қарауды тоқтату керек. Олардың тарихы мен мәдениеті өз бетімен дербес дамыды деген даусыз қағидадан практикалық қорытынды жасайтын уақыт жетті», – деген болатын [7, 13-б.].

Қазақстан тарих ғылымының ақылман данагөйі М.Қ.Қозыбаев «өркениет» ұғымын материалдық және рухани мәдениеттің Еуразия континентінің далалық бөлігіндегі тарихи бірлік, тұтастығы негізінде тұрақты негізде қалыптасқан этнодемографиялық қауымдастық деп түсіндіре келе, «дала өркениеті» деген түсінікті ғылыми айналымға енгізуді ұсынады. Ғалым өзінің пікіріне дәлел ретінде «көшпенділерде өркениетке тән мемлекеттің, жазудың және монументалды құрылыс сияқты негізгі үш белгінің болғанын көрсетеді де, дала өркениетінің әлем тарихына қосқан зор үлесін атап көрсетеді» [10, 13-б.]. Ғұндар дәуірінен, тіпті, одан арғы уақыттан бастап, біртұтас дала өркениетінің болғаны жөніндегі идея көпшілік ғалымдар тарапынан қолдау тапты.

Номадтық өркениет мәселесі қарастырылғанда, бір зерттеушілер түрік өркениетін айтса, кейбіреулері ерекше моңғол өркениетін бөліп қарауды ұсынады, алтынордалық өркениеттің жеке мәселе ретінде қарастырылуының заңдылығы жөнінде әр түрлі пікірталастар туындауда. Белгілі қазақстандық этнолог Н.Ә.Масанов көшпелі қазақ өркениетін жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырды [13, 217-б.].

Осылайша, әлі күнге дейін ғалымдардың өркениеттер түрін айқындайтын объективті критерилерді нақты анықтап бере алмауына байланысты бүгінгі таңда көшпелілер өркениетіне байланысты шешімін таппаған мәселелер легі

**жетерлік.** Қазір ғалымдар өркениеттер теориясы жалпыға ортақ методологиясын қалыптастыра алатындай өзінің қалыптасуының соңғы шегіне жеткен жоқ деген тұжырым жасауда. Бірақ, «дала өркениетіне» байланысты мәселені шешуде, әлемдік тарих ғылымының арсеналында жинақталған теоретикалық парадигмаларды кешенді пайдалану арқылы шешуге болады деген сенімдеміз.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются теоретико-методологические проблемы степной цивилизации.

\*\*\*

Theoretical and methodological problems of steppe civilization are considered in the article.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Черняк Е.Б.** Цивилизография: Наука о цивилизации. Ч.1. Москва: Международные отношения, 1996. 382-б.
2. **Әкім Ж.** Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. Алматы: Өлке-2007. 303 б.
3. **Крадин Н.Н.** Кочевые общества. Владивосток, -1992. Общественный строй кочевников: дискуссии и проблемы//Вопросы истории, 2001 -№4. 21-52б. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е доп. Алматы: Дайк-Пресс, 2002.-363 б.
4. **Тойнби А.** Постижение истории.-М.: Прогресс, 1991. -736 б.
5. **Аристов Н.А.** Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. - Вып. III-IV. СПб., 1881 298с., Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт.-Ташкент, 1889. -Т.1. 298,181.
6. **Гумплович Л.** «Раса и государство. Исследование о законе формирования государства» 1875. Оппенгеймер Ф. Государство. 1929.
7. **Гумилев Л.Н.** Ғұндар. Алматы: Қазақстан.1988.13б.
8. **Кәрібаев Б.** Көшпелі қоғамда мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы жөніндегі теорияларға талдау// Қазақ тарихы №3 (108), 2011.
9. **Байбатша Ә.** Қазақ даласының ежелгі тарихы: Көмекші оқу құралы /- Алматы: Санат, 1998.- 192 б.
10. **Қозыбаев М.** Тарихи сананы қалыптастырсақ. Алматы: 98?
11. **Ақатай С.** Күн мен көлеңке. -Алматы: Жалын, 1990. -240 б.
12. **Ясперс К.** Смысл и назначение истории. -М.: Республика, -1994. -527 с.
13. **Масанов Н.Ә.** Кочевая цивилизация казахов (основы жизнедеятельности номадного общества).: Алматы: Социнвест-М.: Горизонт, 1995.-319 б.

## ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

**Шарт:** әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы

2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

## ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «АЙЫП» ИНСТИТУТЫ: құқықтық сипаты

Эльмира ТЕЛЕУОВА,  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Арнұр АРМИЯЕВ,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 4-курс студенті

*Бүгінгі қоғамның ішкі дамуындағы басты қағидат – ар-ождан құқығы. Бұл мәселе жаңа қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында да аталып өткен. Қазақтың құқықтық санасының тарихи бастауларын қалыптастырған арнайы институттар бар. Солардың бірі – «Айып» институты. Қазіргі түсінікте, оның мағынасы азаматтық, әкімшілік құқықта жиі кездеседі. Бірақ дәстүрлі қазақ қоғамында ол ар-ождан ұғымына қатысты қолданылды. Құқықтық плюрализмді қалыптастыру жағдайында құқықтың негізін біліп-тану, оның өмірдің әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-мәдени аспектілерімен өзара әрекеттесуін білу қажеттілігі туындап отыр. Құқық қажетті реттеушілікті қалыптастырып, әлеуметтік, саяси-экономикалық және басқа да факторларды шеше отырып, қоғамды дағдарыстан сақтап тұратын шеңбер іспеттес. Ол басқа әлеуметтік реттеуіштерді ығыстырмай, қоғамның бірыңғай нормативті жүйесінің басты элементтерінің бірі болып қызмет атқарады.*

Көшпелілердің әдеттегі құқық түсінігін екі деңгейге бөліп қарауға болады: жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген және көшпелі мемлекеттің тарапынан реттеушілік қызметті жүзеге асыратын әскери әкімшіліктің тірегі тұрғысында. Заң саласы мамандары тарапынан әдеттегі құқық ұғымының анықтамасы нақтыланған. Ол – қоғам ішінде тәртіпке негізделген ережелер жиынтығы. Мемлекеттің қалыптасу тарихында әдеттегі құқықтың түрленуі жүрді. Жеке билеушілер өз тарапынан кейбір ережелерді заңдастырса, ендігілері қоғамдық сұраныстың болмауынан тарихи жадыда сақталып қалды. Бірақ ол мүлдем жойылып кетпеді. Оның «өнегелі құқыққа» айналуына ықпал жасады. Көшпелі қоғамның дүниетанымында «өнегелі құқықтың» сақталуының жазылмаған қағидаттарына қатысты туындады. Кейбір мемлекеттерде заңдар жазылып сақталғанына қарамастан, прецеденттік құқық та қатар жүргізіледі. Мемлекет тарапынан заң ретінде қарастырылмаса да өзінің қоғам ішінде жазылмаған «өнегелі құқық» ретінде қолданыста болуын атап өткен жөн.

Заманауи ұғымдық аппаратты және терминологияны өткеннің құқық жүйесін теориялық шолуда қолдану әр кезде тиімді болмауы мүмкін. Әдеттегі-құқықтық жүйенің құқықтық материалы өзінің ерекшелігі мен жеткіліктілігімен өзгешелетіндігі юриспруденциялық әдебиетте жазылып кеткен. Әдеттегі-құқықтық нормалардың басты түйіні идея мен принциптер және де белгілі бір жағдайға қатысты осы принциптерді жүзеге асыру. Әдеттегі-құқықтық нормалар толық сақталуға және ұстануға бағытталмады және қоғам мүшелері оны толықтай

қадағалауға міндетті емес еді. Олар адамдардың әдеттерінің классикалық үлгісі болды және қоғамдық қатынастардың реттеушісі рөлін атқарды. Дәстүрлі қоғамдардағы құқықтық институттардың қалыптасу үдерісі заманауи құқықтық жүйелерге қарағанда басқашалау болады. Мысалы, егер заманауи құқықтық институт салыстырмалы түрде реттеуші, бір-бірімен байланысты, мазмұны бойынша топталған, құқықтық нормалардың орнықты комплексі болса, дәстүрліде құқықтық материал өзінің жеке жүйесіне бағынған. Әдеттегі-құқықтық нормалардың басты құрылымдық элементтері қызметін олардың негізі болып табылатын ойлар мен принциптер атқарады. Егер қазіргі құқықта басты құқықтық институттағы нормаларды жекелейтін нышан қоғамдық қатынастардағы белгілі бір үлеске реттеуші әрекет ету болса, дәстүрлі құқықтық құқықтық институттың негізгі функциясы әлеуметтік өмірдегі белгілі бір саланы реттейді. Күнделікті құқықтың нормаларының реттеуші мүмкіндіктері жан-жақтылығымен және қоғамдық қатынастағы мүшелерге әсерінің локальды сипатымен ерекшеленеді. Күнделікті құқықтағы құқықтық институттардың бұндай сипаттағы белгісі – әр түрлі құрылымдардан және түрлерден тұратын айып институты.

**Айып түсінігінің қазақтың құқықтық жүйесіндегі мағынасы қандай?** Этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ, «айып» сөзі араб тілінен шыққан және «жазғыру» – адамды ассоциативті қылығы үшін кінәләу, сөгіс дегенді білдіреді. Ал құқықтық мағынада – қоғам және мемлекет тұрғысынан адамның әлеуметтік қауіпті ісін кері, теріс бағалау деген мағынада. «Айып» сөзі араб тілі мен мәдениеті Қазақстан территориясына енген кезден бастап тарай бастады және адамның істеген құқық бұзушылығы үшін тартатын жауапкершілігі, «айыппұл» мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде белгілі мүліктік төлем мағынасын білдіретін «пұл», «анжы» сөздері жауапкершіліктің тек материалының жағын ғана көрсетеді. Сондықтан қазақ тілінде «айыппұл» сөзінің орнына кей кезде «айып-анжы» сөзі қолданылған. Қазақтың күнделікті құқығында «айып» түсінігі белгілі бір ережені, норманы бұзғаны үшін кінәлі адамдарға материалдық әсерді көрсететін, тек мүліктік төлемді ғана емес, сонымен қатар құн мағынасын да білдірді. Яғни айыппұл құқық бұзушылықтың сипаты бойынша анықталса, айып айыппұлдың бір түрі, соның ішінде құн-айыппұл болды. Көшпелілердің құқықтық мәдениетінің ерекшелігі құқықтық принциптер мен құқықтық нормалар тығыз байланыста болды. Нормалар мен принциптердің бірегейлігі әрқашан құқықтық нормалар жүйесі құндылықтарының биік деңгейін сүйемелдеп отырды. Құқықтық ойлар мен көзқарастар сәйкес реттеуші күші бар принциптерді тудырды, ал ол өз кезегінде әр түрлі өмірлік жағдайларды, қарама-қайшылықтарды және соттық дау-

ларды шешуге бағытталған. Әдеттегі-құқықтық жүйеде соттың шешіміне үлкен маңыз бере отырып, заңдық тұрғыдан ұқсас жағдайларды қарастырғанда бара-бара тұрақты, бір-бірімен байланысты логикалық принциптер мен құқықтық ойлар қалыптаса бастайды. Олар нормативті-заңды жүйедегідей тұйық логикалық құрылымның элементі емес, нақтыланған «ашық» жүйенің бөлшегі ретінде тематикалық құқықты тұтастық құрайды. Әдеттегі-құқықтық институттар, олардың бөліктері мен бірліктері осындай сипатқа ие. Ұқсас сипатқа англо-саксондық ортақ құқық ие. Бұл тұжырымды ежелгі және ортағасырлық заңнамалық құжаттар дәлелдей алады. Заңнамалық инструментарийдің жекешеленуі мен заңнамалық институттардың құқықтық нормалардың ортақтығы ретінде қалыптасуын құқықтық нормалардың ерекше тобының интеллектуалды мәнінің реттеуші ерекшеліктерінің бірлігі көрсетеді. Құқық институтының құрылымдық спецификасы сәйкес нормативті ұйғарымдардың ішкі ұйымдастырылымын анықтауында. Жалпы құқық жүйесінде институт қиын, жүйелі-біртұтас иерархиялық құрылымдық бөлім. Институттар нормативті-заңнамалық құқықтық жүйенің негізгі құрылымдық бөлшегі ретінде оның жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады, себебі, бір жағынан, қоғамдағы өмірдің әр түрлі саласын тиімді реттеу мақсатында әр түрлі нормаларды ерекше бір ортақтыққа біріктіреді, екінші жағынан, құқықтың басқа салаларының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Әдеттегі-құқықтық жүйенің институттары салалық тазалықпен ерекшеленбейді. Олар әр түрлі сипаттағы нормалардан тұрады және дәстүрлі өмірдің әр түрлі жақтарын реттей алады.

**Айып институты оның асқақ институционалдығын мәлімдейтін көпдеңгейлігімен, иерархиялық құрылымымен ерекшеленеді.** Өзінің құрылысы бойынша ол әр түрлі нормативті ережелерден тұрады. Осылай, айыптың құрамына, біріншіден, келтірілген шығыны, жәбірленушіге және оның руына тигізілген зиянның көлемі кіреді. Әдетте оның көлемі айыптың 10-15% болып табылады. Мысалы, ірі қара ұрланса, оның көлемі ұрланған мал саны мен төлден тұрады. Залалдың төлемінің көлемі қылмыстың түрі мен сипатына, сонымен қатар жәбірленушінің әлеуметтік орнына байланысты. Айыптың әр түрлі қылмысқа, аудан бойынша өзгеріп тұратын белгілі бір кесімді бағасы болған. Н.Гродековтың айтуынша, Құрама уезінен шыққан ақпаратшы Тілен Құлбаевтың мәлімдеуінше, 1 түйе ұрлағаны үшін жәбірленушіге 15 тилли (1 тилли 3 руб. 80 коп. немесе бір айыптық қойға тең), 1 жылқыға – 40 руб., 1 сиырға – 7 тилли, 1 қойға – 8 руб., 1 қозыға – 2 руб. 50 коп. Берілген [1, 4-б.]. Ежелгі құқықтың бізге дейін жеткен ескерткіштері қылмыстық құнды кімнің пайдасына және кім төлейтіні туралы сұрақты бірдей шешпейді. Славяндық құқықта (Правда) төлемді алу құқығы жәбірленушінің жақын туыстарына, германдық құқықта жәбірленушінің барлық руына берілді. Отбасының барлық мүшелері, жәбірленушінің толық руы олжаға қатыса отырып, келесіде өз руының қылмыскерінің төлемін төлеуге қосылып отыру керек болды. Қазақтың күнделікті құқығының нормасы бойынша, талапкер-айыптаушы мүліктік төлемде өз бөлігін алуға құқығы болмады, дәлірек айтқанда өте шектеулі болды. Осылай поручик Аитовтың рапортына сенсек, ұсталған ұры олжаны қайтаруға және тоғыз төлеуге міндеттелді: «Жәбірленуші өз

заттарын қайтарып алғаннан кейін, өзінің қалауы бойынша басқа қазаққа, тіпті айыпталушының туыстарына бере алады, алайда өзіне қалдыруға, өзінің отбасына немесе туыстарына беруге құқығы жоқ. Егер ол заттарын өзіне немесе туыстарына қалдырса, бұл масқаралық деп саналады» [2, 101-б.]. Хатшы Ячменов [3, 135-б.] пен Белозеровтің [4, 147-б.] мәлімдеуінше, жәбірленуші қайтарылған айыппұлды өзіне қалдыруға немесе туыстарына беруге болмайды, әйтпесе «масқаралықтан» бөлек, дәстүрді сақтамағаны үшін қоғамнан қуылуы мүмкін. Қазақтың күнделікті құқықтарының нормалары бойынша, XIX ғасырдың ортасына дейін тек жәбірленуші ғана емес, сонымен қатар руластары белгіленген мөлшерден артық үлеске немесе айыппұлдың толық көлеміне үміттен алмады. XIX ғасырдың ортасынан бастап қоғамдық өмірдің өзгеруіне байланысты айыппұлды қатысушыларға тарату тәжірибесі өз сипатын жоғалта бастады. Жәбірленушілерге айыпты беру немесе туыстарына тарату мүмкін бола бастады. Яғни, ескі дәстүр бұған жол бермейді, жақсы адамдар оны істемейді, алайда жаңа дәстүр бұл тәжірибеге тіптен тыйым салмайды.

**Александрийскийдің [5, 117-б.] мәлімдемесінде жаңа және ескі салт арасындағы ымыра туралы айтылады:** «Жәбірленуші айыппұлдың жартысын иемдене алады, алаяқтық, жәбір және ұрлық үшін қылмыскерлер өкпелінің үлесіне мүліктік төлеммен жазланады». Жәбірленушінің моральды-материалды қанағаттануы айыптың басты мақсаттарының бірі ретінде, бір жағынан, Қазақтың күнделікті құқығында жазаның жеке-құқықтық сипатынан, екінші жағынан, сот арнайы қоғам атынан шыққан би басқарумен жүргізілгенісін көпшілік сипатынан хабар береді. Сот талқылауының татулық сипатына қарамастан, жәбірленуші мен айыпталушы арасындағы дау әрқашан екі жақтың келісімімен аяқталмады, осындай жағдайда сұлтандардың, рубасылардың, кейін XIX ғасырдан бастап ауылдық шаршындардың билігіне жүгінді. Қазақтың күнделікті құқығында нормамен бекітілген айыптың жоғары көлемі жәбірленушіні, мемлекеттік билік органының функциясын орындайтын ру ақсүйектерін толықтай қанағаттандырып отырды. Осылай жәбірленуші жақтың үлесі мүліктік сипаттағы күнделікті-құқықтық нормалардың жинағы ретінде айыптың құрылымдық бөлшегін құрады.

**Екіншіден, айыптың бір бөлігі сот біткеннен кейін жәбірленуші жасайтын ортақ асқа кетеді.** Сот нақтылаған айыпты алып, жәбірленуші өз ауылына қайтады, онда оны отбасы асыға күтіп отырады, ол соттық сыйақымен келісімен дәл сол немесе келесі күні мейрам жасалады. Сотқа қатысқан жауапкердің таныстары мен туыстары алған сыйақымен құттықтайды немесе қайғысына ортақтасады. Біріншісі, әрине, жиі болып тұрды, себебі сотта өкпелі жаққа барлығын қайтарудан бөлек, жауапкерге де бірталай жеңілдіктер көрсетіледі. Жәбірленуші жасайтын мейрамға сот мүшелері қатыспады, іс бітісімен олар тарап кетеді [6, 179-б.]. **Үшіншіден, айыптың негізгі бөлігін соттық шығындар құрады:** 1) ханлық; 2) билік; 3) жасауылақы; 4) кепілақы; 5) сүйінші; 6) қаламақы; 7) даушыға жіп кесер. Соттық шығынды алу кезінде, қазақтың күнделікті құқықтық нормаларына сәйкес ортақ құқықтық принцип жұмыс жасайды: «Айыппұл мен құн төлеуден бөлек, жауапқа тартылушы соттық шығынды төлеу қажет».



Бұл принципке сәйкес әдет бойынша соттық шығын айыппұлдың өзімен бірге төленеді. Соттық шығын деген алым, дейді А.И.Мякутин [7, 186-б.], куәгерге сыйақы мен билік. Айыппұл алынғанда, билер соттық шығынды төлеу туралы талаптан, құн туралы істі қоспағанда, бас тартуы мүмкін. А.И.Мякутин бұны былай түсіндіреді: «*бұндай істерде сотқа көп халық шақырылады, бұл үлкен сома болады, сондықтан құннан бөлектене алмайды*». Гродековтың ақпаратшыларының бірі Торғай құн бойынша шығын құнның үлесінен төленуі мүмкін деп мәлімдейді. Егер де іс айыппұлсыз аяқталса, онда істі жеңген кісі залалды және соттық шығынды өтеу сомасын басқа соттық жиналыстардан алады.

**Ханлық – хан немесе рудағы беделді сұлтанның үлесіне төленетін ең маңызды төлемақы. Оның көлемі әдетте талаптың 1/20 бөлігіне тең.** Ханлықты аса ауыр қылмыс кезінде алады [8, 25-б.]. Тоғыз төлемі кезінде ханлыққа ірі қараның ең бағалысы алынады, әдетте, 5 жастағы түйе немесе жылқы. Сәйкесінше, жасы бойынша олар «бесті ат» – бес жастағы жылқы және «бесті атан» – бес жастағы түйе. Қазақ қоғамында хан билігі институты жойылғанда және әкімшілік биліктің жаңа жүйесі қалыптасқанда ханлық жергілікті билік органдарына беріліп отырды. 1885 жылы болған Шар қаласындағы билердің төтенше съезінде билер әр жауапқа тартылушыдан айыптың үстіне ұрлық үшін «қандат», «билікат» алуды бекітті. Осы ереженің 37-бабы бойынша «*әр ұрыдан 1 атқа сәйкес қандат, әдетте ұры мінген ат, жауапқа тартылушының тұрып жатқан жеріндегі билеушіге, ал билікат – істі шешкен биге беріледі*». Ханлықтан кейін билік – істі қарастыратын бидің үлесіне беріледі. Красовскийдің мәлімдеуінше, биге сыйақы айып үлесінен алынады: «*Би екі жақтың жағдайына және іске қарамастан, тек ауданға байланысты өзгеріп тұратын, белгіленген талаптың үлесін алады. Биге әдетте 10-20 жылқы берілу керек*».

**Тәуке ханның заңы бойынша билерге төлемнің 10% үлесі тиесілі.** Бұл норманы XIX жылы 1867 жылғы 11 шілдедегі «Жетісуды және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережеде» және 1868 жылғы 21 қазандағы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережеде» Ресей мемлекеті бекітті. «*Биді әскери губернатор тағайындайды; оларға жалақы берілмейді, алайда істі жүргізгені үшін халық бекіткен жауапқа тартылушыдан арнайы айыппұл (билік) ала алады; бұл айыппұл төлемнің 10% үлесінен аспау керек; ал өлім мен жеке сәгіс істері туралы жағдайда салтқа сәйкес көлемде алады*». Бұл ережені басшылыққа ала отырып, Н.Гродеков былай дейді: «*алғашында билерге үлес нақты бекітілмеді. Сыйақыдан бөлек оларға ең жақсы ірі қара немесе тон беріліп отырды*». Билерге істен кейін сыйлық алуға тыйым салынбады және бұл парақорлыққа жатпады. Тоғыз төлемі кезінде биліктің үлесі ханлықпен салыстырғанда екі есеге азаяды. Г.Загряжскийдің [9, 165-б.] айтуынша түйеден басталған үлкен тоғыз төлемі алынса, билік жылқыдан тұрады; екінші тоғызда билікке сиыр алынады; үшіншіде – қой. Айыптың бір түрі ат-тон бекіткенде «*билік айыппұлды алған жәбірленушінің қалауына байланысты, алайда би үлесіне айыппұлдағы ең керемет ірі қара немесе айыппұлдың ішіне кіретін ең бағалы зат беріледі*». Шенеунік Д'Андре [10,174]

былай дейді: «*ат-тон алуда екі заттан жәбірленуші тек бір затты алады, ал екінші затты биге немесе істі қараған адамға береді*». 1867-1868 жылғы «Уақытша ереже» бойынша биліктің сомасы хаттамаға жазылып отырды. Сонымен қатар хаттамаға оны кім төлеу керектігі және алынғандығы туралы хатталды. Айыппұлдың оныншы бөлігін ала алмаған жағдайда, ең кіші төлемімен шектелді және билікті шешім қабылданғаннан кейін, сот біткенге дейін алуға тырысты. Гродековтың айтуынша қазақтағы биліктің талабы ешбір ережеге толықтай бағынбайды. 1877 жылғы Шымкент пен Түркістан уездеріндегі билердің съезінде билікті әдеттің негізінде мынадай сомада алу бекітілді: бір түйені ұрлау туралы істе – 8 тилли, бір жылқы – 4 тилли, ұрып-жығу туралы істе – 2 тилли. Ірі қара мен ақшадан бөлек билік затпен де алынып отырды. Мысалы, түсім туралы істе. Іс тоқтатылғанда немесе нәтиже болмағанда, билік алынбады. Шағымданушы өз шағымын алса, іс жабылады, алайда ол адамнан билік алынады. Н.Гродековтың айтуынша, қазақ азаматшасы екі ауылдасына шағым түсіріп, іс ашады, алайда келесі күні күйеуі келіп, шағымды қайтып алады, бұл үшін жұбайлардан билікке 50 руб. алынды. Билік екі жақ бейбіт келісімге келсе де алынады. Н.Гродековтың ақпаратшысы Шымкент уезінің биі Сұлтан Қанаевтың мәлімдеуінше, «*жауапқа тартылушыдан қатысушылар ақталса да билік алынады. Ол биден мөрі бар ақтаушы құжат алу үшін 20-40 копейкадан 1 рубльға дейін төлейді*». Осылай, Гродеков бізге айып құрылымының тағы бір ерекшелігінен, әр түрлі нормативті қағидалар болғандығын көрсетеді. Соттық шығын – айыптың құрылымының үшінші тобына кіретін жасауылақы, кепілақы, қаламақы, сүйінші, даушыға жіп кесер сот қаралымына әсер еткен адамдарға өзіндік ақы болды. **Жасауылақының** көлемі – биліктің жартысына тең, сот шешімінің орындалуына төлем. Л.Ф.Баллюзек [11, 208-б.] былай мәлімдейді: «*оның көлемі әдетте істің маңыздылығына байланысты, алайда әрқашан биліктен кем болады. Негізгі қызметінен бөлек жасауылдың міндетіне сот процесінің қатысушыларын шақыру кірді, бұл үшін ол ерекше сыйақы «атмай» немесе «құт-ақы» алып отырды. Олардың көлемі жасауыл жүріп өтер қашықтыққа байланысты болды*». Жасауылдарды халық «хабармандар», «атқамінерлер» деп те атады. Л.Ф.Баллюзек былай деп хабарлайды: «*Егер де бір жақтың куәгері келмей қалса, онда жасауылды басқа куәгер алып келуге жібереді және атқарған ісі үшін жасауылақы немес аттың майын береді*». 1867-1868 жылғы «Уақытша ережеге» сәйкес жасауылдың функциясы ауылдық старшындарға немесе жергілікті атқарушыларға тағайындалды. «*Жергілікті қазақ басқарушыларының міндеттеріне сотқа жауапқа тартылушыны, куәгерді әкелу жатады*». **Кепілақы** – жауапқа тартылушы жауапкершіліктен жалтарған жағдайда сот шешімін орындауға жауапты жәбірленушінің туысқандары арасынан сот тағайындайтын кепілгердің сыйақысы. Оның көлемі істің маңыздылығына байланысты. **Қаламақы** – сот отырысындағы хатшы немесе тілмаштың қызметі үшін төленетін ақы. Бұл айыптың құрылымдық бөлігі шарифат нормалары әсерінен ене бастаған болу керек, ал сот тәжірибесіне ресми түрде XIX ғасырда іс жүргізу енуімен бекітілді. 1867 жылғы «Уақытша ережеге» сай бидің талаптары арнайы кітапқа жазылып отырды. XIX ғасырда қаламақының көлемі

істің маңыздылығына қарамастан, 1 рубльдан аспады. Бұны би сотының материалдары айғақтай алады. Сүйінші – көлемі төлемнің 1/3 немесе 1/4 бөлігінен аспайтын, жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты болатын, куәгерлердің сыйақысы. Қазақ қоғамында «сүйінші» түсінігі жақсы хабар жеткізгені үшін алатын сыйлық алу құқығын білдірді. Д'Андре мәлімдеуі бойынша «ұрлық кезінде ұсталған немесе қылмысын мойындаған қазақ, ұрланғанды қайтарудан бөлек, ұрлықты ашуға көмектескен адамға сүйінші төлеу керек еді». Қазақтың күнделікті құқықтық жүйесі бойынша ұрыдан алынған ертоқымы бар жылқы бірінші алып үлгерген адамға тиесілі. Осыған ұқсас салт буряттарда (түрік) болды. Ол туралы Д.Я.Самоковасов былай деп баяндайды: «Егер кімде-кім ұрыны ұстаса немесе ашса, онда ол төлемге алынатын үш бастың біреуін алады». Қазақтың құқықтық нормасы сүйінші берудегі жағдайды нақты реттейді. Негізгі ережелері мынадай: Егер де ұрланған зат ұрыдан табылса, сүйінші алған куәгер кейінгі дәлелдеу қызметінен құтылады. Егер ұрланған заттың үшінші жақтан алғанын дәлелдей алмаса, кінәлі болып мойындалады. Куәгер айтқан адамнан ұрланған зат табылмаса, куәгер туыстарының алдында ант беріп, дәлелдеу керек. Болмаса куәгер айыпталушының орнына жауапкершілікті тартады, сүйіншіні қайтарып беріп, ұрланған заттың құнын төлейді. Куәгерлердің ішінде ашық куәгерден басқа, сырт-айғақ болады. Олар иегерге өз атын ешкімше жария етпеу шартымен ұры туралы айтады. Даушыға жіп кесер – айыпталушының аяғына символикалық немесе кей жағдайда шынымен де байланған ала жіпті кесіп, істің аяқталуы мен екі жақтың татуласуын білдіретін актыны жасайтын беделді адамға (би, ақсақал) берілетін төлем.

Ф.Л.Баллюзектің айтуынша бұл төлем бір қойдан немесе шапаннан аспайды. Нормаға сәйкес ала жіп кесілгеннен кейін іс қайта қаралмайды, қайта қаралған жағдайда басқа биге беріледі. Бұл үдеріс былай болатын: екі жақ ала жіпті екі қарама-қарсы жақтан ұстап, сот процесінің мүшесі емес беделді адамды таңдап, жіпті қақ ортасынан кестіртеді. Адам жіпті кесіп былай дейтін болған: «Дауды қайтадан бастаған адам осы ала жіп секілді ортасынан кесілсін». Төртіншіден, XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Қазақстанда хан билігінің жойылуына және Ресей заңнамасының таралуына байланысты айыптың жартысы мемлекеттік қазынаға кетіп отырды.

**Айып – кек пен қорқыту, моральды зиянды қанағаттандыру мен материалды залалды өтеу, жауапкершілік пен жазаның синтезі болды.** Айыптың әр жағы оның генезисінің түрлі кезеңінде доминантты рөл атқарды. Айыптың бұл ерекшелігі оның әр түрлерінен өз көрінісін тапты. Айып қиын институционалды құрылым ретінде әр түрге ие. **Айыптың ең жоғарғы түрі – «айбана».** Міндеті бойынша оған «сойыл айбанасы», «пышақ айып» жатады. Айыптың ең көп таралған түрі «тоғыз» (ірі қараның тоғыз басы немесе тоғыз зат). Оның өзі бірнеше түрге бөлінеді. Айыптың тағы да белгілі түрлері «ат-тон», «ат-шапан», «ат-түйе», «ат-тай», «азусыз ат-жиексіз тон», «астарсыз шапан». Мүліктік жауапкершіліктің классификациясына байланысты заңнамалық әдебиетте, жауапкершілік пен жазаның негізгі екі түрі құн және айыппен бірге, үшіншісі «тоғыз» көрсетіледі. Айып ұғымы құқықтық түсінік ретінде түрлі сипатта қолданылған. Сонымен қатар оның тарихи қолданыстық кезеңі әдеттегі құқықпен

қатар қалыптасуын атап өткен жөн.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается единство наследия и исторических истоков формирования института «Айып» в традиционном обществе.

Проанализированы особенности тенденций института «Айып» в норме обычного права. При научном анализе института «Айып» раскрывается роль обычного права традиционного общества ее необходимо рассматривать вместе с историей государства.

Вместе с этим, автор высказывает мнение о применении основных правовых идей обычного права для развития духовности и нравственных ценностей народов на Евразийском пространстве.

**Ключевые слова:** традиционность, меритократия, иерархия, обычное право.

\*\*\*

The article examines the unity of the heritage and historical origins of the formation of the «Ayip» Institute in a traditional society. The peculiarities of the «Ayip» Institute tendencies are analyzed in the norm of customary law. In the scientific analysis of the «Ayip» Institute, the role of the customary law of traditional society is explained, it must be considered together with the history of the state.

Along with this, the author expresses an opinion on the application of the basic legal ideas of customary law for the development of spirituality and moral values of peoples in the Eurasian space.

**Key words:** traditionality, meritocracy, hierarchy, customary law.

## ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. **Гродеков Н.И.** Киргизы кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1.-Ташкент: С.И.Лахтин баспасы, 1889.-228-б.
2. **Аитов.** О киргизских обычаях, имеющих в степи силу закона/ Рапорт о 26 февраля 1846 г. Материалы по казахскому обычному праву: сб/Со ст.Т.М.Культеев, М.Р.Малевиц, Р.В.Шакаев.-Алматы: Жалын,1998.Б.101.
3. **Ячменов.** Свод киргизских обычаев, имеющих в орде силу Закона/ Рапорт от 29 мая 1846 г. №2//МОП:Сб/Со ст.Т.М.Культеев, М.Р.Малевиц, Р.В.Шакаев.-Алматы: Жалын,1998.Б.135
4. **Белозеров.** / Рапорт от 17 апреля 1846 г. Материалы по казахскому обычному праву: сб/Со ст.Т.М.Культеев, М.Р.Малевиц, Р.В.Шакаев.-Алматы: Жалын,1998.Б.147.
5. **Александрийский.** Замечание о суде и расправе киргизов, о правах личных, имущественных и семейных, некоторых обрядах и обыкновениях их./ Рапорт от 29 марта 1846 г. //МОП: Сб/Со ст.Т.М.Культеев, М.Р.Малевиц, Р.В.Шакаев. Алматы: Жалын, 1998.Б.117.
6. **Самоковасов Д.Я.** Сборник обычного права сибирских инородцев.- Варшава: Тип Ивана Носковского. 1876.- Б.179.
7. **Мякутин Л.И.** Юридический быт киргизов. Вещное и обязательственное право // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.25.-Оренбург.1910.-Б.186.
8. **Левшин А.М.** Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и стений// МОП:сб./ Со ст.Т.М. Культеев и др.Алматы: Жалын, 1998.-Б.25.
9. **Загряжский Р.** Юридические обычаи киргизов/ МОП-риалы для статистики Туркестанского края. Вып 4.- СПб, 1876.-Б.165.
10. **Д'Андре.** Описание // МОП: сб/ Со ст. Т.М.Культеев и др. –Алматы: Жалын,1998.-Б.174.
11. Материалы по казахскому обычному праву А, 1996, 208 с.

## ДАЛА ӨЛКЕСІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДІНИ СИНКРЕТИЗМІ

Гүлназ РАЗДЫҚОВА,  
Павлодар Мемлекеттік педагогикалық  
университетінің қауымдастырылған профессоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазіргі Қазақстанның аумағына исламның таралуы бірнеше ғасырларға созылған үдеріс болды. Бастапқыда мұсылмандық Қазақстанның оңтүстік аудандарына өтті. X ғасырдың соңында ислам Жетісудың және Сырдарияның отырықшыл тұрғындарының арасында бекіді. Ислам Жетісуда X ғасырда пайда болған түріктердің Қараханидтер империясының діні болды. Орта ғасырларда исламның таралуы моңғол шапқыншылығына байланысты саябырлады. Алайда Орта Азия жағдайларында моңғол тайпалары өз тілдері мен рухани мәдениетін, соның ішінде дінін жоғалтып, жергілікті этникалық тұрғындармен ассимиляцияланды. **1266 жылы қысқа мерзім хандық құрған Шағатайдың немересі Мұбарак шах мұсылман болды.** Оның орнын басқан Берке хан өмірінің соңында исламды қабылдады. Ол өзінің айналасында теолог-діндарларды жинап қана қойған жоқ, мешіттер мен медреселердің салынуына ықпал етті. Мұсылман діні көшпенділер элитасы арасында ғана үстемдік етіп қойған жоқ. Замандастардың пікірінше, XV ғасырдың екінші жартысында Моғолстанның тұрғындары мұсылман дінінде болды. Мұсылман дінінің Моғолстанда таратылуында Шағатай ұрпағы Тоглуқ-Тимур ықпал етті. 1348 жылы хан болып сайланған соң ол исламды қабылдады. Мұхаммад хан кезінде моңғол тайпалардың басым көпшілігі мұсылман болды [1,77-78-б.].

**Орта ғасырларда ислам этникалық топтарды жаулай бастап, көшпенді далаға таралды.** Көшпенділер арасында ислам позициясының нығаюы Орта Азиялық мемлекеттердің ықпалымен түсіндіріледі. Орта Азия мен Қазақстанның алдыңғы Шығыспен VII–VIII ғғ. бастап бұрыннан келе жатқан тығыз саяси, экономикалық және мәдени байланыстары болды. VII–VIII ғғ. бастап Шығыс мұсылман әлемінің орталығы болған кезден Орта Азиялық мемлекеттер алдында еш таңдау қалмады: исламды қабылдамау мұсылман елдерінің әскери қуатына қарсы тұру, олармен қалыптасқан сауда байланыстарын тәуекелге итеру дегенді білдірді. Көшпенді дала өз бетінше өмір сүрді, бірақ оның Орталық Азияның исламның таралуына ықпал еткен жазиралы жерлерімен экономикалық байланыстары болды.

**Исламның дала көшпенділеріне ықпал етуінің басқа бір көзі – Волга маңындағы мұсылман мемлекеттер болды.** Дешті Қыпшақ көшпенділерінің арасында исламды мақсатты насихаттау Алтын орда ханы Беркенің тұсында (1255–1266) басталып, Өзбек хан тұсында (1312–1340) күшейе түсті. Исламды уағыздаушылар далаға Волга маңынан ғана емес, Орта Азиядан, Ираннан, Сириядан келе бастады. Көшпенді қазақ халқына ислам дінін таратуда сопылар мектебінің негізін қалаушы, Сайрам қаласының тұрғыны Қожа Ахмет Яссауи қомақты үлес қосты. Ол дарынды ақын болған еді, оның Алланың құдіретін дәріптеген дастандары және Аллаға

табыну қажеттілігі мұсылмандық дүниетанымның таралуында орасан зор рөл атқарды.

**Мұсылмандық қазақ қоғамының рухани қажеттілігін танытты.** Революцияға дейінгі зерттеуші С.Чечеринаның ойынша ислам сыртқы атрибуттарымен: «*дәрет алуымен, намаз оқығандағы салмақтылығымен, маңғаздығымен, діни аңыздарымен, мінез-құлықтағы және сөйлеудегі парасаттылығымен өзіне тартты*» [2].

«Ислам өркениетінің солтүстік форпосты» [3, 128-б.] болып табылған мұсылмандықтың өзінің тарихи және этнографиялық ерекшеліктері бар. Бұл ерекшелік белгілі дәрежеде қазақ халқын исламнан алшақ жатқан ел ретінде көзқарастың таралуына себеп болды.

**Қазақтардың тұрмысын сипаттаған патша шенеуніктері мен зерттеушілері әдетте қазақтар исламды үстірт игерген деп, олардың индифферентизмін атап өтті.** Олардың халық ағарту министрі Орынбор өлкесінің оқу орындарын қарап шығып, 1877 жылы генерал-губернаторға былай деп жазды: «*Қазақтар өздерін мұсылмандармыз деп санағанымен, өздерінің жеке өмірінде, діни, азаматтық, рухани тұрғыдан алғанда олар Құранды, Шариғатты және мұсылман дінінің басқа қағидаларын басшылыққа алмайды*» [4, 48-б.].

**Патша офицері С.Б.Броневский былай деп есептеген:** «*Қырғыз-қайсақтар Мұхамед пайғамбардың заңдарын уағыздағанымен, дінсіздіктері мынадан көрінеді: ахундарды, моллаларды, қожаларды болыстарда ұстайды, бірақ олардың мешіттері, тұрақты орындайтын діни салттары жоқ*» [5, 95-б.]. Казак страшинасы Ф.Усов XIX ғасырдың соңында жазды: «*Барша қырғыз халқы өздерін ресми түрде мұсылманбыз деп санағанымен, қазақтардың қалың бұқарасы терең индифферентизмімен ерекшеленеді; олардың құдай және дін туралы түсініктері әр түрлі наным-сенімдермен, ал өмірдің маңызды жағдайларында (туу, қайтыс болу және т.т.) бірен-саран салттарын орындайды, олары мұсылмандықтан гөрі пұтқа табынушылардың салттарына ұқсайды*» [6,88-б.].

Революцияға дейінгі этнограф Н.Зеланд: «*қазақтар өздерін мұсылман сунниттерміз деп есептейді, алайда жалпы алғанда олар догматикалық мәселелерге немқұрайлы қарайды және олармен таныстығы да онша емес. Басты салт-дәстүрлерді әрине орындайды, соншалықты мұқият болмаса дағы ораза ұстайды, молдалар далада бар, бірақ олардың саны аз және сауаттылықтары да шамалы» деген пікірде» [7, 31-32-б.].*

Революцияға дейінгі зерттеуші Р.Каруц, оны қолдай отырып: «*қазақтардың өздерін мұсылманбыз деп тануға әбден құқықтары бар, олар шаштарын тақырлап алады, денесіндегі түктерді қыра-*



ды, сақал-мұрттарын ауыздарын жаппайтындай қылып алады, сақалдарын қалдырады, есіктерін Мекке жаққа орнатады, намаз оқиды және басқа қағидаларды бұрынғыдан әері қатаң ұстанады» деп дәлелдеді [8, 123-б.]. «Егер қазақтар, өткендегі және қазіргі жүзжылдықта татарлар сияқты сырт көзге тым шынайы діндар болмағанымен, олар мұсылман емес деп айту дұрыстыққа жатпайды», – деп жазды көрнекті қазақ тарихшысы Е.Б.Бекмаханов [9].

**Көшпенді тұрмыс шариғаттың жазуларын орындау, ағартушылықтың таралуы үшін айтарлықтай кедергі болған жоқ**, Киіз үй мешіт, көшпелі мектеп ретінде қызмет етті. Ш.Уәлихановтың айтуынша, әр ауылда молда болды, ересектер отыз күн ораза ұстады, күніне 5 рет намаз оқыды [10].

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қазақтар мұсылман ілімінің негіздерін біліп қана қоймай, балаларын мұсылман мектептерінде оқытты, мешіттерге барды, мұсылмандардың діни қауымының қызметі арқылы қолдау көрсетіліп отырған жеткілікті діни өмірі болған еді.

**Көне сенімдердің қалдықтары қазақтардың тұрмысында берік сақталды, әрине, бұл тұрмыстық исламға әсер етпей қойған жоқ**. Тұрмыстық әдет-ғұрып, ең алдымен көшпелі тұрмыс қазақтардағы исламның өзіндік ерекшелігін белгіледі. Көшпенді тұрмыс салт-жоралары күрделі және әр түрлі культтік атрибуттарды талап ететін діндер үшін қиындық туғызды. Осындай көшпелі әлеуметтік-экономикалық базада пайда болған ислам жергілікті жағдайларға неғұрлым икемді болды, сондықтан да тұрғындар өміріне сіңіп кетті. «Нормативті» исламды жергілікті этнографиялық субстратпен ұластыру кейбір зерттеушілер «дала исламы» деп атаған феноменнің немесе қазақ ұлты исламының қалыптасуына әкелді.

**XIX ғасырда Қазақстанда исламға дейінгі сенімдермен біріге отырып, ислам берік орнады**. «Орынбор ғылыми архивтік комиссияның еңбектері» журналында былай деп жазылды: «Ислам қырғыз даласына кең енуде. Дегенмен де мұсылман салт-жоралары көп жағдайларда пұтқа табынушылық қалдықтарымен араласқан» [11, 34-б.]. Исламның таралуы фондында пұтқа табынуға құмарлықтың сақталуы туралы революцияға дейінгі зерттеушілердің көптеген еңбектерінде айтылады.

«Қазақтар» атты мақалада: «Қазақтар мұсылман дінінде болғанымен, олардың Мұхамед діні пұтқа табынушылардың әр түрлі жораларымен араласып кеткен» делінді [12]. С.Чичерина былай деп жазды: «Бұқара халық мұсылмандар деп саналғанымен, пұтқа табынды. Бұл көне пұтқа табынушылық қазақтардың дүниетанымының және тұрмысының негізінде жатқаны сөзсіз» [2, 238-б.]. Белгілі этнограф А.Левшин XIX ғасырдың басында қазақтар туралы былай деп жазған еді: «Олардың барлығының әлемді жаратушы туралы түсініктері бар, олар оған Құран заңдары бойынша сенеді, басқалары ислам ілімін көне дәуірдегі пұтқа табынушылық қалдықтарымен араластырады, үшіншілер адамдардың бақытын көксейтін Құдайдан басқа албасты немесе шайтан бар деп санайды» [13, 313-б.].

«Тобыл епархиалдық ведомостілерінде» мынадай ақпарат бар: «Баяғы уақытта қазақтар мұсылманға айналды, бірақ сол кездерден бастап, олардың діндеріне пұтқа табынушылардың ырымдары енгізілген, сондықтан оларды пұтқа табынушылар, әлде мұсылман деп тануыңды білмейсің. Олар құдайды таниды, сондай-ақ екі рух – мейірімді рух және албасты бар екендігіне, қайтыс болғандардың

жаны жұлдыздармен байланысты дегенге сенеді. Адамдар жұлдыздарының бақытты, бақытсыз болуына қарай тағдырлары шешіліп жатады, күндері сәтті, сәтсіз болуы мүмкін» [14, 77-б.].

**Қазақтар жұлдызды аспанға үлкен назар аударған**. Олармен өз жоспарларын, армандарын болжаған. М.Шорманов қазақтардың жұлдыздардағы өзгерістерге қарап, табиғатта болатын өзгерістерді болжағаны жайлы қызықты деректер қалдырды. Ол былай деп жазды: «Қазақтардың тамаша жұлдыздар атаулары бар: үркер, бір жерге шоғырланған жұлдыздар тобы, мамыр айында жасырынады, содан соң оны 40 күн бойы көре алмайсың, ал осы уақыт өткен соң ол шығыстан шығады да құс жолының оңтүстік жағынан шығады; үркер шыққан кезде міндетті түрде жауын жауады, жаңбыр мол жауса, шөп қауырт шығып, мал тоқ болады, ал жаңбыр аз болса, шөп сарғайып, малға жайсыз болады. Үркер шыққаннан кейінгі 20 күннен соң бір қатарда тұрған үш жұлдыз таразы жұлдызы шығады. Ол шыққан кезде де жауын жауады...» [15, 59-б.].

**Қазақ халқы ата-бабаларының діни салттары өз уақыт сақтады**. XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында Дала өлкесінің тарихи-идеологиялық картасы шамандық діни дүниетанымының күшейіп келе жатқан ресми ислам идеологиясымен күрделі ұйқасқан көрінісін байқатты. Ресми және ресми емес мұсылман діни қауымдастығы өз дінін этникалық мәдениетке икемдей отырып, көптеген жергілікті культтерді бойына сіңірді, соның нәтижесінде халықтың санасы синкретикалық, көпқұрылымды сипатта болды, деп жазды этнограф Ө.Т.Төлеубаев [16, 6-б.].

**Қазақтардың діншілдігі айқын синкретизммен, яғни бөлшектенбеуімен, ерекшеленді**. Ислам, мұсылмандыққа дейінгі сенімдерді жалған діндер деп жоққа шығара отырып, оларды өз бойына сіңірді. Шын мәнінде көне культтер: анимизм, магия, тотемизм, фетишизм, шаманизм модифициланған түрде исламға кірді. Біршама халықтық салт-дәстүрлер туралы да осыны айтуға болады. Көп жағдайларда көне дәстүрлер жаңа келбетке ие болып, исламға жол ашты.

**Тәңірі туралы түсінік Алламен алмасты**. Сібір татарларындағы бұл құбылысты тарихшы Ф.Т.Валеев атайды: «Халықтың ауыз екі тілінде «тәңір» термині сақталған, «тәңір» – аспан, «көк тәңірі» – көгілдір аспан, көне түркі жазбаларында жиі кездеседі. «Тәңір» сөзімен бірге Сібір татарлары әрдайым дерлік «құдай» сөзін айтады» [17, 197-б.].

«Күн, ай, жұлдыз культі кейбір салттарда сақталып қалды. Екінші дәрежелі құдайлар «әсіресе, бейнелері барлар, мысалы, жер құдайының жансыз тұлғасы, мүлдем ұмыт қалды, өйткені исламның келуімен жансыз бейнелер мұсылмандарға жеккөрінішті болды», – деп жазды Ш.Уәлиханов [18].

Осылайша, XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қазақтардың дүниетанымы көне шамандық діннің қалдығы және мұсылмандық элементі болып екі топқа бөлінді. Әсіресе, пұтқа табынушылықтың ығыстырылуына мұсылман дінін уағыздаушылар – фанат татарлар мен сарттар ықпал етті. Ортодоксалды ислам қазақ діншілдігінің өзіне тән белгісі болды. Кітап оқу ғылымы халықтық исламға қарағанда екінші орынға ысырылды.

Қазақтар тұрмысында от культі күшті дамыған. Ол оттың ерекше қасиеттері бар деген түсініктің болуына, отты магиялық жораларда пайдалануға байланысты. Оны көне отпен аластау жорасынан көреміз. Неке қию салтында да от болды. Келін қайын жұртына келгенде, ошаққа табыну керек. Көне

ырымдар бойынша оттан аттауға, не оны басуға, сумен сөндіруге болмайды. Отпен жын-шайтаннан, аурулардан аластаған. Осы жораларды орындау кезінде адамдар Алланы ауызға алған, дұға оқыған. Мысалы, ақпарат беруші Әйтімова Мақтай былай дейді: «жаңа үйді жын-шайтаннан аластаудың ең жақсы әдісі – Құран сүрелерін айта отырып, арша бұтағының көмегімен отпен аластау».

Әулиелерге табынуда халықтық ислам шеңберіндегі діни синкретизмнің бір қырын көруге болады.

**Қазақ қоғамының мәдениетінде үлкендерді, о дүниелі бөлген ата-бабаны сыйлау өте маңызды орында.** Ақпарат беруші Егеубай Райынбекұлы қазақтарда мынадай бір ырым болған дейді. Егер қайтыс болған адамды ас беріп, жерлемесе, әкесінің алдында парызын өтемеген ұлының шаңырағы ауруға, кедейшілікке ұшырайды. «Орынбор ғылыми архивтік комиссияның еңбектері» журналының бір мақаласында (1905 ж.). «Бабалар культі бұйығы, инертті және ырымшыл номадтың қиялымен араласып кетті. Бір бәлеге ұшыраған қырғыз «аруақ ұрды» дейді» [11, 34-б.].

**Көшпенділердің әр руы өз ата-бабаларының культін қастерледі.** Барлық қиын жағдайларда қазақтар ата-бабаларының рухына, аруақтарға сиындды. Ақпарат беруші Ілиясова Рашиданың деректері бойынша, «Аруақтар, мені демеп жіберіңдер», «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деп айтылатын.

**Қазақтар зираттарға құрметпен қарайды. Зират басында күнәларын мойындап, ант беретін.** Егер жолаушы түнде далада қалса, салт бойынша ол зират басында түнесе, бәле-жаладан аман болады деген сенім бар. Ислам тарала бастаған кезден мұсылман зиратының маңынан өтіп бара жатқан жолаушы тоқтап, дұға оқуы керек. Бабалар культі біртіндеп исламдық сипатқа ие болды.

Исламның Қазақстанда орныға бастауының бір белгісі – бұл өңірде аңыздармен, салт-жоралармен, қажылық етумен байланысты киелі жерлердің (мазарлардың) болуы. Алайда, жекелеген өңірлерде Құранның дұғаларын білмегендіктен, әлі күнге дейін зират қоршауына ақ мата қиықтарын байлауға рұқсат етіледі. Сонымен қатар тастар, ағаштар, бұлақтар қасиетті деп саналады.

Әулиелерді құрмет тұтудың мұсылмандық нысаны исламда ескі діни жораларды сақтауға әрдайым қажет болды деп айтуға болмайды. Кейде олар халықтың наным-сенімінде мұсылмандықпен байланыссыз да өмір сүруін жалғастыра берді. Мысалы, олар киелі ағаштар культінде көрінеді. Біркелкі дала ландшафты фонында кездесетін басқа заттар сияқты, ағаштарды киелі деп санау қазақтарда бұрыннан келе жатқан наным. «Табигаттың ерекше құбылыстарын әулиелер болған деп, қасиетті жер ретінде санайды», – деп жазды Ш.Уәлиханов [19].

**XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген Баянауыл қазағы Шағыбай Тасыбаев:** «Баянауылда Әулие тас деген жер бар, сол жерге ауру қазақтар, бала көтермеген әйелдер барады. Әдетте кешке қарай келіп, түнді үңгірде немесе жақын маңда өткізеді. Ауқаттылары қой сойып, үңгірдің аузында қазан орнатып, етті пісіреді. Суды міндетті түрде үңгірден алып ішеді, онымен шайынып, денелерінің ауырған жерлеріне жағады. Бұл судың емдік қасиеті бар» [20, 25-б.].

Ақпарат берушілердің деректері бойынша дала өлкесінде қазақтар Қожа Ахмет Яссауидің, Айша бибінің, Бабажан қатынның, Алаша ханның, Бекет атаның кесенелерін киелі жерлер деп санаған.

Әлі күнге дейін дала өлкесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Жандарбек Қожахметұлының, Исабек ишанның, Мерғалым сынықшының, Ғабдол Уәхит хазиреттің, Науан хазиреттің зираттары киелі деп саналады. Халық сондай-ақ ерекше бейнелері бар Теректі әулие жартасына, Қызылқұрт, Бектау ата, Қоңыр әулие жартастарына, Қошқар ата, Шапқақ ата бұлақтарына және т.б. табынады.

**Ақпарат иесі Қамзина Шәйзат Әбділдақызының айтуынша,** киелі жерде таңертең ұйқысынан тұрған әйел: «өзінің басындағы орамалының бір қиығын жыртып алып, оны зират басындағы ағашқа іледі». Орыс әскерінің офицері И.Г.Андреев мынадай мысал келтіреді: «Уақ болысының қырғызы Баян старшинасының ұлы жас әйелге үйленіп, 8 жыл бойы бала көрмейді. Ол әйеліне Түркістандағы әулиелердің моласына апарып, жарты жыл бойында барлық жоралғыларды жасағаннан кейін, ер бала мен қыз бала сүйеді» [21].

**Дала өлкесі қазақтарының әулие адамдарының бейнесі Орта Азияның исламданған әулиелерінің бейнесімен сәйкес келмейді.** Мұнда олар әулиелер емес, қасиетті бабалар. Олар белгілі туыстық топтар шеңберінде ғана киелі саналған.

Дала мұсылмандарының халықтық исламда бұрынғы шаманизмнің қалдықтары сақталған. К.Бейсембаев: «...Қазақстанда таралған ислам нысандары және мазмұндары бойынша мұсылмандық түрді қабылдаған шамандық наным-сенімдерді бір-жола ығыстыра алмады. Шамандық түсініктер үстемдік етіп тұрған кезде қазақтар аруақтарға сенсе, мұсылмандықты қабылдаған кезден бастап исламдағы перілер мен шайтандардың барына сенген. Дұғалар оқылған кезде өздерінің қасиетті ата-бабаларына ғана емес, мұсылман халифтерінің аруақтарына, шамандарға сенген және сонымен бірге мұсылман қожаларына құрметпен қараған», – деп жазды [22, 49-б.].

**Осылайша әдебиет көздерін кең зерттеу қазақтардың исламға индифференттігі туралы болжамдардың дұрыс еместігін көрсетеді.** Көшпенділік тұрмыс қазақтар арасында исламның таралуына кедергі болған емес. Пұтқа табынушылықтың орнына жалғыз Аллаға табынатын және қарапайым салт-жоралары бар ислам келді. Исламның бейімделуі су тапшы болған дала жағдайларында құммен дәрет алуға рұқсат етуден де көрінеді. Ислам қазақтардың санасына барынша сіңді. XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында Дала өлкесінде тұрмыстық исламның қағидаларын сақтаған діни өмір қарқынды жүрді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Шығармалары – 2-том, 1-бөлімі.
2. Чечерина С. Как начиналось дело просвещения восточных инородцев // Известия по народному образованию. – СПб., 1907. – 235–296-беттер.
3. Томилов Н.А., Селезнев А.Г. Некоторые проблемы изучения ислама в Сибири // Исламская цивилизация в преддверии XXI века: Баяндамалар тезистері. – Омск, 1994.
4. ЦГА РК. – Ф. 369. – О. 1. – Д. 2040а. – Л. 48.
5. Броневский С.Б. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. – СПб., 1830. – Ч. 41–43.
6. Статистическое описание Сибирского казачьего войска / Құрастырушысы Ф. Усов. – СПб., 1879.
7. Зеланд Н. Киргизы: Этнологический очерк // Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО. – 1885. – 7-кітап, 2-

шығарылуы.

8. **Каруц Р.** Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. – СПб., 1810. – 715-беттер.

9. **Бекмаханов Е.Б.** XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан. – Алма-Аты, 1992. – 400-бет.

10. **Уәлиханов Ш.Ш.** Даладағы мұсылмандық туралы // 5-томдық шығармалар жинағы:– Алматы, Ғылым баспасы, 1985. – 4-том. – 71-76-беттер.

11. **Словохотов Л.А.** Народный суд обычного права киргиз Малой Орды // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – 15-шығарылуы. – Орынбор, Торғай облыстық баспаханасы, 1905.

12. Киргизы // Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО. – 1886. – 7-кітап. – 2-шығарылуы.

13. **Левшин А.И.** Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / академик М.Қ. Қозыбаевтың жалпы редакциялауымен. – Алматы: Санат, 1996.

14. О казаха и киргизах, населяющих Акмолинскую и Семипалатинскую область // Тобольские епархиальные ведомости. – Омбы, 1892. – 1-бөлім. – 77-бет.

15. **Шорманов М.** Қазақ халқының салттары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2005. – 250-беттер.

16. **Төлеубаев А.Т.** Қазақтардың отбасылық салт-жораларындағы мұсылманшылыққа дейінгі нанымдар релик-тілері (XIX ғасыр– XX ғасырдың басы). – Алматы: Ғылым, 1972. – 6-бет.

17. **Валеев Ф.Т.** Западносибирские татары во второй половине XIX – начале XX веков (историко-этнографические очерки). – Казан: Татар кітап баспаханасы, 1980. – 197-бет.

18. **Ш.Ш. Уәлиханов.** Қазақтардағы шамандық іздері // 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Ғылым, 1985. – 4-том. – 48–70-беттер.

19. **Ш.Ш. Уәлиханов** Тәңір // Сонда. – 208–215-беттер.

20. **Коншин Н.Я.** От Павлодара до Каркаралинска. Пу-тевые наброски // Памятная книжка Семипалатинской области. – Семей, 1901. – 26-бет.

21. **Андреев И.Г.** Описание Средней орды киргиз-кай-саков... – 79–80-беттер.

22. **Бейсембаев К.Б.** Қазақстанның қоғамдық ойлары тарихының очерктері. – Алматы, Ғылым, 1985.

## **ПОПЫТКИ СМЕЩЕНИЯ ЦАРИЗМОМ АБЫЛАЙХАНА И СУЛТАНМАМЕТА**

**Зиябек КАБУЛЬДИНОВ,**  
доктор исторических наук, профессор Института  
истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова

**Российская империя с самого начала принятия казахами российского подданства преследовала важную цель по уничтожению институтов традиционной власти через постепенное смещение ханов и султанов:** одних дискредитировали в глазах своих поданных (хан Нуралы); вторых вызывали в центр империи и арестовывали, отправляя в почетную ссылку (хан Арынгазы); третьих – уничтожали руками их политических противников (хан Абулхаир), четвертых открыто арестовывали и держали в г. Березов Тобольской губернии (хан Губайдолла) и т.д.

**В этой связи Россия приняла некоторые меры и по отстранению и даже аресту хана Абылая.** Подобные же меры были предприняты и по отношению к его двоюродному брату, ровеснику и надежному союзнику Султанмамету. Последний стал править кыпчакским улусом в районе Среднего Прииртышья с указания и всемерной поддержки своего зятя старшего хана Абулмамбета. Со временем его власть через 17 его сыновей, верных ему батыров и старшин распространилась на все Среднее Прииртышье. Вместе с ханом Абылаем они управляли не только Средним жузом, но и частично Старшим и даже отдельными группами Младшего жуза, подведомственные Нуралы хану. **Султанмамет** (полное имя Султанмухаммед, в различных источниках известен как Салтамамет, Салтанмамат, Султан Мамет, Мамет салтан и т.д.) **родился на территории Южного Казахстана в 1710 году.** Его родственники, в том числе и первая жена, жили в Туркестане – столице Казахского ханства. Был человеком состоятельным и самодостаточным: вместе с сыном Карашем имел 20 тысяч голов лошадей. Был храбрым батыром и сардаром: от своего улуса мог выставить до 8 тысяч воинов. А по заданию Абылая мог сформировать конную армию численностью до 50 тысяч человек из числа казахов Северного и Северо-Восточного Казахстана. Стал одним из влиятельных правителей Казахского ханства. Именно ему принадлежит инициатива по «вторичному»

переселению левобережных казахов на «внутреннюю сторону» Иртышской линии военных укреплений.

Тактика устранения и дискредитации потомков Чингисхана была хорошо апробирована царизмом на примере хана Младшего жуза Нуралы. И так, 13 апреля 1749 года Указом коллегии Иностранных дел он был **«утвержден в этом звании безупоминании какой именно, т.е. Меньшей или Средней Орды»** [1, с.22]. А когда его заставили на коленах присягать на верность российской короне, то он был окончательно подмят царским правительством. Его дискредитация достигла апогея во время башкирского восстания 1755 года, когда он стал по наущению местных властей грабить беззащитных и союзных казахам башкир, попросившихся к ним за защитой от царских карателей [1, с.22]. В 1786 году Нуралы был отозван на российскую сторону и где завершил свою жизнь в не очень удачном и приглядном положении: забытый всеми подданными, подкупленный царизмом, дискредитированный и потом смещенный от власти. Именно по такому схожему сценарию смещались другие казахские властелины.

Царизм думал и о смещении Абылая, ближайшего сподвижника Султанмамета, показывавший свою излишнюю с точки зрения российской политики строптивость перед Российской империей. Как известно, Абылай хан был одним из самых могущественных и дальновидных казахских правителей [2]. Но сильные и единоличные правители ей не были нужны. Этим обстоятельством объясняется и тот факт, что в 1759 года царская администрация предложила Абылаю сместить законного старшего казахского хана Абулмамбета и занять его место, обещая ему «всяческую поддержку». Однако влиятельный и мудрый султан ответил отказом. Его согласие на данное предложение могло привести к разрушению единства народа. Абылай, прекрасно осведомленный о далеко идущих колониальных планах царского правительства, не мог не поступить иначе. Этому предшествовало одно немаловажное событие. В 1754 году во время борьбы за джунгарский



престол, Давации, разбив своего соперника Амурсану, сильно теснил казахов Среднего жуза. Тогда Амурсана признает над собою власть китайского богдыхана. **Со слов М.Красовского:** «пока китайское правительство успело выслать войска против Давация, Абылай был так стеснен на севере, что обращается к сибирскому пограничному начальству с просьбой впустить внутрь линии жен и детей киргизов некоторой части Средней Орды. В этом ему начальники линии, на основании Указа военной коллегии от 31 января 1755 года отказывают, тем самым окончательно убеждают Абяла в том, что от русского правительства, столь неосновательно опасующегося таких ничтожных врагов, как джунгары, и из одного этого опасения, отказав прикрыть подвластных ему киргизов, нечего ожидать в будущем... с этих пор до конца своей жизни он поступает с нами столь же коварно, как и мы с ним. А жаль было лишиться доверия одного из самых популярнейших султанов. Абял имел для нас значение больше, нежели нелюбимый народом Абулхаир» [3, с.86].

**Только после кончины хана Абулмамбета Абылай согласился стать правителем всех трех жузов.** В 1771 года в Туркестане его провозгласили старшим ханом. По словам российского исследователя нового времени И.Крафта: «...он (Абылай – авт.) умел, смотря по обстоятельствам, казаться преданным то России, то Китаю, то Джунгарии, но в действительности не подчинялся никому» [2, с.67].

Итак, царизм, сумев избавиться от Абулхаира и позднее сделав его сына Нуралы своей марионеткой в Младшем жузе, свой взор бросил в сторону укрощения Среднего казахского жуза, где ему противодействие оказали султаны Абылай и Султанмамат. Вот что он пишет по поводу неудобности для российского правительства персоны общеказахского хана: «Абялхан довольно уже доказан против российской стороны грубым, и во всяких случаях по требованиям здешним во всегдашнем неисполнении, и в невыдаче немало находящихся у него в плену российских людей. Тем паче, что и с подвластного его народа поныне причиняют к российской стороне разныя шалости и злодеяния: увозят людей, отгоняют скот» [5, лл. 321-322 об.]. В этой связи высшая власть империи дала четкую инструкцию региональным руководителям по нейтрализации и ослаблению казахского властелина, весьма почитаемому его подданными: «Почему и необходимо потребно к установлению в его орде всякого спокойствия, а на границах российских безопасности, согласно с предписанием высочайшим Ея императорского величества указе, силу его, Абяла, к настоящему ханскому званию, уменьшить» [5, л.321 об.].

**В 1778 году царизм признал Абылая ханом только одного Среднего жуза.** Однако, оскорбленный данным решением, он отказался поехать на торжественную церемонию присяги и вручения царской грамоты и подарков, поскольку считал, что правителем его избрал народ, и потому он не обязан клясться в верности российскому престолу. Вот как об этом пишет А.Добросмыслов: «24 мая 1778 года султан Абял возведен императрицей Екатериной II в ханское достоинство, и тогда же объявлено было в этом особой императорской грамотой... Императрица Екатерина II, утвердив Абяла в ханском достоинстве, предложила оренбургскому губернатору приложить старанье, чтобы Абылай для конфирмации прибыл в город Оренбург или другое какое-либо место Оренбургской губернии и самый обряд совершить таким образом, как это было при конфирмации хана Малой орды Нуралы в 1749 году... При принятии Абяла

должен стоять на коленях, как принимал присягу в Оренбурга хан Нуралы, хотя на этом, во избежание «предосудительного шума» в народе, предлагалось сильно и не настаивать... Неоднократные попытки пограничного начальства побудить Абяла принять присягу не имели никакого успеха, а потому грамота на звание хана и другие знаки на это достоинство остались не врученными ему. По разведкам оказалось, что Абял потому не хотел принять присяги.. желал сохранить за собою свободу действий...Предполагали было взять Абяла за дерское и непристойное поведение в плен...» [6, с.157-158].

Поэтому царское правительство, руководствуясь политикой постепенной ликвидации остатков казахской государственности, все время думало над тем, чтобы нейтрализовать и даже подвергнуть его аресту. Об этом хорошо свидетельствует особое мнение командующего Сибирским корпусом Н.Г.Огарева от 25 января 1780 года, адресованное высшим органам власти Российской империи, в котором он, не считаясь с многовековыми традициями чингизизма, открыто предлагает противопоставить Абылай-хану Кулебаки-батыру, который попал в поле зрения российских чиновников. По отношению к последнему принимались все возможные меры, в том числе и прямого подкупа, для того, чтобы собирать секретные сведения для Российской империи. С этой задачей он неплохо справлялся. С целью реализации далеко идущего плана российского правительства предлагалось приложить максимум усилий, чтобы, **во-первых, «Средней орды старшин с подвластным их народом склонить к отложению совсем от него, Абяла», во вторых, «поставить им главного начальника друга, которой бы был ему всегда соперником»** [5, л.321 об.].

Но было одно условие: батыру Кулебаке должны были подчиняться только часть казахов Среднего жуза, кочевавшая от Песчаного редута до Омской крепости. Видимо, царизм, действующий по принципу «разделяй и властвуй», для других регионов готовил других марионеточных и временных правителей. В данному случае, было предположено, что он и предполагаемые и вероятные подданные Кулебяка батыра были противопоставлены «ослабевшему» Абылау: «Ежели только возможно будет, подчинить в точную его власть и учинить его сильным, чтоб уже он против Абяла всегда был, и никаким его советам не следовал, а напаче старался утешать его всякими образы» [5, лл. 322].

В случае возникновения угрозы новому «правителю» в лице батыра Кулебаки со стороны Абылая, было даже предположено использовать российские войска, в частности, иртышских казаков и башкир: «А от нападения от него, Абяла, когда он увидит непослушание, то и не оставит мстить и делать всякого ему, Кулебаки-батырю, зла, тогда делать ему, Кулебаки-батырю, подкрепление с стороны российских войск посылкою с Сибирской и Оренбургской линей казаков и башкирцов. А хотя к лутчему успокоению на первая времена на летняя м-цы и дать некоторую часть войска, которое б составляло ис казаков и башкир, при надежном казачьем старшине» [5, лл. 322].

А за ним должен был приглядывать толмач Абдулов и два башкира, представленные царизмом. Последние «сверх того, о всяких случаях в их орде известиях нам потребных всегда уведомляет, и для таковых уведомлений, еще при жизни генерал-порутчика Шпрингера, определен к отцу его, Кулсаре-батырю, и поныне у оного Кулебаки находитца знающий говорить и писать по-татарски петропавловскаго баталиона сержант Аб-

дулов, и при нем из находящихся на службе башкирцов два человека. Через которых все оные уведомления доставляются верно. ... Как то и в прошедшем лете он, Аблай, требовал к себе многих старшин для войны с дикими киргисцами, но по совету его, Кулебаки-батыря, ни один из сих старшин к нему, Аблаю, не поехал. И коль скоро о чем только б ему Кулебаке написал Аблай-хан, или чего требовал, всегда о том мне сообщает, и тем прямою верность доказывает» [5, лл.319-320].

Но рассматривать его как соперника Абылаю Россия считала преждевременной ввиду того, что «многова числа в волостях кочующих вверх реки Иртыша его, Аблая, ближних родственников, которых теми управляют и имеют к нему, Аблаю, привязанность». [5, лл.319-320].

Адальше предлагалось противопоставить против хана тех, кто торговал на сибирских линиях. Последняя группа степняков больше всего была заинтересована в сотрудничестве с российскими властями: они получали значительные дивиденды от осуществления торговых операций. Большая надежда возлагалась на переводчиков, которые должны были вести подрывную и агитационную работу по раздроблению и разобщению казахов Среднего жуза. При этом они должны были действовать «лаской и уговорами» [5, лл.322].

Не возбранялось использовать потенциал и тех султанов, кто выражал открытое недовольство ханом Абылаем. К примеру, таковым был своевольный и амбициозный султан Торе, который пытался держаться с ханом на равных и нередко игнорировал требования общеказахского правителя [5, лл.322].

Но на пути реализации широкомасштабной задачи по подчинению казахских земель стоял султан Султанмамбет и его дети, в частности, Урус и Иман султаны, приходящие племянниками хану Абылаю: «Состоят в той же орде и кочуют от Омской крепости вверх по реке Иртышу, брат его, Аблая, Салтамамбет-салтан, и племянники Урус и Иман-салтаны и протчия дети Салтамамбетовы со своими подвластными киргисцами, которых не уповательно чтоб моли от него, Аблая, отложитца, и, канешно, не оставят держатца стороны его» [5, лл. 322 об.].

Царизм, поняв, что Султанмамбет султан со своими детьми, не пойдет против своего двоюродного брата Абылая, искали и другие пути нейтрализации хана Аблая, где не исключался вариант открытого ареста Абылая: «А всего б удобнее было, естли б и самого его, Аблая, удалось сопернику его в руки свои получить, и взять онаго к задержанию в России, чрез што и оставшей бы его народ мог совсем прийти в лутчее послушание, и наконец предатцаустанавлиемаго над ними начальства» [5, лл. 322].

Когда ставка на Куляка батыря и на Султанмамбет султана и его сыновей не увенчалась успехом, прорабатывался вопрос столкновения его с потомками Нуралы хана или других знатных казахских особ: «А неудобнее ль всево может быть употреблен для сево начальства из Меньшой орды из детей Нуралы-хана или из других знатнаго рода киргисцов» [5, лл. 322 об.]. Как видим, Российская империя предприняла попытку столкновения Султанмамбета с Абылаем, которая как покажут позднейшие события не увенчалась успехом. Ничего не дали и тщетные попытки выдвижения отдельных батыров на роль правителей, что также потерпело фиаско: степь, которую с более 600 лет правили чингизиды не была готова к изменению устоявшейся традиции управления Казахстаном простолюдинами. Царизм, руководствуясь

принципами ослабления ханской власти в Казахстане в лице Абылая, который позиционировал себя с общеказахским ханом, ставил цель – ослабить силы, которые поддерживали хана. Таковым было семейство Султанмамбета, которых предполагалось отлучить из этого региона: «В сем случае, не будет ли удобнее оных от их мест отлучить, так, штоб известно не было. Почему может быть ведомства тех Салтамамбет-салтана з детьми киргисцы без них, не будучи наставляемы своими старшинами, ис послушания его, Аблая, выйдут. А всего б удобнее было, естли б и самого его, Аблая, удалось сопернику его в руки свои получить, и взять онаго к задержанию в России, чрез што и оставшей бы его народ мог совсем прийти в лутчее послушание, и наконец предатца устанавлиемаго над ними начальства.» (25-го января 1780 года) [5, лл. 322 об.]. Рассматривался и вариант смещения и замены хана Абылая влиятельным султаном Абульфеизом. Инициаторами такого плана одновременно были два губернатора: оренбургский И.Рейнсдорп и сибирский Н.Г.Огарев. Когда начали подыскивать Абылаю соперника, то многие оказались ему близкими родственниками, за исключением Абульфеиса, который имел некоторые разногласия с ним: «Пользуясь сей ненависть не можно будет их или других подобных им, по сведениям вашему, соперникам ему Абылайхану поставить» [5, лл. 322 об.].

И так, со стороны царизма были тщетные попытки сместить Абылая, вплоть до его ареста, а также противопоставления его с Султанмамбетом и его сыновьями. Но зная, что этого не произойдет, то предполагалось, чтобы выслать преданных ему Султанмамбета и его потомков в другое место, подальше от Абылая. Кстати, события последующих лет покажут, что царизм таки делает, разрешив большинству потомков Султанмамбета перебраться на «вечную кочевку» на правобережье Иртыша, тем самым ослабив сына Абылая-хана Уалия.

## ТҮЙІН

**Зиябек Қабұлдинов. Патша үкіметінің Абылай хан мен Сұлтанмәмбетті тақтан тайдыру әрекеттері.**

Бұл мақалада автор Ресей империясының отаршылдық саясатының Шыңғыс хан ұрпақтарының билігін әлсіретуге бағытталғанын қарастырады. Қазақ хандығын тәуелді етуді көкसेген Ресей патшалығының отаршылдық басқыншылығына қарсы бірлесе күрескен Абылай хан мен Сұлтанмәмбет сұлтанды тақтан тайдыру әрекеті жасалғандығы деректік негізде баяндалып, талдау жасалады.

\*\*\*

**Ziyabek Kabuldinov. Attempts of tsarism to replace of Abylai khan and Sultanbet.**

In this article, the author reviews colonial policy of the Russian Empire to weaken authority of Genghizids. On the part tsarism was attempt to replace of khan Abylai and sultan Sultanbet, which together defended forefront of Kazakh Khanate from colonial attitudes of tsarism.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Крафт. Сборник узаконений о киргизах степных областей. 1730-1898.- Оренбург, 1898
2. Кабульдинов З.Е. История Казахстана.-А.: Атамұра, 2016.
3. Красовский М. Область сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России.- Спб., 1868.-Ч.1.
4. Валиханов Ч.Ч. Абылай-хан // Собрание сочинений в пяти томах.- Алма-Ата, 1964.- Т.3.
5. ГАОРО, ф. 3., оп. 1., д. 176
6. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк // Известия Оренбургского отдела императорского Русского Географ. Общества – Оренбург, 1901.- Выпуск №16.



## ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ИСЛАМ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Күлшат СЫМАҒҰЛОВА,  
 философия ғылымдарының кандидаты, доцент,  
 Раушан МАТКЕРІМОВА,  
 ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті  
 дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы

Бүгінгі күні әлемде тұрақтылық тұрғысынан дінге, әсіресе, исламға қатысты түрлі мәселелердің өткір тұрғаны анық. Сонымен бірге, қазіргі технологиялар мен ақпараттар тасқынындағы жаһандану дәуірінде діннің қоғамдағы рөлінің күннен күнге артып отырғанын аңғарудамыз. Осы тұрғыдан қарағанда ислам дінінің өзімізбен көршілес жатқан Қытай Халық Республикасына да қатыстылығы заңды құбылыс. Бүгінгі күнгі Қытайдағы негізгі әлеуметтік белсенді топтардың басым бөлігін мұсылмандар құрап отырғаны анық. Мемлекетте қытайлық мұсылмандар негізін құрған біршама сауда-экономикалық және өндірістік кәсіпорындар, қаржы ұйымдары жұмыс жүргізуде. Яғни, ислам дінін ұстанушылар қытай қоғамының этнодіни, саяси, экономикалық және мәдени қатынастарына едәуір ықпалын тигізіп отырғанын айтуға болады. Сондықтан да, Қытай қоғамының даму тетіктерінің бір көрсеткіші ретінде ондағы ислам дінінің тарихын және мұсылман азшылық ұлттардың қазіргі жағдайын зерттеудің берері көп болмақ.

Жаңа Қытайдағы мұсылмандар басқа дінді ұстанушылар секілді дін ұстану еркіндігіне ие. 1952 жылдың басында мұсылман көшбасшылары Бурхан, Депушен, Макиен және Пан Шицянь қытай мұсылмандарының ұлттық ұйымы – Қытайлық ислам ассоциациясын құрды. 1953 жылы мамыр айында Пекинде 1-ші ислам конференциясында бекітілді. Ұйымның ел бойынша жергілікті бөлімшелері ашылды. Елдегі мұсылмандар дәстүрлерін құрметтеу тәрізді мәселелері дұрыс жолға қойылды. Мұсылмандардың тамақ, жерлеу рәсімі, діни салттарды ұстанудағы ерекше талаптары халық үкіметінің қол астында. Қытайлық ислам ассоциациясы – елдегі мұсылмандардың жоғарғы органы. Әрбір төрт жыл сайын бүкілқытайлық ислам конференциясы өткізілуде. Ол жаппай дін ұстану еркіндігі саясатын жүргізуде орталық үкіметке қолдау көрсетеді, ислам топтары мен мұсылмандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Қытайлық ислам ассоциациясы достық қатынастарды жалғастырып, ислам мемлекеттерінің ұйымдарымен, институттарымен, діни қайраткерлерімен ғылыми-мәдени алмасулар ұйымдастыру мәселелерін шешуде үлкен үлес қосуда. Ассоциация, сонымен қатар, мұсылмандық тарихы мен теология, ислам мәдени мұрасы, ислам институттарын ашу салаларына қолдау көрсетіп, жас имамдар мен мұсылмандық қызмет етушілерді дайындау мақсатымен шетелге мұсылман өкілдерін шығаруда қомақты рөл атқаруда. Орталық және жергілікті өкіметтің қолдауымен ескі кадрларды жұмысқа кең көлемде тартумен қатар дін қызметкерлерінің жаңа ұрпағын дайындау жұмысы белсенді жүргізілді. Біз білетіндей, Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы ауданында ширек ғасыр

бойы діни мамандарды дайындау жұмысы қолға алынбады. Сондықтан да діннің қайта жандануы жағдайында мамандар тапшылығы айқын сезілді. Осыдан 80-ші жылдардың бірінші жартысындағы мерзімдік басылым материалдарында белсенді пиғылдағы, өкіметті жақтаушы дін қызметкерлерін арнайы дайындау қажеттілігінің бірнеше рет айқын көрсетілгені түсінікті. Осыдан келе ШҰАА-ның мемлекеттік және діни органдары белсенді түрде діни білім беру жүйесін ретке келтіріп дамыта бастады.

Қытайда ислам мәтіндерінің көптеген зерттеулері мен аудармалары жарық көрді. Құран мен мұсылман классиктері жарияланды. Құранның қытайша аудармасы басылып шығады (қатарынан араб және қытай тілдеріндегі мәтіндер). 1957 жылы ассоциацияның «Қытайдағы мұсылмандық» атты журналы шыға бастады. Аталмыш ұлттық ислам ұйымының делегациясы халықаралық ислам конгрестерінің қызметіне белсенді қатысады, ұйым мүшелері бірнеше ондаған мұсылман елінде сапармен болады, ал оның шақыруымен Қытайға белгілі мұсылман басшылары мен ғалымдары барады. Әр жыл сайын ұйым Меккеге қажылыққа бару үшін топтар ұйымдастырады. Мұның барлығы қытай халқы мен көптеген мұсылман мемлекеттерінің халықтары арасындағы өзара түсіністік пен достыққа өз септігін тигізеді. Қытайлық ислам ассоциациясы барлық әлемде бейбітшілікті қорғауға өз үлесін қоса отырып, әртүрлі елдегі мұсылмандарға олардың өздерінің ұлттық тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігін қорғауда қолдау көрсетеді. Ислам теологиясы институты 1955 жылы құрылды. 1983 жылы Қытайдағы мұсылмандардың автономиялы облысы Нинсяда 34 жас мұсылман дін иелері жартыжылдық дайындау мектебін бітіреді. Бұл жерде – 2 мыңға жуық имам егде жаста болғандықтан, жас мамандарды дайындау мәселесі қарастырылды. 1985 жылдың қыркүйек айында Нинсяда ислам теология институты құрылады оған 5 жылдық оқуға 20 студент қабылданады.

Ислам дінінің Қытайға екінші бір кең көлемде таралуы бұл Юань династиясы кезінде болды. Ал осы династияның билігі кезінде парсы «мұсылмандық» тілі моңғол және қытай тілдерімен қатар мемлекеттік тілдердің бірі болды. Моңғолдардың билігі құлап, Мин династиясы билік құрғаннан кейін (1368-1644 жж.) тілдік қатынаста «сэмужендер» толығымен қытайландырылды. Олар «хуэйхуэй» (арабтар мен ирандықтардың қытайлармен аралас некесінің ұрпақтары) халықтарының негізін құрады. Қазіргі кезде кей жағдайда «хуэйцзяо» термині кездеседі. Жаңа кезеңде араб сөздерінің транскрипциясы болып табылатын «мусылинь» және «исыланьцзяо» терминдері қолданылады. «Цинчжэн» биномының



аудармасы – «тазалық және шынайылық» бола алады.

**Қытай мұсылмандарының мәдени синкретизмінің мысалы ретінде есімдердің ауысу фактілерін келтіруге болады.** Қытайлық қыздарға үйленген көптеген мұсылмандар, әдетте, өз әйелдерінің есімін алды. Кейбіреулер өз есімдері Мұхаммад, Мұстафа және Масуд болса, Мо, Мэй және Му секілді қытай фамилияларын алды. Өз аттарына сәйкес келетін қытай фамилиясын таба алмағандар өз есімінің бірінші буынына ұқсас келетін есімдерді таңдап алды, мысалы, Хасан үшін Ха, Хусейн үшін Ху немесе Саид үшін Сэй, т.б.

**Өз тілдерін (парсы, араб, т.б.) жоғалтқан қытай мұсылмандары классикалық исламға тән асхана, киім, т.б. жоғалтты.** Қазіргі таңда Қытайда ислам дінін ұстанатын 20 млн адам тұрады және бұл ұлттық азшылықтарға қатысты танымал саясаттың арқасында 1987 жылғымен салыстырғанда 6 миллионға артқан [1].

**Исламдағы намаз немесе салат қытай тілінде «либай» немесе «бай» рәсімі деп аталады.** «Бай» иероглифінің этимологиясына назар аударсақ, бұл термин ежелгі Қытайда рәсімдік құлшылықты (ата-баба рухтарына, аспанға құрбандық шалғаннан кейінгі құлшылықты) білдіреді. Мысалы, Чжоу династиясының алғашқы билеушісі У-ван (б.з.д. XI ғ.) құрбан шалынатын жерде рәсім жасағаннан кейін Шан-Иньді жеңу құрметіне байланысты екі мәрте сәжде «бай» жасағаннан кейін құрбан шалынған жерден кеткен. Бұған қоса, ежелгі Қытай тілінің Пекиндік сөздігіне сәйкес, «либай» термині Қытай тарихшысы Бань Гу (б.з. I ғ.) атап өткен діни рәсімді білдіреді. Сондай-ақ исламдағы бес парыздың бірі зекет – сөзінің мағынасы ерекше. Діни салық «тянькэ» сөзімен аударылған, яғни «аспан салығы» деген мағынаны білдіреді. Мұнда қытай тіліндегі «аспан» сөзінің семантикасына назар аудару қажет. Аспан ежелден Чжоу династиясы (б.з.д. XI ғ. ортасы – 221 ж.) кезеңінен қытайлықтардың ең жоғарғы тәңірі болды, «аспан мандаты», «аспан ұлы» секілді ұғымдар аспанның ежелгі культімен байланысты. Ұлы аспан лайықсыздарды жазалап, ізгі адамдарды марапаттайды деп есептелді. Осылайша, исламнан хабары жоқ қытайлық үшін бұл сөз басқа мағынаға ие болды.

**Мұсылмандардың басты қасиетті кітабы – Құранның қытайша аудармасының өзі мән беріп ойландыратындай.** «Гуланыңзин» немесе кей жағдайларда «кэланцзин» сөздерінде байқап отырғанымыздай сөздік фонетикалық жағы басым, арабша «оқу» мағынасын кездестіре аламыз. Алайда аудармада әлдебір қытайлық ерекшелік бар, «Цзинь» сөзімен көптеген ежелгі қытайлық канондар, мысалы, «Даодэцзин», «И-цзин», «Ши-цзин», т.б. сияқты танымал канондар белгіленді. Бұл жағдайда біз мұндай аудармаға негізделген әлдеқандай мәдени симбиозды байқаймыз. «Мешіт» сөзінде де қытайлық ерекшелік көрініс тапқан, онда қытайлықтар сөздің фонетикалық және мәндік мағынасын да ескермеді. «Цинчжэньсы» сөзін «Исламдық ғибадатхана» деп аударуға болады, көп жағдайда «сы» сөзі нақты буддистік ғибадатхананы білдіреді. Мұсылмандардың басқа культтік құрылымы – минарет қытай тіліне аударғанда қиыршығыстық мәдениеттің белгілерін қамтиды. Қытай нұсқасында ол «сюаньлита» деп жазылады және соңғы иероглифке назар аудару қажет, себебі «та» сөзі буддистік ғибадатхананы (фота) білдіреді.

**Қытай мәдениетіндегі элементтердің ислам терминологиясына енгені күмәнсіз.** Мұндай мәдени

диффузия көп жағдайда шетел сөзінің фонетикасын емес, өз мәдениетінде қалыптасқан ұғымдарды пайдаланатын қытай жазуының ерекшеліктерінің арқасында мүмкін болды.

**Діндарлардың діни кітаптар мен әдебиеттер оқу талаптарын қанағаттандыру үшін Шыңжаңда діни әдебиеттер кең таралыммен шығарыла бастады.** «Құран», «Хадистер», «Бұхардың ілімдері», «Мұхаммедтің өмірбаяны» әртүрлі түсініктемелер және басқа ислам туралы еңбектер араб, қытай, ұйғыр тілдерінде қайтадан шығарылды. «Құран» 100 мың дана таралыммен қытай және араб тілдерінде, 1983 жылы 140 мың дана таралыммен ұйғыр тілінде Шыңжаң қоғамдық ғылым академиясында басып шығарылды. «Бұхардың ойлары» 140 мыңнан жоғары таралыммен шықты. «Қытай мұсылмандары» журналы қытай тілінде 1981 жылы және ұйғыр тілінде 1983 жылы қайтадан шығарыла бастады. Демек, бұл мұсылмандар үшін үлкен қуанышты іс болып саналады. «Құран» үзінділері бар әдемі безендірілген альбомдар, күнтізбелер, плакаттар, буклеттер кеңінен таратылды. Көп тиражды қытайлық мұсылмандардың діни өмірін бейнелейтін безендірілген журналдар шығарылды. Ахундар мен мұсылмандық қызмет көрсетушілерді дайындау үшін қытайлық ислам теологиялық институты құрылды. 1984 жылдан ислам ассоциациясы өз сауда орындарын ұйымдастырды [2]. Онда діни әдебиетпен қоса, діни қызметке қажетті дұға кілемшелері, жуынатын құмыралар мен табақшалар сатылды. Қорыта келе дінге сену, бостандық саясаты кең көлемде жүргізілді. Дінге сенушілердің қолдауына ие болды. Төртті замандастыру құрылымына өз үлесін қосты.

**Мұндай саясатты жергілікті халық белсенді түрде қолдап, биліктің ұлттық сезім мен жергілікті тұрғындардың намысын сыйлауы деп түсінді.** Алайда, зиялы қауым өкілдері басқаша ойда болды. Білімді адамдардың көбі автономиялы аудандағы негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешпей, ұлтаралық қайшылықтарды білдіртпеудің ыңғайлы әдісі деп есептеді. Бір жағынан, бұнымен келісуге де болады, бірақ қазіргі уақытта ШҰАА-да өндіріс күштердің даму үрдісі жүріп жатқанда, дінге сенушілерді қоғам өміріне араластыру үшін дінді қолдану ақталып шықты.

**Қытай басылығының діни фактордағы ұлттық қатынастарды реттеуші және ұлттың бірігуіне қол жеткізудің негізі ретінде есептеуі белгілі бір деңгейде ақталып шықты.** Шындығында да, автономиялы аймақтың ірі этникалық топтары – ұйғыр, қазақ, өзбек, татар, дүнгендер – исламның сунниттік бағытын, ал қырғыздар мен тәжіктер – шииттік бағытын ұстанады. Ислам бірлестігі негізінде бір сенімге біріккен олар сөзсіз кез келген ұлтаралық қатынастарға қатысты жеке мәселелерді, әсіресе, ШҰАА-ның екі ірі этникалық тобы – ұйғырлар мен қазақтар арасындағы мәселені реттей алады. Алайда бұл мәселенің тек бір жағы ғана, ал екінші жағы – осындай бірігудің негізінде ұлттық мәдениет, тіл, дәстүрдің дамуымен бірге ұлттың анықталу рухы күшейеді. Бұл таза сенім шеңберінен шығып, елдегі саяси құрылым мен тұрақтылық мәселесін қозғайды. Бұл үлкен халық массасының діни белсенділігін күшейткен объективті негіз тудыратын әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелердің шешілмеуімен қиындайды. Тағы да бір жағдайға көңіл аударған жөн. Ол исламның ішіндегі әртүрлі бағыттар мен секталарға қарсы күрес пен ықпал ету саласы үшін ішкі күреспен байланысты. Ол туралы

ислам ассоциациясының ресми құжаттарында да бірнеше рет атап өтілді. Бұндай жағдайларда мұсылмандардың суннит бағытында бірігуі діни негіздегі ұлтаралық шиеленістердің күшеюіне әкелмей, керісінше толығымен «бірлік және ынтымақтастықпен» қамтамасыз етеді деп болжау қиынға соғады.

**Екінші халықаралық аспектіге қатысты келесі жағдайды атап өту қажет.** «Мәдени революция» кезінде қытай басшылығының ел ішінде жүргізген саясаты мен ҚХР-ның сыртқы саяси стратегиясының нәтижесінде әлемнің бірқатар елдері (әсіресе, дамушы) Қытайға сақтықпен қарап, мүмкіндігінше онымен ұзақ мерзімді міндеттемелер орнатпауға тырысты. Қытайдың дамушы елдерден оқшауланып, олардың Қытайдың сыртқы саяси доктринасынан өзгеше негізде бірігуі бұл ұстанымның нәтижесі болып табылады. ҚХР-ның сыртқы саяси бағытының өзгеруі және «ашық есік» саясаты бағдарламасының жүзеге асырылуымен байланысты бүгінгі күннің талаптары Қытай басшылығын шетел әріптестерімен байланыстарды кеңейту үшін негіз іздеуге мәжбүр етті. Мәселе әртүрлі қоғамдық құрылым мен әртүрлі үстемдік етуші идеология қалыптасқан елдер туралы болғандықтан, түйісу нүктелерін бұдан басқа салалардан іздеу қажет.

Батыс Азия, Таяу және Орта Шығыс нарықтарына бағытталған және діни құрылымы жағынан исламның суннит бағытындағы мұсылман аймақ болғандықтан, ШҰАА үшін осыған ұқсас байланыстарды орнатудың негізі тек қана ислам діні бола алады. Бұл ислам фундаментализмін ұстанушы дін қызметкерлерінің де, зиялы саясаткерлердің де талпыныстарына сәйкес келеді. Осы елдер мен ШҰАА арасында сауда, экономикалық, мәдени, діни қатынастардың қарқынды дамуы; ШҰАА-ның экономикалық құрылысына көмек, пайызсыз несиелер, автономды аймақтағы діни қызметті қолдау үшін тікелей субсидиялар бөлу сияқты негізде жақындасуға Шығыстың мұсылман елдері басшылығы ықыластықпен қарайды. Бірақ олар үшін де бірігу қағидасы тек сыртқы атрибутика болып табылады, басты назар саяси жағынан бірігуге аударылады. Оның негізінде барлық сенушілерді исламға біріктіретін ұлы мұсылман мемлекетін құруға шақыратын әлемдік ислам революциясы идеясын орындау жатыр. Ал бұл жерде Қытай үшін жағымсыз тенденциялар болуы мүмкін. Бұндай жағдайда автономды аймақта сепаратистік көңіл-күй пайда болып, Қытайдың ішкі провинциялары арасында және осы аймақта тұратын этникалық топтар мен хандар (қытайлар) арасында шиеленіс тууы мүмкін. Сол себепті қытай авторларының: *«социализмнің бас-тапқы кезеңінде дін мәселесі таза сенім немесе жеке адам мәселесі бола алмайды. Біздің үрейміздің басты себебі дінге сену немесе атеизм, сенушілер аз ба немесе көп пе емес, дін кімнің қолында, ол қоғамдағы тұрақтылық пен ұйымшылдыққа септігін тигізсе ме әлде оны бұза ма, социализмнің құрылуына жәрдемдесе ме әлде жоқ па»*,– деген қорытындыларымен келіспеу қиын [3].

Халықтың діни белсенділігі үнемі дұрыс арнаға бағытталмағанына қытай басылымдары, сонымен қатар өзінің жеке құрылымы мен бағдарламасы бар жасырын ұйымдарға біріккен исламның суфизм сияқты бағытының ШҰАА-да кеңеюі куә болады.

Осылайша, қазіргі кезде ШҰАА-да діни фактордың жандануы көптеген себептерге байланысты, бірақ біздің ойымызша, ең бастысы – қытай қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелердің шешілмеуі бір жағынан діни ықпалдың кеңеюіне

объективті негіз болса, екінші жағынан – діннің әлеуметтік рөлін бағалауды қиындатады. Өйткені ол прогрессивті де, реакциялық та болуы мүмкін. Алайда халыққа ештеңе бермей, оны діни наным-сенімнен айыруға болмайтындығына ҚХР-ның тәжірибесі дәлел болып отыр.

Ислам ерекше әлеуметтік-саяси сипатына байланысты, басқа діндермен салыстырғанда тарату кезеңінде саяси сипатқа ие болды, осының салдарынан әлеуметтік құрылым және әлеуметтік өмір сүру әдістері діни ерекшеліктерге ие болды. Қоғамға сіңіп кеткен ислам діні – діндар адамдардың рухани өмірінде ғана емес, сонымен қатар олардың күнделікті өмірінде де болды. Ислам кез келген бір ұлттың дініне айналып қана қоймай, бүкіл халықтың осы дінге кіруін талап етті.

**Ислам діні ұзақ өмір сүруі нәтижесінде және ҚХР құрылғаннан кейінде Шыңжаңның экономика, мәдениет және әлеуметтік өмір салаларына, тіпті әртүрлі ұлттардың дәстүрлеріне кең ықпалын тигізуде.** Бұл ықпалды тек діни міндеткерліктерді атқаруда және ислам ережелерін сақтауда ғана емес, сонымен қатар исламнан келген дәстүрлерді сақтап орындаудан көруге болады. Мысалы, бала өмірге келгенде оған Құраннан ат қою үшін молда шақырылады; жас өспірім жасында ұл балаларды сүндетке отырғызады; шошқа етін жеуге тыйым салынады; көптеген адамдар екі қолдарын алысып амандасады. Қытай мұсылмандары, көбінесе, сауда және ресторан ісімен айналысады. Әдетте, мұсылман ресторандарында жарты ай бейнеленген жасыл түсті ту ілінеді, сонымен қатар, «цинчжэнь» деген жазу жазылады, себебі ислам қытай тілінде «цинчжэньцзяо» (таза дұрыс иман) деп аталады.

Ислам бүгінде Шыңжаңда көптеген халықтардың табынатын ірі дініне айналған. Қытайдың конституциясы мен заң шығарушы органы діни саясатты сақтауда, толығымен ислам ұйымдарының және мұсылмандардың мүдделерін, сонымен қатар қалыпты діни қызметке кепілдік берілген.

**Жаңа статистикалық мағлұматтарға сенсек, Шыңжаңда барлығы 79 ислам қауымдастығы бар, олар саясат пен заң шеңберінде діни қызметпен айналысады.** 1987 жылы қалыпты діни қызмет мақсатында, Шыңжаңда жоғары оқу орны – Шыңжаң ислам рухани академиясы құрылды, оны 167 адам бітірді. Қазіргі кезде академияда 3 жылдық курс жұмыс істейді және онда 187 адам оқып білім алады. Бұған қоса академия діни адамдарды дайындауда қысқамерзімді курстар ұйымдастырылады. 1990 жылдан бастап көптеген аудандарда, округтарда және қалаларда арнайы Құранды оқытатын бөлімдер ашылады, оның басты міндеті мешіттер үшін сапалы имамдар даярлау. Мұсылмандарда, өмірлік серігі болған Құранның ұлы әсерінен, шексіз асқақ сезім пайда болды. Бұл туралы К.Маркстің: *«Құран және оған негізделген мұсылман заңнамалары әртүрлі халықтардың географиясы мен этнографиясын қарапайым және ыңғайлы жүйеге, яғни, екі мемлекет және екі ұлтқа бөледі: сенушілер мен ұстанушылар»*,– деп жазылған мақалалар жинағында [4]. Қазіргі таңда тек 33 бөлім жұмыс істейді, ол 1762 мамандарды даярлап шығарды, алайда оларда кезекпен 30 мыңға жуық имамдар қайта даярланып шықты, сөйтіп қайта даярлаудан 100 мыңға жуық адамдар өтті. Осыған қоса, бірқатар қалаларда (Үрімші, Қашқар, Хотан) діни қызметкерлердің діни, құқықтық, саяси мамандықтарын арттыру үшін қысқа мерзімді (3-6

айлық) курстар ашылды. ШҰАА-дан бірнеше жастар Мұсылман өкілдерінің IV Бүкілқытайлық Жиналысының шешіміне сәйкес өз қызметін 1982 жылы жаңартқан Пекиндегі Ислам ассоциациясының орталық институтына, Каирдегі ең ірі мұсылман оқу орны эль-Азхарға, Ливия мен Пакистанның оқу орталықтарына жіберілді [5]. Мамандарды қайта даярлап шығару, мұсылмандардың діни өмірінің деңгейі мен жағдайын жақсартты.

**Ресейде және Батыста ислам Қытайда аз таралған деген тұжырым қалыптасқан.** Негізінде, ислам аспан асты елімен ассоциацияланбайды. Ресми қытай статистикасы Қытайдағы, көбінесе елдің солтүстік-батысындағы мұсылмандар санының 20 миллион шамасында екендігін хабарлайды [6]. Шын мәнісінде ислам Қытайда кең таралған. Қазіргі уақыттағы Қытайдағы мұсылмандар санын айту қиын.

Елде реформалар басталғаннан кейін, ислам дініне тән мешіттер қалпына келді әрі олардың саны тез өсіп кетті. Қазіргі кезде 30 мыңнан астам мешіт ашылды және онда өз дінін ұстану қағидаларын басшылыққа алған 50 мыңнан астам имам мен ахун қызмет атқаруда. Басқа діндермен салыстырғанда, кішігірім қалалар мен ауылдық жерлерде мұсылмандар бірге тұрады, ал мешіт болса олардың жиналатын орталықтары болып табылады. Юань және Мин династияларының билігінің кейінгі кезеңінде Пекиндегі Дунсы және Қашғардағы (ШҰАА) Айтагар мешіттері пайда болды. Шыңжаң аймағындағы Ядыкарь ислам мешіті үлкен, әйгілі мешіт болып саналады. Ол Қашғар қаласының ортасында орналасқан, 500 жылдан астам тарихқа ие. Айтуға қарағанда ол Минь дәуірінің 7-ші жылы (1442) салынған. Жылдар бойы оны қайтадан жасау, көбейту, күрделі өңдеу жұмыстары арқылы бүгінгі күнге дейін жеткен. Оның ішінде Акбар мешіті де осыған кіреді. Ядыкарь мешіті ұйғыр халқының құрылысына тән өзіндік мәдени ерекшеліктері бар мешіт. Қашғар округінде 1985 жылы 4 мың мешіт және 2 мыңнан аса «қасиетті жерлер» болған. Қазір Шыңжаңда 20010 мешіттер және 3927 діни орындар жұмыс атқарады, бүгін Шыңжаң мешіттерге бай аймаққа айналды. Олардың барлығы әртүрлі аймақтарда, аудан орталықтарында, ауылдарда орналасқан, әр ауылда олардың саны бір-екіге жетеді [7]. Бұл мешіттер Қытайда исламның таралғанына куә болып қана қоймайды, сонымен бірге қытай архитектурасының тарихын зерттеу үшін құнды материал бола алады. Мешіттер бірнеше рет жөндеуден өтіп және мәдени құндылықтар ретінде мемлекеттің қорғауында.

**Мұсылман әлемінің астрономия, жыл санау, архитектура, медицина саласындағы жетістіктері Қытай мәдениетінің бір бөлігіне айналды.** Сонымен қатар, онда мұсылман мәдениеті анклавты сипатқа ие және ұлттық және «кітаптық» қытай дәстүрінің элементтерінің синтезінің түпкі формаларын көрсете отырып, көптеген аспектілерде өзіндік ерекшеліктерге ие. Мәселен, Қытайдағы мұсылман халқының бөлігі осындай әлеуметтенудің мақсаты жоғары күштердің құдіреттілігіне қосылу болып табылатын және әртүрлі медиациялық техникаларды қамтитын ушу – «әскери өнерімен» айналысу сияқты түпкі қытайлық формаларын алды. Исламдық оқытушылар өркениеттің қытай тіліне жеке, тірі, трансценденттік Құдай туралы идеяны, әлемнің жаратылуы, күнә жасау, Құдай алдындағы күнә үшін жеке жауапкершілік туралы көріністі, оның әлемді сақтап қалуы туралы идеяларды ыңғайландыруға тырысты. Қытайдың мұсылман-ғалымдары дін, философия, заң, агио-

графия, мұсылман құқы (шариғат), тіл білімдері және т.б. салаларда еңбек етсе де, олардың ислам апологетика саласындағы еңбектері анағұрлым танымал. Оның Қытайдағы «алтын ғасыры» Цин кезеңі болды.

**XVII ғасырға дейін Қытайдағы мұсылман әдебиеті тек араб, парсы және түркі тілдерінде ғана болды.** Қытай тілінде жазған ислам апологеттерінің бірі Ван Дайюй (XVI ғ. соңы - XVII ғ.) болды. Оның конфуциандық, даолық және будда әдебиеттерімен таныс болуы ерекшеледі. Ислам кітаптарын қытай тіліне аударудан басқа оған әлемнің жаратылуы, Аллах пен Мұхаммед Пайғамбардың арасындағы қарым-қатынастарды түсіндірген діни қағидалар, шуньят буддистік доктринасының жалғандығын әшкерелеуі тиесілі. XVII ғасырдың басы мен XVIII ғасырда мұсылмандық діни оқытушы Ма Чжу (Ма Вэньбин) өзінің апологетикалық еңбегінің император Канси тарапынан қолдауға ие болуына қол жеткізуге тырысты, бірақ сәтсіздікке ұшырады. Ол Қытай талаптарына сәйкестендірілген және ең алдымен, «өзінің шынайылығын жоғалтқан» конфуциандыққа, сансар буддалық доктринасына қарсы бағытталған дін ілімінің шағын шығармасын жасады. Монотеизм мен неоконфуциандық идеяларының философиялық синтезін, «табиғат» (син) пен «қағида» (ли) оқулары жөнінде Лю Чжи (Лю Цзелянь, XVII-XVIII ғ. басы). Соңғы екі категорияның неоконфуциандықтағы «қағида туралы ілімдегі» (Ли сюэ) ара қатынасын ол мақсаты адамға құдіреттің жүзеге асырылуы туралы, өзінің кәсібі туралы мүмкіндікті бері болған Аллаһтың әлемді жаратуы туралы іліммен безендірді. Лю Чжи философиясында суфизм мен буддизмнің әсерлері байқалады. Оның шығармаларының бірі императордың билігімен құрастырылған «Сы ку цюань шу» әдеби жинағына енеді. XVIII-XIX ғғ. Қытайдың ірі мұсылман оқытушыларының ішінде Ма Фучу (Ма Дэсинь XVIII ғ. Аяғы мен XIX ғ.) мен Ма Ляньюань (XIX ғ.) ерекшеленеді. Ма Фучу шығармаларында мұсылман дәстүрлерінің діни мазмұны мен олардың құтқару ісіндегі мәніне назар аударылған, күнәһарланғанға дейінгі және одан кейінгі әлем, сол кездегі және «шынайы тұрақты» мәңгі өмір келгенге дейінгі әлемнің жағдайы туралы ислам діни ілімі түсіндіріледі. Ма Ляньюань араб тілінде де, қытай тілінде де үйреткен педагог заң оқытушысы және уағыздаушы ретінде танылды. XIX ғасырдың 70 жылдары Қытайда алғаш рет Құран араб тілінде шығарылды. Ал, оның қытай тіліндегі аудармасы тек XX ғасырдың бірінші жартысында ғана пайда болды [8].

1911 жылы монархияға қарсы бағытталған ұлттық Синьхай революциясы Қытайдағы мұсылмандардың өз әрекеттеріне серпін берді. Мұсылмандар арасындағы мәдени – ағартушылық қызметтің бастамашылары Ван Хаожань-ахун мен Ма Фусянь болды. Соңғысы Қытайлық мұсылман ойшылдарының шығармаларының басылуына үлкен үлес қосты. Мұсылман интеллигенциясының өкілдері «Қытай мұсылмандарының өзара прогресс қоғамын» құрды. Оның бағдарламасы мұсылмандық білім беруді көтеру, Қытай мемлекетін нығайту, мұсылмандар мен (қытайлар) ханьдықтар арасында бейбітшілік пен келісімді қолдау қамтылды. Республиканың алғашқы жылдарында мұсылмандарды ағарту компаниясы үшін дәстүрлі мектептер мен қазіргі оқу орындарының үйлесімділігі тән.

**Қажылық – мұсылмандардың маңызды діни парызы, ислам қызметінің басты діни түрі.** Ережеге сай, әрбір мұсылман өмірінде бір рет болса



да Меккеге қажылық етуге міндетті. 1978-ші жылы елде реформалар басталғаннан кейін, халықтың өмір сүру деңгейі өсіп, көптеген мұсылмандар қажылық етуге, өз міндеттерін атқаруға ынталарын білдірді. Бірақ қажылық ету шетелге шығумен байланысты, әрине бұл жеке адамдардың немесе жеке діни ұйымдардың қолынан келмейді, сол үшін үкімет біршама қаржы бөліп, ислам ассоциациясына қажылық етуге көмектесуге бұйрық береді. Қытай ислам ассоциациясының қолдауымен елде алғаш рет қытай мұсылмандарына Меккеге қажылыққа баруға көмектесетін қажылықты ұйымдастыру қызметі ашылды. 1979 жылы 16 қытай мұсылмандарынан құрылған делегация Меккеге барады, осыдан кейін әр жыл сайын Меккеге 20 шақты адамдардан құрылған топ жіберіледі. 1985 жылдан бастап 100 мың мұсылман ғана қажылыққа барған. Ислам ассоциациясы төрағасының орынбасары Янг Жибоның мәлімдеуі бойынша 2007 жылы 8000-нан астам қытай азаматтары қажылыққа барған. Қажылыққа барушылар саны жыл сайын артуда. Жалпы алғанда кейінгі жылдары 20 мыңға жуық мұсылмандар қажылық туралы армандарын жүзеге асырды. Қазіргі кезде қажылыққа төрт қаладан баруға болады: Пекин, Ланьчжоу, Үрімші және Куньмин [9].

**Қажылық миссиясының құрылуымен қажылыққа барушыларға қажылыққа бару қолайлы бола түспек.** Ислам ассоциациясының аймақтық бөлімшелері қажылыққа бірінші рет баратындарға оқу бағдарламасын өтуді ұсынады. Алдағы уақытта қажылыққа барушылар жедел медициналық көмек көрсетуді, шетелге сапар жасау ережелерін және ағылшын тілін үйрене алады. Чартерлі рейстер қажылыққа барушыларды тікелей Меккеге жеткізеді. Мешіттердің салынуы, қажылықты өтеу және негізгі теориялық еңбектерді зерттеу және аудару исламның Қытайда таралуы мен дамуының маңызды әдісі. Қытайда таралғаннан кейін ислам қытайлық дәстүрлі мәдениетті қабылдады және осылайша Қытай ерекшелігіндегі дін пайда болды.

**Қытай бүгінде экономикалық даму қарқыны жағынан алпауыт держава ғана емес, ол көп-**

**теген ұлттар мен діни сенімдер тоғысқан ел ретінде де өзіндік ерекшелікке ие.** Қытай үкіметі ұлттық азшылықтардың өнер, қолөнер, сауда және туризмнің дамуынан көрініс тапқан экономикалық әлеуетін ескере отырып, реформа жолы арқылы баяу қозғалуда. Бірақ ол Қытайдың аумақтық тұтастығына қауіп төнуі барлығына шыдамсыздықты танытуда. Мұндай саясат бірнеше қақтығыстарға және тәуелсіздік үшін болған күреске алып келген. Шыңжаңдағы діни, саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелерді жан-жақты талдау барысында, кешенді талғам керек. Қытайлық мұсылмандардың негізгі қоғамдық, мәдени және ғылыми ұйымдарының қызметі елдің барлық әлеуметтік-мәдени саласына айтарлықтай дәрежеде исламның ықпалын күшейтуде, бүгінгі күні ислам Қытай Халық Республикасының мәдени, қоғамдық өмірінің ажырамас бөлігіне айналғандығы, мұсылмандар өзінің қоғамдық ұйымдары және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елдің саяси және мәдени өміріне елеулі ықпал ету күшіне ие екендігі дәлелді негізделген.

## ӨДЕБИЕТТЕР

1. Ислам в Китае: взаимодействие культуры на примере перевода исламских терминов на современный китайский язык. - [http://moiperevod.ru/info/articles/article\\_detail.php?id=58](http://moiperevod.ru/info/articles/article_detail.php?id=58) [http://moiperevod.ru/info/articles/article\\_detail.php?id=58](http://moiperevod.ru/info/articles/article_detail.php?id=58)
2. **Li Kangguang.** Xinjiang minzu guanxi yanjiu. – Beijing: Xinjiang renmin chubanshe, 1996.–222 ye.
3. Автономиялы аудандық үгіт бөлімінің үгіт тәрбие басқармасы. Айқын туыстай отырып ұлттық бөлшектеушілікке қарсы тұрайық // Ұлттар ынтымағы. – 1988. - № 9. – 18 б.
4. Ислам в странах Ближнего и Среднего Востока. - М.: Наука, 1982. – С. 133.
5. Zhongguo musulim // Jinri Xinjiang. – Wulumuqi, – 1987. – № 3-4. – 14 ye.
6. **Котков К.** Ислам в Китае. – <http://www.daode.ru/article/6/9/>
7. **Zhou Deqing.** Minzu zheshi wenda.– Beijing: Zhongyang minzu daxue chubanshe,–1999.– 15 ye.
8. Энциклопедический словарь «Китайская философия». – <http://www.galactic.org.ua/h-ver/h-v-ic.htm>.
9. Китайе открывається першая хадж-миссия. – <http://www.islam.az/modules/news/article.php?stoid=787>



**ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!**

## ЖАНҚОЖА ТУРАЛЫ ЖИНАҚ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Атырау өлкесінің тарихы, археологиясы және этнографиясы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор **Аққали Ахметтің** жауапты редакторлығымен «Стенограмма по вопросу определения характера движения под предводительством Джанхожи Нурмухамедова» (– Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018. –206 б. – қазақша, орысша) атты кітап жарық көрді.

Кітапта XIX ғасырдың ірі тұлғаларының бірі, халық батыры, би Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сыр бойы қазақтарының 50-жылдары отаршылдарға қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтерілісі жөнінде құрылған комиссия мүшесі хаттамасы Қазақстан Республикасы Президенті архив қорындағы түпнұсқа күйінде жарияланып отыр. Бұл құжат тарты ғасырдан астам уақыт бойы жасырын ұсталған. Құжатта тарихты таптық көзқарас тұрғысынан «түсінуге» тырысушылық айқын бейнеленген.

Басылым тарихшыларға, өлкетанушыларға, магистранттар мен студенттерге, батырдың азаттық үшін күрделі күрес жолын ұғынуға ынтызар көпшілік қауымға арналған.

Редакция.

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,  
Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институтының доценті  
Баубек ЕЛЕУСОВ,  
Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институтының аға оқытушысы

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған ағартушылық ағымның әсерімен сусындаған қазақ зиялы қауымының бір шоғыры XX ғасырдың басында Ресей империясында орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді байқай отырып, өз ұлтының болашақ тағдырына алаңдай бастады. Бірақ олардың өз халқына жаны ашып, қоғамда болып жатқан өзгерістердің оң және теріс жақтарын ашық айтуына сол кездегі билік өкілдері жол бере қойған жоқ. Алайда ағартушылық ағым өкілдерінің ісі зая кетпей, ол ұлтшылдыққа ұласты. Тоталитарлық жүйенің алғашқы құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытұлының: «*Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі*», – деп айтуы да осы кезең болатын [1; 193-б.].

**XX ғасыр басында өзіміз білетін қазақ зиялыларының барлығы дерлік қоғамның түрлі саласымен шұғылдануына тура келді.** Себебі ұлттың ұлт болып қалу мәселесі таразы басында тұрғанда негізгі ауыртпалықты сол кездегі санаулы ғана зиялы қауым өкілдерінің өз мойындарына алуы ерлікпен тең болатын. Одан шығар басқа жолдың жоқ екендігін олар түсіне де білді. Ұлт көсемдерінің ой-пікірлерінің бір жерде тоғысып, ұлт тағдырындағы күрделі мәселелерді шешу жолындағы іс-әрекеттері бір арнаға түсіп, бірлесе қимылдауы олардың арасындағы үндестікті, үйлесімділікті білдірсе керек. Мұны олардың шығармаларын оқып, ой елегінен өткізгенде көз жеткізуге болады.

**Сол кездегі қазақ зиялы қауым өкілдерін толғандырған бірден-бір мәселе ұлттың болашақ тағдыры болатын.** Ал оны іске асыратын ұлттық саяси партия екендігі белгілі. Осы мәселені шешу жолындағы күрестің басы-қасында «Алаш» партиясының негізін салушы ірі тұлғаларымыздың бірі, өзінің бар ғұмырын ұлт қамына жұмсаған, қоғам қайраткері әрі ғалым Ә.Бөкейханов тұрды.

**Әлихан Бөкейхановтың халқының ірі тұлғасына айналуына себеп жағдайлардың бірі, оның «еркіндік пен бостандықты өмірдің негізгі критеріі етіп ұстаған әлеуметтік ортада өсуі болса, екіншісі озық ойлы Еуропа мәдениеті мен саяси оқиғалардың бел ортасында жүруі болатын»,** – деп кезінде атап өткен ғалымдардың пікірі дұрыс-ақ [2; 7-8-бб.].

*Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!*

*Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!*

*Үйілген өлексені өрге сүйреп,*

*Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!*

**Бұл – алаш қайраткерлерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының «Достыма хат» деген Әлиханға арнау өлеңінің басы** [3; 25-26-бб.]. Осы төрт жол өлең шумақтарынан-ақ Әлихан Бөкейхановтың қазақ халқының тағдырында қандай орын алатындығын байқауға болады. «Қараңғы қазақ көгіне күн болуды» армандаған Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты қалай болғанда да бұқара халықты алға жетелеуші, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосуды көксеген Әлихан

Бөкейхановтың тек саясаткер ғана емес, қоғамның, оның ішінде ғылымның іргелі салаларымен шұғылданғандығын енді біліп отырған жайымыз бар. Оның «Қара қыпшақ Қобыланды» жырына, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы мен «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасына сын-пікір білдіруі әдебиет пен тарихтан, «Мұсылман сиезі» атты мақаласындағы ойлары тіл саясатынан мол хабары бар екендігін білдірсе керек. 1904 жылы Томбы қаласынан шыққан «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» атты монографиясында ол ірі статист және экономист ретінде танылды. Оның ғалым ретінде қазақтың ата кәсібі – мал шаруашығы туралы жүргізген зерттеулері, айтқан пікірлері мен ұсыныстары, дәлелдемелері өзінің маңыздылығын әлі жоя қойған жоқ. Себебі Қазақстан жер көлемі жағынан дүниежүзінде алғашқы ондықтың қатарында болғанымен, ауыл шаруашылығындағы жер мәселесіне байланысты қиындықтар шешімін таба алмай отырған жайы бар. Осы тұрғыдан Әлихан Бөкейхановтың 1913 жылы «Қазақ» газетіне басылған мақаласының орны бөлек. «...*Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп-азына қарамай, жердің науасына қарай адам баласы мал баққан иә егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен көргіш жүрген. Жер аз болса, жердің ауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған...Көшпелі деген сөз мал бағатын шаруаны түгел жаппайды. Қала болып отырып мал шаруасын атқаруға болады...*» [4; 289-290-бб.].

Оның 1906-1907 жылдары Омбы қаласында «Иртыш», «Омиль», «Голос степи» газеттерінде редактор болуы оның баспа ісінен де құралақан еместігін көрсетті.

**Қазіргі ақпараттық қоғам, жаңа технологиялар жағдайында жастарға газеттің құдіретті күші, оның қоғамдағы маңызы туралы айту міндетті болғанымен, оған назар аударып жатқан топтың не-мқұрайлы қарауы көңілге кері әсер ететіндігін жасыруға болмайды.** Қайраткердің өзі айтқандай:

*Сипалап айналама қол сермедім,*

*Жастардан еріншекті мен көрмедім!*

*«Қазаққа» бар білгенін жазып тұрса,*

*Еріншек біздің жастар мен дер ме едім?* [5; 173-б.].

Ғалым бабамыздың күллі адамзаттың қас жауы болып саналатын, бойымызға әбден дендеп кеткен осы бір жағымсыз қасиет туралы осыдан жүз жыл бұрын айтқан ақиқатының келеңсіз жайт екендігін білсек те назар салмай, одан әлі күнге дейін арылмауымыз ұлтымызға сын деп есептер едім.

Өмірдің қай жағынан болса да пікірлес болған Ахмет Байтұрсынұлының бұқаралық ақпарат құралдары туралы «*Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі*» деген көзқарасын жалғастыра отырып, Әлихан Бөкейханов газет туралы былай деп жазған болатын: «...*Қазына –*

газетаның сырты, жабуы, қалам, мақала – жаны. Адам шеберлігі араласып іс қылмаса, тауда алтын бір өлі қазына... Газетаны күйлеп, жаратып, бәйгеге қосуға өз алдына шебер, білгіш, жүйрік керек...» [6; 172-б.].

Бұл сонау XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ зиялыларынан бастау алған ағартушылық ағымның екі қоғам қайраткері тарапынан жалғасы болғандығына дәлел болса керек. Жастардың білімді, көзінің ашық, озық болуын қалаған алаш қайраткерінің бұкіл ғұмыры осыған бағытталды.

Барлық ғылымның түбінде таза білімнің жатқандығы, білім-ғылымсыз халықтың биік шыңдарға шығып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарында көрінуі мүмкін емес жағдай. Қазіргі уақыттағы жастарды ғылымға тарту, ұлттың атын әлемге ғылым арқылы жеткізу мәселесін XX ғасыр басында қазақ оқымыстылары да қозғады. Әлихан Бөкейхановтың 1915 жылы «Қазақ» газетіне басылып шыққан «Рухани мәдениет қарауылынан» атты мақаласында: «Рухани мәдениеттің бір белеісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу...», – деп жазуы өзін қазақ халқының өкілімін дейтін әр адам үшін маңызды позиция болмақ [7; 173-б.]. Бұдан біз сонау X ғасырда Әл-Фараби бабамыз айтып кеткен: «тәрбиесіз берілген білімнің өзі қауіпті», – деген сөзімен астарлас екендігін байқаймыз.

«Өзіңді өзің танып біл» деп ертедегі грек ғұламасы айтқандай, әрбір адам өзгені тануы үшін алдымен өзін жете біліп, танып, түсініп алғаны абзал. Өзімізге қарамай, біреуде кеткен еншіміз бардай өзгеге сын айтудан алдымызға жан салмайтынымыз рас. Адам қандай жағдайда және қай уақытта болмасын өзін басқа адамның орнына қоя білуі керек және өзінің қоғамдағы орнын білу де маңызды.

Осы мәселені де Әлихан Бөкейханов деп басқандай: «...Әр нәрсені амалын біліп, өз орнына жұмсаса, іс көркейеді...», – деп жазды ол өзінің 1915 жылғы «Қазақ» газетіне басылған мақаласында [8; 123-б.]. Автордың бұл пікірі қоғамдағы мәселелердің қордаланбай, тез шешімін табуы алдымен адамның өз ісін анық біліп, өзгенің жұмысына кедергі келтірмей, тиянақты орындауымен байланысты екендігіне меңзесе керек. Ал мұның өзі өз кезегінде адамзатты жақсылық жасауға ұмтылдырады.

XX ғасыр басында «тек қана қазақтар тұратын Торғай уезі – қазіргі кездің өзінде мәдениеттен мақұрым қалған қараңғы түкпірдің бірі болған» жерде бірі «Оян, қазақ!» деп ұрандап, енді бірі «Маса» болып ызыңдап, қайткен күнде де оятуға бар күштерін салған еңбектері зая кетпей, Алаш туы астында бірігу процесін бастағанда Әлихан Бөкейханов: «Қазақ-ау! Оян! Мұжық көші жүріп кеткенде жұртта қалып жүрме! Мұжық көрші отырып, бостандық, құрдастық, туысқандық шарафатын пайдаланғанда ілгері басқанда, мүйізге ұрған сиырдай шыр айналып, кейін қайтып, көрші жұртқа балаңды, жалшы, малшы құл қылып беріп, жұрағатың обалына, Алаштың баласы қалап жүрме!», – деп ұлтының болашағына жол сілтеп, бағыт беріп, оның шамшырағына айналды [9].

«Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп ант берді. Уәдесінде тұрды. Оның өмірі – халқының жарқын болашағы үшін сарп етілген азапты ғұмыры – саясаткердің, күрескердің, ғалымның, жалынды төксемсөзшенің қиын-қыстау замандарда аянбай төккен ащы маңдай терінен тұрады. Ол қазақтың болашақ егемен мемлекет іргетасының алғашқы кірпішін қалады», – деп Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі туралы алғашқы зерттеу еңбектерін арнағандардың бірі Бейбіт Қойшыбаев жазғандай, 1920 жылы құрылған Қазақ

автономиясының аты бөлек болғанымен, заты Алаш болатын [10; 6-б.].

Тарихтың өз заңдылығы бар. Әлихан Бөкейханов сияқты қазақтың ірі тарихи тұлғаларының сол уақытта болуы міндетті емес, олардың орнына басқа адамдардың келуі де мүмкін. Бірақ тарихтың доңғалағы сол кездегі қазақ қоғамының барлық ауыр салмағын өзіміз айтып отырған тұлғалардың мойнына салып берді. Сондықтан олардың халық жүгін көтеруіне тура келді. Елді басқара алатындай ақылы, болашаққа деген сенімі бар Әлихан Бөкейханов еліне бас болып, жол көрсетушісіне айналды. «Ұлым дейтін елі болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деген қазақтың аталы сөзі қай кезде болса да маңызын жоймақ емес. Халықтың басындағы ауыртпалықты өз мойнына алып: «жалпақ жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса, жұрт жұрт боп тіршілік қылып жүрмек емес, жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соның соңынан ерер еді...», – деп өзі айтқандай, Әлихан Бөкейханов өзі бас болып абдырап қалған халқына жөн сілтеп, халқын соңына ерте алды [11; 120-б.]. Себебі халық ең алдымен өзінің жолды бастар көсеміне, сөзді тайсалмай айтар шешеніне, елді қорғар қайтпас еріне арқа сүйенетініне ешкім дау айта қоймас.

Қорыта айтқанда, біз XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының қай өкілінің шығармасын алмайық, олардың барлығы дерлік өзінің жеке мүддесінен ұлттық мүддені жоғары парасаттылықпен қоя білгендігін көруге болады. Сондықтан ұрпақ жалғастығының жарқын үлгісін көрсеткен Әлихан Бөкейхановты тек ірі саяси қайраткер ретінде ғана емес, сонымен қатар жан-жақты, ғылымның көп саласынан хабары бар ғұлама ғалым ретінде де танып, оны болашақ жас ұрпақтың бойына сіңіру және насихаттай білуіміз керек.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается социально-политические взгляды видного казахского общественного и политического деятеля Алихана Букейханова. Социально-политические изменения в Росийской империи оказали огромное изменение в казахском обществе. Про все это мы узнаем из научных трудов основателя Алашского движения.

\*\*\*

In this article, the social political views of the prominent Kazakh figure Alikhan Bukeikhanov. Change in the Russian empire influenced the Kazakh society. This we learn from the works of the founder of the Alash movement.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Аймауытұлы. Ұлтты сүю. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы. «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы». 2009.193 б.
2. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы. «Қазақстан»:1994. 7-8-бб.
3. А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. Өлең аудармалар, зерттеулер. Алматы, «Жазушы», 1989. 25-26-бб.
4. «Қазақ» газеті. 1913 ж. Алматы. «Арыс» 2009. 289-290-бб.
5. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы. «Қазақстан». 1994. 173 б.
6. Бұл да сонда. 172 б.
7. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы. «Қазақстан»: 1994. 173 б.
8. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы. «Қазақстан»: 1994. 123 б.
9. Алаш Орда. «Қазақ» газеті. 1917. Алаш басылымдары. Арыс. А.. Торғай облысының мұжық-қазағының сиезі. № 229.
10. Б.Қойшыбаев. Әлихан Бөкейханов. Алматы. «Жеті Жарғы» 2001. 6 б.
11. Алаш Орда. «Қазақ» газеті. 1917. Алаш басылымдары. Арыс. Алматы. Сайлау. № 12. 120 б.



# МӘМБЕТӘЛІ СЕРДАЛИН – алаш қозғалысының көкшелік арысы

Жансая ӨСПОВА (Осипова),  
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау  
мемлекеттік университетінің PhD докторанты

Қай халықтың да тарихы оның тағдырына алуан уақытта айшықты із қалдырған арыс азаматтарымен ажырағысыз байланысты. Әр адам өз дәуірінің өскіні дейді ел. Әйтсе де, кез келген тарихи тұлғаның замана төрінен алар орны мен үлес-салмағы, бәрінен бұрын, оның кемеңгерлігімен, алысқа көз тастап, келешекті кең толғай білуімен хәм туған халқы мен Отан тағдырына деген елжандылығымен өлшенсе керек. **Қазақ халқының осындай көрнекті дарабозы, есімі ел жұртшылығының назарына танылып келе жатқан көкшелік арысымыз – Мәмбетәлі Сердалин.**

Ол туралы әр кезде Х.Тілеубаев, Е.Байболов, А.Сатаев, С.Мұқанов, Ш.Құсайыновтар жазған болатын. Совет Одағының Батыры белгілі жазушы Жәлел Қизатовтың айтуынша, М.Сердалин жөнінде М.Әуезов ізденіп жазбақ болған. Сондай-ақ Мәмбетәлі образы белгілі жазушы Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» атты дилогиясында көркемдік тұрғыдан бейнеленген. Тәуелсіздігімізді алған жылдары да осы тақырыпқа арналған мақалалар жарық көрді. Олардың авторлары – профессор Б.Ысқақов пен журналист Н.Мағзұмов, жазушы С.Ақтаев, тарихшы-ғалым Қ.Әбуов.

**Мәмбетәлі Сердалин (1865 –1914) – Көкшетау уезіне қарасты Айыртау өңірінде Кіші Қоскөл деген жерде дүниеге келген тарихшы, экономист.** Ол сауатын туған ауылында молдадан ашыпты. Алайда оның оқып, білім алу деңгейіне өз әкесі Сердәлі көп әсер еткен. Бойына біткен зерделіліктің арқасында жас Мәмбетәлі парсы, араб тілдерін меңгеріп, шығыс классиктерінің еңбектерінен терең нәр алған. Кейін Көкшетаудағы үш жылдық училищені бітірген. 1886 жылы Петербург университетінде дәріс алған. Бірақ «Жерлестер одағы» атты студенттік ұйымға қатысқаны үшін оқудан шығарылады. 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне түседі, бірақ саяси сенімсіз адамдармен байланыс жасады деген айыппен 1889 жылы училищеден қуылады. Мұнан кейін ол ел ішінде әкімшілік орындарда түрлі қызмет атқарады. Үнемі полиция бақылауында болады. Ол өз еңбектерінде қазақ жерін шетел капиталистеріне жалға беруге наразылық білдіреді, қазақ елінің экономикасы мен мәдениетін өркендету мәселесін көтереді, ғылыми еңбектер жазады [1].

**М.Сердалин Омбыда оқыған кезде қаланың саяси өміріне белсене араласып, Петропавл мен Көкшетауға саяси айыппен жер аударылған адамдармен байланыста болады.** Оның көзқарасының қалыптасуына қазақ қоғамының XIX соңғы үшінші кезеңінде дамып жетілуінің үлкен әсері тиген. Мәмбетәлі туған ауылында қарапайым шаруалардың сұрықсыз өмірін көп бақылады. Өлкенің тағы бір ерекшелігі, дәл осы кезде Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталып ұлттық және әлеуметтік қанау күшейе түскен еді. Басқаша айтқанда, қазақ даласы бірте-бірте Россияда жүріп жатқан экономикалық және әлеуметтік-саяси үдерістерге тартылды. Империяның қоғам дамуындағы ең басты өзгеріс – 1861 жылы

крепосниктік қоғамның құлауы. Бұл реформа өзінің жартылайлығына қарамастан капитализмнің дамуын жеделдетуге зор әсер етті, сонымен бірге шаруалар өз бас бостандықтарына ие болып көшіп-қонуына мүмкіндік алды. Ал Ресейдің саяси дамуында, басқару әдісінде айтарлықтай өзгеріс болмағандықтың салдарынан азаттық қозғалыс күшейе түсті [2].

**Империяның орталық аймақтарында өтіп жатқан қоғамдық үдерістер қазақ даласына өз әсерін тигізбей қойған жоқ.** Басқаша айтқанда, біздің өлке де бірте-бірте Ресейдегі қалыптасқан капиталистік қарым-қатынасқа, әлеуметтік үдерістерге тартыла бастады. Бұл жағдайлар қазақ интеллигенциясының қалыптасып, халық игілігіне қызмет етуіне жол ашты. Сол XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ даласының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, тарихи күрделі кезеңде көзге түскен бір шоғыр саяси, мәдени қайраткерлер пайда болды. Олар Қазақстанда ұлт-азаттық, революциялық-демократиялық қозғалыстардың өріс алуына, қазақ мәдениетінің дамуына зор ықпал етті. Өкінішке орай бұлардың көпшілігі 30-жылдары тоталитарлық жүйенің орнауына байланысты заңсыздықтың құрбаны болып репрессияға ұшырады.

**М.Сердалиннің азамат ретінде қалыптасуына тағы да зор әсер еткен жәйт мынау.** Он тоғызыншы ғасырдың 60-жылдары Қазақстанды түгелдей отарлау аяқталуына байланысты өлкені басқару жөнінде реформа қабылданды. Реформаға орай елдегі өзін-өзі басқару әдістері түбегейлі жойылып, әкімшілік басқарудың жаңа түрі еніп, отаршылық күшейе түсті. Жер мәселесі бұл кезде өте өткір тұрды. 1867 жылғы заңға сәйкес Қазақстандағы барлық жер мемлекеттік меншік болып жарияланды да, Қазақ жерін жаппай қанау басталды. Орталық Азиядан шаруаларды леклегімен көшіру науқанға айналды. Патшаның қоныс аудару саясаты отаршылықты түбегейлі аяқтауды ғана мақсат етіп қойған жоқ, сонымен қатар бұл отарлық губерниялардағы шаруалар көтерілісін әлсіретудің амалы еді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Столыпин реформасына сәйкес Қазақстанда қоныс аударушыларға арналған жер қоры ұйымдастырылды. Қоныс аударғандарға алдымен, құнарлы өзен бойындағы, жер жағалауындағы және тоғайлы жерлер бөлініп берілді. Ал жергілікті тұрғындар шөл далаға қарай сырылып тасталды. Осының салдарынан Көкшенің (басқа аймақтар сияқты) ең шұрайлы, өсем өңірлеріне казактар, келімсектер ие болып қалды. Мәселен, Мәмбетәлінің аталары ежелден мекен еткен ата тегінің зираттары жатқан Шалқар көлінің маңы, Айыртаудың көрнекті жерлері казактарға берілді.

Ол Петербургтің «Орыс өнеркәсібі мен саудасының дамуына көмектесу қоғамының» отырысында жасалған «Мал шаруашылығы мәдениеті арқылы Батыс Сібір даласын пайдалану» [3] деп аталған баяндамасында Қазақстанда жерді ұтымды пайдалану керектігін айта отырып, былай дейді: «*Ұлан-байтақ елдің жалпы әл-ауқатын қаперге алсақ, бүкіл Ресей өндіріп отырған астыққа қоса, егіншіліктің екінші*

ошағын жасаудың қажеті бола қояр ма екен, сірә. Әлемнің әр пұшағындағы жай-жапсар әр өңірдің өзіне тән бірыңғай шаруашылық қалыптастырды. Оңтүстік Африкада бұлардың шаруашылығы бар. Ақыр аяғында Америка, Уругвай және Аргентинаның өзіндік мал шаруашылығы мәдениетін өрістетіп, жер жүзіндегі әйгілі жаңа тұрпатты малшы – гаучоларды шығарды емес пе?» («Қазақ жерін арендау» кітабы. Омбы, 1990 ж.).

М.Сердалин жалпы егін егуге қарсы емес, бірақ та ол бір жақсылықтың, асыра сілтеушіліктің қажетсіздігін ескерте отырып, чиновник Щербина басқарған егін шаруашылығы министрлігі комиссиясының жыртуға жарамды жер көлемін асыра көрсеткен тұжырымын жоққа шығарады. М.Сердалин даладағы су тапшылығын қазақтың әрбір су көзін керемет қадірлейтінін айтып, Щербинаның даланың сусыз қалуына бірден-бір қазақтардың өзі кінәлі деген пікірінің жалған екенін көрсете отырып былай деп жазған: «Щербина мырза суы шаш-етектен Ресейдің орталығында тұратын егінші жұрттың үй-ішінің тазалығымен мақтана алмайтынын тарс ұмытып кеткен сияқты. Көшіп келген шаруалардың біразы біздің тұрақжайларымыздың ластығына емес, тазалығына таңданғанын талай мәртебе көріп те, естіп те жүрмін» [4].

Ол жерді алды-артына қарамастан, жырта беруден сақтандырды. Өз пікірін дәлелдеу үшін ғалым Соколовтың «Россияның Европалық оңтүстік белдеуінің құрғақшылығы мен су тасқыны» деген мақаласын (Русская мысль», 1893 ж.) және профессор В.В.Докучаевтің Россияның оңтүстік бөлігі туралы айтқан тұжырымдарын келтіреді. Мысалы, ол өзінің «Даламыздың бұрыны мен бүгіні» атты еңбегінде Ресейдің оңтүстік далалық облыстарында жердің жаппай жыртылу салдарынан табиғи су, жел эрозиясына ұшырап, «қара топырақты аймағының құнарлы қыртысы 25 процент, тіпті кей жерде 50 процент кеміп кеткен», деп жазады.

Қазақстандағы отаршылдық саясатына қарсы

күресте М.Сердалин жалғыз болған жоқ. Мәмбетәлінің жер, ел тағдыры туралы ойларын оның достары Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов әрі қарай жалғастырды.

**М.Сердалин 1905 жылы Англияға эмиграцияға кетіп, келесі жылы қайтып келген, оның Лондонда түскен суреті сақталған.** Мәмбетәлі Сердалин 1914 жылы қайтыс болған, мәйіті өзінің туған жерінде, Қоскөлдің жағасында жерленген. Елуге толмағанына қарамастан, Мәмбетәлі Сердалин Қазақстанның қоғамдық өмірі мен мәдениетінде елеулі із қалдырды. Оның қоғамдық-саяси қызметі мен өмір жолы – өз халқына, халықтар достығына аянбай еңбек еткендігінің дәлелі.

Халықтың өткенін зерттеп-зерделеу, оның алдыңғы қатарлы зиялыларының өмірін, қоғамдық-саяси іс-әрекеттері жөнінде білу, тарихи шындықты сол күйінде көрсету – жастардың тарихты терең түсінуінің, олардың саяси ойлау мәдениетінің дамуының кепілі.

## РЕЗЮМЕ

Статья посвящена общественно-политической деятельности первого казахского революционера, демократа, историка и экономиста Мамбет-Али Сердалина, жизнь которого была посвящена служению на благо народа.

\*\*\*

The article is devoted to the socio-political activity of the first Kazakh revolutionary, democrat, historian and economist Mambet-Ali Serdalin, whose life was dedicated to serving for the good of the people.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ОМА 369 қ., 1-т., 490 іс, 183 б.
2. ҚР ОМА 369 қ., 1-т., 871 іс, 236 б.
3. Общества для содействия русской промышленности и торговли. СПб, 1900. Т.25.
4. Бұл да сонда.

## ШАХЗАДА ШОНАНОВА (ҚАРАТАЕВА) – саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы

Динара ХАМИДУЛЛИНА,  
PhD доктор,  
Брысгүл КАТАРОВА,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік  
университетінің магистранты

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді... Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Оның бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс», – деп басты айта отырып, өткен тарихын білмеген, өзінің ұлттық қасиеттерінен айырылған халық, қасіретке ұшырайтындығы туралы терең тұжырымдар жасады [1]. Әсіресе, Елбасы аса назар аударып отырған ел тарихының қатпарлы тұсы, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының

ұлт мүддесі жолындағы қызметі – Мәңгілік еліміздің ұлы мұраттары жолында заманның қаталдығына мойынұсынбай қайсарлық көрсеткен, өжеттілігі кейінгі ұрпаққа өнеге боларлықтай қызметі бүгінгі ғалымдар мен зерттеушілер назарында.

**1921-1954 жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан аса адам ең ауыр жаза – ату жазасына кесілген.** Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағаты деректеріне сенсек, Қазақстандағы НКВД қызметі 183 ұйымды «әшкерелеп», жалпы саны 3720 «тыңшыны» тапқан [2].

Небір қатарынан оза шапқан жүйріктер, ірі мамандар, ойы озық таланттылар, бір сөзбен

айтқанда, кеңестік элитаның, партия және кеңес басшы қызметкерлерінің, халық комиссарларының, көрнекті қайраткерлерінің жарлары, аналары мен апа-қарындастары жазықсыз жалалы болып, «халық жауы» атанып, сталиндік «қызыл вагондарға» тие-ліп, еңбекпен түзеу лагерьлеріне әкелінген. **Қазақ өлкесіндегі сондай лагерьлердің бірі – АЛЖИР-де болған атақты адамдардың жарлары:** Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза мен енесі Әлиса, Сәкен Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Бейімбет Майлиннің әйелі Гүлжамал, Темірбек Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Нығмет Нұрмақовтың әйелі Зүфнун, т.б. [3]. Тұтқында болған әйелдердің тағдырларын сараптай келе, нәзік жандылардың ерен ерлігі, төзімділігі мен ержүректілігі тәнті етеді.

Онда басқа елдерден жер аударылып, лагерьлерде жазасын өтеген қазақ қыздарымен қатар елге әйгілі, аты шыққан өнер иелері мен театр актрисалары, опера әншілері де болған. «Харьков опереттасының жеке орындаушысы Е.Олевейникова, «Мәскеу» опереттасының бұрынғы басшысы М.Лер, орыс халық әндерінің орындаушысы О.Кузьмина, әртістер О.Окуневская, К.Орохелашвили, Л.Бабицкая-Головня, ақын К.Андроникова, Л.Русланованың оқушысы А.Иванова, балет бишілері М.Плисецкая сынды өнерлілер жиналып тұтқындар мен басшыларға арнап концерттік бағдарламалар ұйымдастыратын. 1947 жылы тұтқындар күшімен 241 концерт, 63 спектакль ұйымдастырған. К.Симоновтың «Орыс адамдары», К.Гельдидің «Қонақ үй қожайыны», Н.Островскийдің «Жасаусыз қалыңдық», Б.Лавреневтың «Талқандау» сынды қойылымдары өз көрермендерін тапты. Ақын, суретші А.Л.Чижевский – КАРЛАГ-та жазасын өтегендердің бірі. Ол атақты ғалымдармен таныс болып, жақсы қарым-қатынаста болған. Спасск лагерінің тұтқыны математик Г.Н.Перлатовпен дос болып, оған «Плиний Старший» өлеңін арнаған. Кеңестік авторлардың патриоттық тақырыпқа жазылған пьесаларын қоюға рұқсат берілмеді. Халық жауы патриоттық жайлы сөйлеуі мүмкін емес, ол тек жалғандық деп саналды. Бұл мәселені қатты қадағалап отырды [4].

**Сондай солақай саясаттың құрбаны болған қазақ қызының бірі – Шонанова (Қаратаева) Шахзада Аронқызы.** Ол 1937-1938 жылғы саяси қуғын-сүргін кезеңінде ату жазасына кесілген. **Шахзада Шонанова (Қаратаева) 1903 жылдың 5 сәуірінде Батыс Қазақстан облысы, Сырым (бұрынғы Жымпиты) ауданында дүниеге келген.** Әкесі Арон Қаратаев – әйгілі Әбілқайыр хан ұрпағы, төре тұқымынан, белгілі қоғам қайраткері, Дума депутаты болған заңгер Бақытжан Қаратаевтың інісі. Бұл жөнінде дерек Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясында: «*Қаратай сұлтан әулетінен тараған белгілі саяси, мәдениет қайраткерлер көп. Бақытжан Қаратаев, Әлікей Бейсалиев, Мұхит Мералиев, Қамбар Медетов, Шахзада, Мұхит, Шынтас, Шайхы Қаратаевтар, Лұқпан, Ғұбайдолла Мұхитовтар – Қаратайдың тікелей ұрпақтары*», – деп жазылған [5]. Анасы Хұсни-Жамал Зұлқайнайқызы Нұралыханова – Жәңгірханның немересі. 1894 жылы Бөкей ордасында мектеп ашқан, талай талантты шәкірттер тәрбиеленген ағартушы ұстаз. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Сүлейменова Хұсни-Жамал Нұралыханованың мектебінен өткен шәкірттері.

**Шахзада 1912-1917 жылдары Орал қаласындағы қыздар гимназиясында білім алған.** Ол – ХХ ғасырдағы білімді, алғыр қазақ қыздарының бірі.

Оның Алаш мұрасына, қазақ халқына сіңірген көп еңбегін түгелдеп санамалап жатпай-ақ, бір-ақ ауыз дерек келтірсек те жеткілікті. Ол туралы Алаш арысы Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнар Дулатова өз естелігінде «Бақытсыз Жамалды» бірінші рет Шахзада Шонанованың (Қаратаеваның) аузынан естігенін айтады [2].

**1920 жылы Шахзада Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түседі.** Бірақ шыққан тегі, әкесі үстем тап өкілі болғандықтан, қудаланып, біреулердің көрсетуімен 2-курста оқудан шығарылған. Алғыр, жас ару бұған мойымаған. Ол 1922-1926 жылдары Орал губерниялық атқару комитетінде іс жүргізуші болып істеген. Оның қызмет еткені жөніндегі мәліметтер Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында сақталған. Мысалы, «*№ 37 бұйрықта 1922 жылдың 3 ақпанынан бастап Басқару губерниясы Шахзада Қаратаеваны іс-жүргізуші лауазымына алған*» [6]. Одан өзге Губотуправаның бұйрығында: «*1922 жылы 18 сәуірден бастап 1 ай мерзімдегі демалысында көктемгі егістік жұмыстарына шықты. Губерниялық атқару комитетінің хатшысы Қаратаеваға посевкомпаниямен байланысты 1 айлық демалысқа рұқсат берілді. Уақытша хатшылық қызметке Карыкин тағайындалды*», – деп жазылған [6].

**Сондай-ақ, ол аз уақыт Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарған.** 1926 жылдан бастап КСРО ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі, 1928-1930 жылдары Қызылордада Халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесі бөлімінің нұсқаушысы болып орналасқан. Алайда Шахзаданың есіл-дерті оқуын жалғастыру еді. Осы мақсатпен 1931 жылы Алматыға қоныс аударып, Алматы медицина институтына оқуға түседі. Бірақ мұнда да «әлеуметтік тегі» бойынша бақылауға алынып, институт Шахзаданы «қоғам жұмыстарында тексеруге» міндеттелді. Осыған сәйкес, Шахзада 1932 жылдың 12 наурызынан 11 сәуірге дейін ең қауіпті ауру – бөртпе сүзек індеті жайлаған Прибайкалстройдың Спасск деген жеріне жіберілген. Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінде сақталған құжаттағы деректе сол жердегі жұмыс орнынан институтқа ол жөнінде: «*Жолдас Шонанова өзін қайратты, іскер қызметкер ретінде көрсетті... Қоғам жұмыстарына қатысты... Санитарлық шаруаларды жүргізуші ретінде Шонанова ең сенімді қызметкер болды*», – деген мінездеме берілген [7]. Алайда, осындай үлгілі мінездемеге қарамастан Шахзада тағы да 2-курста «әлеуметтік тегіне байланысты» оқудан шығарылған.

Шахзаданың өмір жолы туралы қалам тартқан белгілі ғалым т.ғ.д., профессор Әбу Төкенов: «*Шахзада тағдырдың тәлкегімен екі рет тұрмыс құрды. Алғашқы жолдасы мемлекет қайраткері Ыдырыс Мұстамбаев болды*», – деп жазады [8].

**1931 жылы ол энциклопедист ғалым Телжан Шонановпен бас қосады.** Осы кезеңде Телжан Шонанов Қаз ПИ-де доцент болып жұмыс істейді.

Шахзада Шонанова (Қаратаева) 1933-36 жылдары педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында, Халық ағарту комиссиаратында, ұлттық мәдениетті ғылыми-зерттеу институтында кіші қызметкер сияқты түрлі қызметтер атқарды. Жас қызметкердің тынымсыз ері табанды ізденісін байқаған Халық ағарту комиссары Т.Жүргеновтың шақыруымен ол бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалым, хатшы, кейін әдіскер кеңесші болып қызмет істейді. Бірақ 1936 жылдың басында бұл қызметтен де босатылды. Шахзада



сонда да мойымады. 1936 жылы жасы 33-ке келсе де, белгілі бір мамандық алуға талпынған жас қайраткер Шахзада Шонанова (Қаратаева) ҚазМУ-дің биология факультетінің 2-курсанда оқуға мүмкіндік алды. Бірақ бұл жолы да оқуы еріксіз үзілді. **1937 жылы 19 шілдеде жұбайы Телжан Шонанов «халық жауы» деген жаламен тұтқындалды. Артынша Шахзада да тұтқынға алынады.**

Он тоғыз жасынан қызметке кірісіп, мәдени-ағарту саласында көптеген істерге ұйытқы болған, халыққа адал қызмет етуді армандаған, саяси қудалауларға мойымаған Шахзада Шонанова зұлмат саясаттың құрбаны болды. Осы кезеңде ел арасында 1937 жылы жаппай айыптауда азаматтар бірінің үстінен бірі арыз жазып, өзін-өзі қыруға себепші болды деген пікірлер бар. Өздеріне қажетті адамдардың үстінен іс қозғауға негіз болатын әңгімені НКВД-ның өзі ұйымдастырғаны да бұл күнде ешкімге жаңалық емес. Ойлап қарасақ, ұлтшылдық, террорлық-диверсиялық, троцкийшілдік-зиновьевшілдермен, сондай-ақ неміс, жапон империалистерімен қазақты ауыз жаласты деп айтудың өзі де ақылға сыймайды. Осы күндері архив құжаттары беттерін ақтарып отырсақ, небір заңсыздықтарды, жалақорлықтың тәсілдерін қолданғанын көреміз. Осындай негізде Шахзаданы айыптау НКВД үшін аса қажет болған сияқты. Өйткені онсыз жоғары оқу орындарында ұлтшылдық ұйымдардың әрекетіне қалай сендіруге болады. Ал Шахзада қай жағынан алса да ыңғайлы болып шықты. Шыққан тегі де, күйеуінің «халық жауы» ретінде тұтқынға алынуы, сауатты болуы, көптеген Алаштық зиялы азаматтармен араласуы бәрі де бұлтартпас айғақ ретінде ойластырылған.

Мысалы, 1938 жылдың 6 қаңтарындағы хаттамада Шахзада өзін антикеңестік ұйымға 1926 жылы Ыдырыс Мұстамбаев тартты деп «мойындаған», 13 қаңтардағы жауабында: *«ҚазМУ-да оқыған кезде мен студент жастар арасында күнбе-күн антикеңестік, ұлтшылдық насихат жүргіздім. Контрреволюцияшыл, буржуазияшыл, ұлтшылдық идеясын кеңінен тараттым»*,– деген сөздер жазылған. Сонымен қатар, НКВД жендеттері 1936 жылы 20 қазанда ҚазМУ-де болған өртті де Шахзаданың мойнына артқан. 1936 жылғы 21 қазандағы жасалған актіде көзімен көрген куәгерлердің мәлімдемесінде өрт Совет көшесі, 9-ші үйде (қазіргі Достық көшесі бұрышы) анатомия кабинетінде болған. НКВД актісінде әдейі өртелген десе, НКВД-нің республикалық басшысы Лев Борисович Залинге көргендер оны абайсызда болған жайт деп жауап берген. Соған қарамастан 1938 жылдың қаңтарында өртті әдейі ұйымдастырған деген жаламен Шахзада Шонанова (Қаратаева) мен оның «сыбайластары» тұтқындалады. Сөйтіп, бұл іс бойынша адамдардан жауап алынады. Шахзаданың 1938 жылы 17 қаңтардағы жауабында: *«1936 жылы күзде ҚазМУ-ды өз қолыммен өртедім, соның нәтижесінде университет үйінің негізгі бөлігі жанып кетті»*,– деп қол қойған. Куәгерлердің жауабын ескерсек, өрт лезде басылып, іле-шала сөндірілген. Аса көп залал болмаған, анатомия бөлмесіндегі кітаптар, құрал-жабдықтар далаға шығарылған деп көрсетілген. Жазықсыз жалалы болған **Шахзада Шонанова (Қаратаева) «өкіметке қарсы қылмысы үшін» ату жазасына кесіліп, 1938 жылы 9 наурызда жұбайы Телжан Шонановтан (1938 жыл 27 ақпан) он күннен кейін Алматы түрмесінде атылған.** Оған сол кездегі Қылмыстық Кодекстің 58-бабы бойынша: *«антисоветтік ұлтшылдық ұйымдармен байла-*

*ныста болды, ұлтшылдық жұмыстарды белсенді жүргізді»*,– деген айып тағылған. Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен табылған құжаттардың бірі – *«Тұтқындалушы анкетасында»*: *«Шонановтар отбасының Алматы қаласында Красина көшесі, 51-үйде тұрғанын, Шахзаданың әлеуметтік тегі – бай-поллуфеодал»*,– деп көрсетілген [7].

**Шахзада Аронқызы Шонанова (Қаратаева) 1958 жылы 9 наурызда КСРО Жоғары Сотының Әскери Коллегиясының ұйғарымымен «тағылған айыптың қылмыстық негізі жоқ» деп табылып ақталған.** Бұған қатысты құжаттар Батыс Қазақстан облысының Мұхит Мерәлі атындағы Қаратөбе аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған [8].

Телжан Шонанов пен Шахзада Аронқызы Шонанованың (Қаратаеваның) артында ұрпақтары қалмаған. Тек бауырларына басқан ұлдары Жақыптың есімі ғана аталады. Жақып сол жылдарда Донбаста, Сталино қаласында индустриялық құрылыс институтының студенті екен. Сол Жақыптың кейінгі тағдыры туралы мағлұматтар өкінішке орай табылмады. Шахзада өмірінің соңғы сәтіне байланысты мына бір деректе:

*«Халық жауларын» үш сағат бойы атып, содан соң мүрдelerini жабық әскери машиналарға тиеп, Әлі деп аталатын ауылға апарған. Бұл – 1932 жылдың ашаршылығында барлық тұрғындары қырылып, қаңырап қалған ауыл еді. Балшықтан соғылған үйлердің орындарында жартылай құлаған қабырғалар ғана сорапып тұр. Міне, сол қабырғалар арасында солдаттар күндіз шұңқырлар қазатын да, ал түнде ол шұңқырларға атылған адамдардың мүрдeleri тасталған. Қаңырап тұрған бұл ауыл жанында жаңа ауыл да бар еді. Оның тұрғындарына көне ауылға жақындамау жөнінде бұйрық берілді. 1937-1938 жылдары атылған адамдар тізімін қолымызға алғанда біз НКВД «машинасының» демалыс, мейрам дегенді білмей күндіз-түні жұмыс істегенін ұқтық. Әр күні 40-50 адам НКВД ғимаратының жертелесінде атылған. Осы қантөгіске қатысқан жендеттің айтуынша, «машинадан шұңқырға мүрдelerini лақтыра бастағанда, кенеттен олардың бірі «тіріліп», айдалаға қаша жөнеліпті. Бұл – әйел адам еді. Жендеттердің бірі оны сол арада атып құлатқан (Тізімде жалғыз ғана әйел адам болғандықтан, бұл жерде әңгіме ҚазМУ студенті Шахзада Шонанова жөнінде деп жорамалдаймыз – авт.). Осы оқиғадан кейін машинаға саларда атылғандардың аяғының сіңірін қиып жіберетін болған» [7].*

*«Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден»*,– деп сол заманның қайраткері Әлихан Бөкейханов айтқандай, Шонанова (Қаратаева) Шахзада Аронқызының өмірі тарихи реализм мен ізгілік, бостандық соқпағын нұсқайтын сияқты. Оның жасап кеткен игі ісі келешек ұрпаққа жаухар дүние. Халқының ұлылығы мен батырлығын ардақтаған апамыздың ерлігін насихаттау – болашақ ұрпақтың, біздің абыройлы борышымыз.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история женщины, ставших жертвами сталинских репрессий. В течение всего периода исследования, в этой статье описывается борьба за выживания, таких как право на жизнь, то есть право на образование и работу. Статья основана на информации о сестре Каратаева Бакытжана Шахзады Шонановой (Каратаевой),

которая стала жертвой политических репрессий. После женитьбы она стала «Шонановой». Собрана вся информация о образе жизни Шахзады Шонановой (Каратаевой), о трудностях во время репрессии. Во время публикации статьи в научный оборот были включены архивные данные и работы, опубликованные в области науки.

**Ключевые слова:** пытки, преследование, плен, история Казахстана.

\*\*\*

The article deals with the history of delicate women who became a victim of Stalinist repressions. Throughout the study period, this article describes the struggle for survival, such as the right to life, that is, the right to education and work. The article is based on information about Karataev's sister, ShakhzadaShonanova (Karataeva), who was a victim of political repression. After the marriage she became Shonanova. All information is collected from ShakhzadaShonanova's (Karataeva's) life style, about difficulties during repression. During the publication of the article, archival data and works published in the field of science were included in the

scientific circulation.

**Key words:** torture, persecution, captivity, history of Kazakhstan.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Назарбаев Н.Ө.** Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.//Айқын. 2017 ж. 19 сәуір.

2. **Сімәділ Қ.** Қазақстандағы КСРО-дан бөлгісі келген әйелдер.// Қазақ әдебиеті. 2013 ж. 8 наурыз. №10.

3. **Тәшенов Т.** Атылған аналар// Айқын, 2010, 4 наурыз.

4. **Хамидуллина Д.** Қазақстандағы «арнайы контингенттің» күнделікті өмірі (XX ғасырдың 30-50-шы жылдарында). - Алматы, 2014 ж. - 175 бет.

5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 580 бет.

6. Батыс Қазақстан облыстық мұрағаты, 24-қор, 5-тізбе, сақтау бірлігі – 41, бума – 4.

7. **Жекеқызы Н.** Отыз бесінде атылған ару.// Данаказ. Тарихи-танымдық журнал. 2015 ж. №2-3

8. **Төкенов Ә.** Ату жазасына кесілген ару.// Зерде. 2004 ж. №12.




**ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!**

## «ҚАҒАРМАНДАР» КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

**Биыл «Қазақ тарихы» баспасынан «Қаһармандар» атты кітап жарық көрді. Авторы – Құрлық әскерлері әскери институты әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, бауыржантанушы, тарихшы-зерттеуші Қайрат ҚАРАМАҢДАЕВ. Кітаптың жалпы редакциясын басқарған – жазушы Әбділдабек САЛЫҚБАЙ. Пікір жазған – Қазақстан Журналистика академиясының президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ.**

Бұл кітапта жалпы қазақ батырлары, олардың майдандағы ерліктері, олар батыр атағына лайық, Халық Қаһармандары, Ресейдегі Қазақ батырлары, Даңқ орденінің толық иегерлері, батыр атағы берілмей қалған баһадүрлер, Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақтың офицер қыздары туралы жазылған. Батырлардың өмірбаянынан қысқаша анықтама беріліп, жауынгерлік ерлік ісі баяндалады. Туған жері, тұрған және әскерге алынған жері туралы мәліметтер, майдан бойындағы елдімекендер, ауыл, қала, аудан, облыс аттары беріледі. Қайрат Қарамаңдаев – қазіргі сәулетті өмір үшін жанын пайда етіп, кеудесін оққа төсеген ерлер есімін анықтау, танылмай қалған тағдырларды тауып, елге танытумен біраз жылдан бері үзбей айналысып жүрген тынымсыз зерттеуші. «Ешкім де ештеңе де із-түзсіз кетпеуі тиіс. Жеңіс ол-оңай келген жоқ. Ерлер етігімен су кешті, қар жастанып, мұз төсенді», – деп санайтын автор бұл туралы бұрын шыққан кітаптардағы, ғаламтордағы, мұрағаттардағы мәліметтерді жинастырып, басын қосып, оқырманға ұсынуды жөн санапты.

Қ.Қарамаңдаевтың «Қаһармандар» кітабы ел Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының, Ішкі және Шекара әскерлерінің қатардағы жауынгерлерінен бастап барлық әскери қызметкерлеріне, Әскери академия, әскери жоғары оқу орындары, училищелер, Кадет корпусы курсанттарына, азаматтық жоғары оқу орындарының



әскери кафедралары студенттері мен факультет тыңдаушыларына, арнаулы әскери орта мектеп ұландарына, студенттерге және орта мектептерге қосалқы оқу құралы ретінде ұсынылады.

Редакция.

*Қазақ тарихы*  
№8 (165), қазан, 2018

ФТАХР 03.20

## ҚАРАҒАНДЫ ӨҢІРІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ (1941-1945 жылдар)

Айжан ТҰЯҚОВА,  
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ экономика,  
қаржы және халықаралық сауда университеті «Әлеуметтік  
жұмыс және туризм» кафедрасының меңгерушісі

Еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесіне қол жеткізгеннен бері төл тарихымыздың бұрындары бұрмаланып жазылып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелерін қайтадан қарап, зерделеуден өткізуге мүмкіндік туды. Бүгінге дейін адамзат тарихында он жеті мыңнан астам әр түрлі үлкенді-кішілі соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жөнінен ең жантүршігерлігі – II дүниежүзілік соғыс және соның ажырамас бөлігі Ұлы Отан соғысы.

Қазақстан тарихнамасында Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбы төңірегінде көп ғылыми зерттеулер жүргізілгені белгілі. Осы бағытта жұмыс істегендердің ішіндегі ең атақтылары – тарихшылар Б.Д.Греков, С.В.Бахрушин, Е.В.Тарле, И.Н.Минц, В.М.Хвостов, Н.Л.Рубинштейн және тағы басқалар [1]. Соғыстың аяқталғанына жетпіс жылдан астам уақыт өтсе де, адамзат өзінің тарихындағы осынау қасіретті дәуірге қайта-қайта назар аударуда. Соғыстың қарсаңындағы жағдайға, оның басталуы мен аяқталуына, халықаралық қатынастардың соғыстан кейінгі дамуына байланысты жәйттерге қайтадан ой жіберілуде. Алайда әлі де шешуін күтіп тұрған мәселелер баршылық, шындығында да Ұлы Отан соғысына қатысты кейбір мәселелер қайта бағалауды және жаңа көзқарастарды талап етеді. Елу миллионнан астам адамның өмірін үзіп кеткен екінші дүниежүзілік қанқасап қырғынның аяқталғанына 73 жыл толып отыр. Мыңдаған отбасының шаңырағын жалмап, ортаға түсірген отан соғысының белді сырқыратқан ауыр салмағын Қарағанды облысының аудандары да өткерді.

16 шілде 1941 жылы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКБП Орталық Комитеті «Поволжье, Орал, Батыс Сібір, Қазақстан мен Орта Азия аудандарындағы 1941 жылдың IV тоқсанына арналған халық шаруашылық жоспарлары туралы» қаулы қабылдап, онда өндіріс пен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтуға нақты тапсырмалар беріп, экономиканы соғыс жағдайына байланысты қайта құруды талап етті.

Қазақстан еңбекшілеріне нақты тапсырмалар Қазақстан КП Орталық Комитетінің V пленумында белгіленді. Онда Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті «1942 жылғы мемлекеттік бюджет пен халық шаруашылық жоспарын» 24 қараша 1941 жылы бекітті.

Партия мен мемлекеттік жоспарларды іске асыру, халық шаруашылық салаларын соғыс кезеңіне бағыттау жұмыстары бүкіл Кеңес азаматтары тәрізді Қарағанды облысының аудандарының еңбекшілері үшін де өте қиын болды. Соғыс кезеңіндегі қатаң талаптарға сай ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен қатар, Қызыл Армия қатарына және өндіріс орындарына азаматтарды жіберу жұмыстары толассыз жүргізілді. Олар «Барлығы да майдан үшін» деген ұранмен таңның атысы мен күннің батысы еңбек етіп, Жеңіс сағатының жақындай түсуіне

өлшеусіз үлес қосты. Жеңіс кілті сол шақта сенім мен тәртіптің беріктігіне тығыз байланысты болды. Осыны жете ұғынған қарапайым колхозшылар сол күндерде уақытпен санасқан жоқ. Жағдай қандай болса да шағын колхоздар егін себуді тоқтатқан жоқ еді. Сол сияқты Қарқаралы ауданы да Ұлы Отан соғысына өз үлестерін қосқан болатын.

1941 жылы 1 қаңтар айында Қарқаралы ауданы 45 колхозды құраса, олардың негізгі бағыты мал шаруашылығы болды. Қоғамдық мал басының саны 37722 құрады және соғыс кезеңдерінде, әрбір жыл сайын 3700 центнерден астам ет мемлекетке өткізіліп отырды.

Ұлы Отан соғысындағы жеңістерге аудан мал шаруашылығы еңбеккерлерінің қосқан үлестерін 1941-1945 жылдардағы қоғамдық малдың өсу көрсеткіштерінен көруге болады [2].

№ 1 кесте.

Р\с	Мал түрі	1941 ж. қаңтар	1942 ж. қаңтар	1943 ж. қаңтар	1944 ж. қаңтар	1945 ж. қаңтар
1	Жылқы	1376	1675	2198	2576	
2	Ірі-қара	7846	9346	13049	15974	
3	Қой	28432	36724	48526	61458	
4	Түйе	68	69	73	77	
5	Шошқа	-	-	114	134	
	Барлығы	37722	47814	63960	80219	88383

Жоғарыда көрсетілген ақпарларға қарағанда 1940 жылмен салыстырғанда соғыс соңында қой-ешкі 104 %, ірі-қара 106 %, жылқы 88% өскендігін көруге болады. Әр түрлі қиыншылықтарға қарамастан, жергілікті басқару орындары мен аудан еңбекшілерінің ерен еңбегінің арқасында жоғарғы еңбек көрсеткішіне қол жеткізілді.

1942 жылы қысқы мал азығы аудан көлемінде 102% дайындалды. 1940 жылы 69010 тонна шөп дайындалса, 1942 жылы 96612 тонна, жүгері сабағының сүрлемі 1941 жылы 680 тонна болса, екі жылдан соң 3225 тонна болып жиналды [3].

1942 жылдың ішінде барлық колхоз мал фермаларындағы малдар қоралармен толық қамтамасыз етілді. 1941 жылдың қаңтарынан 1942 қаңтары аралығындағы аудан еңбекшілерінің құлшынысты еңбектері нәтижесінде колхоздарда мал басы 30%, колхозшылардың жекеменшік малдары 25 %, ұйымдар мен кәсіпорындардағы мал басы 14 % өсті.

1942 жылғы сәуір айындағы БКБП Орталық Комитетінің «Майданға көмек беруді арттыру туралы» еліміздің барлық еңбекшілеріне арналған үндеуін Қар-



қаралы ауданының колхозшылары қолдай отырып, Бүкілодақтық Социалистік жарысқа қосылуда белсенділік танытты. Соның нәтижесінде 1942 жылдың қорытындысы бойынша 32 колхоз мал басының жоспарын орындаса, 44 колхоз ірі-қара басын, 38 колхоз жылқы басын, 21 колхоз барлық мал басы түрлерінің жоспарын толық орындап шықты [4].

Аудан еңбеккерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында мемлекетке ет өткізу жоспарын орындаумен қатар, майданға және еліміздің өндірістік аудандарына, отандық қорғаныс қорына және жаудан азат етілген аудан тұрғындарына сый ретінде үнемі мал өнімдерін жіберуіне қарамастан, қоғамдық мал басын өркендетуге қол жеткізіп отырды.

1943 жылдың қорытындысы бойынша 1944 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы Бүкілодақтық Социалистік жарыстың жеңімпазы болып танылып, бірінші сыйлығы мен Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды. Дегенмен де соғыс жылдарының соңына дейін колхозшылардың, жұмысшы қызметкерлердің жекеменшігіндегі мал басын өсіруге қол жеткізілмеді. Өйткені оның негізгі кедергісі болып табылған жай колхоздардың жеке меншік иелерінен мал басын шартты түрде сатып алуы болды.

**Аудан еңбеккерлерінің ерен еңбектері мемлекет тарапынан бағаланып отырды.** Ауданның «Еңбек майданы» газетінің беттерінде еңбектегі жетістіктері, соғыс жылдарындағы алған марапаттаулары жарияланып, ол үнемі еңбеккерлер ойынан шыға білді.

Ұлы Отан соғысының басталуы аудандағы ауыл шаруашылығының өнімін арттыруға кері әсерін тигізді. Майданға тәжірибесі жоғары және маманданған механизаторлар шақырылып, Қызыл Армия қатарына алынды. Сол сияқты тракторлардың ауыл шаруашылығына түсуі тоқтап, оны запас бөлшектерімен қамтамасыз ету, тыңайтқыштар, жанар-жағар майлармен жабдықтау қысқартылды. Соның әсерінен аудандағы егістік жердің көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 1941 жылы 12400 гектардан 11941 гектарға кеміді, жерді пар есебінде жырытып-айдау жұмысының жоспары 43 пайызға орындалды. 1941 жылы-ақ егістіктің орташа өнімі 2,1 центнерден ғана алынды [5].

1942 жылы қаңтар айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VI пленумында ауыл шаруашылық жұмыстарының қорытындылары қаралып, онда ауыл еңбекшілерінің арасында саяси ұйымдастыру жұмыстарын жандандыру, ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту, механизаторларды әйелдер есебінен көптеп дайындау, оның сапасын арттыру қажеттілігі алға міндет етіп қойылды. 1942 жылы ауданда МТС (машино-трактор станциясы) қайта жабдықталып, оның құрамына 10 колхоз ендірілді. МТС-паркі есебінде 23 ХТЗ тракторы, 6 У-2 тракторы, 3 «НАТИ» тракторы, 5 дизельді трактор, 13 комбайн, 9 сеялка, 39 соқа, 14 культиватор болды.

**1942 жылдан бастап аудан механизаторлары әрбір жыл сайын егіс көлемін арттыруға қол жеткізді.** 1942 жылы 16217 гектар, ал 1943 жылы 19160 гектар жер өңделді, ал парды айдау жұмыстары 1942 жылы 85 пайызға жеткізілді. Суармалы жер көлемі 1941 жылы 1358 гектар болса, ал 1942 жылы 2373 гектарға өсті [6]. Сол жылдары, егістік орташа өнімін әр гектардан 3,7 центнерден алуға қол жеткізілді. Халық шаруашылығы жоспары талаптарына сай аудан көлемінде бақшалық мәдени егістік көлемі 1941 жылы 110 гектар болса, ал 1942 жылы 289 гектарға артты. Жергілікті басқару орындары егістікті егу және ору науқаны уақыттарында еңбекшілер арасында мәдени-көпшілік, саяси-үгіт жұмыстарын кеңінен жүргізді.

Машина трактор парктерін пайдалануды жақсарту, механизаторлық курстарды ұйымдастыру, дәнді дақылдар егістігі мен суармалы жерлер көлемін ұлғайту нәтижесінде мемлекетке дәнді дақылдар өткізу жөніндегі мемлекеттік жоспар 1941 жылмен салыстырғанда 1942 жылы екі есеге өскеніне қарамастан толығымен орындалған.

1942 жылы 9171 гектар егістіктен 40592 центнер бидай, 1250 гектардан 3599 гектар сұлы, 3521 гектардан 8222 центнер бидайық, 398 гектардан 1008 центнер тары, 431 гектардан 1698 центнер қара бидай жиналды [7].

Соғыс жылдары аудан егіншілері ауыл шаруашылық өнімдерін арттыру қозғалысына белсене қатысып, ысырапқа қарсы күресе білді. Дәнді дақылдарды өндіру көлемінің жоспары көтеріңкі болуына қарамастан, 1941-1945 жылдары аралығында мемлекетке тапсырыстар асыра орындалып отырды.

Қарқаралы ауданы партия ұйымдарының соғыс жылдарындағы жұмыстарының негізгі бағыттары мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарды соғыс жағдайына көшіру, халықты экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларды шешуге жұмылдыру, неміс фашистері басып алған жерлерді азат етуді, соғыстың негізгі мазмұны мен саяси мақсатын кеңінен түсіндіру болды. Аудандық партия комитетінің Х-ХІ партия конференция аралығында, яғни 1940-1941 жылдары 277 БК(б)П мүшесі мен мүшелікке кандидаттар майданға аттандырылды [8].

ХІ партия конференциясы өткенде, яғни 1942 жылы қараша айында ауданда 31 бастауыш партия ұйымы мен 2 партиялық бюро болып, оның есебінде 212 партия мүшесі мен 52 кандидат тұрды. Соғыс кезеңінде аудандық партия комитетін Дулатов, Рахымжанов басқарып, оның құрамында 18 партия қызметкері еңбек етті. Қызыл Армия қатарына коммунистердің алынуына байланысты аудандық партия комитеті БК(б)П қатарына үнемі адам дайындап, оның құрамына алдыңғы қатарлы колхозшылар мен жұмысшылардан толықтырылып отырды.

**1942 жылдың өзінде партия қатарына 94 адам қабылданды. Оның сегізі – еңбек озаттары:** «Калинин» атындағы колхоздың жылқышысы Сымайыл Садықов, «Жаңаауыл» колхозының малшысы Өмірбеков, жұмысшысы Ахметов, Көпжасаров, Мерсейітов, мамандар Нұржанов, Төреғожин, оқушы Бексұлтановалар болды.

1941-1945 жылдар аралығында бір рет, яғни ХІ аудандық партия конференциясы өткізіліп, оған 76 делегат қатысып, оның ішінде 68 шешуші дауыспен, 8 адам тыңдаушы болып қатысты. Жалпы осы мерзімде 16 пленум, 200-ден астам аудандық партия комитетінің бюросы өткізілді.

Соғыс жағдайы аудан көлемінде саяси-көпшілік жұмыстарды жандандыруды қажет етті. Көпшіліктің саяси белсенділігі артты. Аудан көлемінде саяси көпшілік жұмыстардың негізгі рөлін арттыратын орталық аудандық партия комитетіндегі саяси-ағарту кабинеті алдыңғы орын алды. Оның негізгі мақсаты еңбекшілердің саяси белсенділігін арттыру, тыл мен майдандағы жағдайларды тұрғындар арасында кеңінен насихаттап отыру, күнделікті алға қойылған міндеттерді түсіндіру болды.

**Ауданның идеологиялық жұмыстарында «Еңбек майданы» газетінің орны ерекше болды.** Онда ауданның саяси қоғамдық өмірі мен Совинформбюро ақпараттары кеңінен және үнемі жарияланып отырды. 1942 жылдың өзінде мал шаруашылығын өркендету туралы – 273 мақала, жер шаруашылығы туралы – 197 мақала, майдан аудандарындағы еңбекшілерге көмек

туралы – 144 мақала, аудан партия ұйымдарының өмірі туралы – 130 мақала жарияланды.

Қарқаралылықтардың «Қазақстан колхозшысы» атты танкі құрамдарын жасауға қаржы жинау жұмыстарының барысы, 10 қаңтар 1943 жылы Қазақстан Орталық КП /б/ хатшысы Н.Скворцовтың «Тегісшілдік» колхозының бригадирі Рақыш Байсеркинге – 20 мың сом, Калинин атындағы колхоздың ферма меңгерушісі Қамерден Болатбековке – 21 мың сом, «Жаңауыл» колхозының ұжымына 18800 сом қаржыны табыстағаны, «Қазақстан колхозшысы» танкі құрамын жасауға қаржы қосқан үлестері үшін Алғыс хаты жарияланған [9].

Ұлы Отан соғысы жылдарында саяси көпшілік-жұмыстарды жүргізуде Қарқаралы ауданы еңбекші депутаттар кеңесі мен оның атқару комитетінгі ерен еңбек үлестері болды.

Соғыс кездерінде Қарқаралы аудандық еңбекші депутаттары Кеңесінің құрамында денсаулық сақтау, мәдениет, халыққа білім беру, әлеуметті қамсыздандыру, ауыл және коммуналдық шаруашылық, финанс, жергілік өндіріс және сауда бөлімдері болды. Майданға аттанған жауынгерлердің жанұяларына көмек көрсету мақсатында әскери қызметкерлер жанұясы мемлекеттік жәрдем беру және тұрмыстың жайын жасау бөлімі құрылып, оның қызметіне зейнет ақы және жәрдем ақы беру, балаларын жағдай жасау жұмыстары кірді.

Ұлы Отан соғысының басталған алғашқы күнінен бастап аудандағы –1074 комсомол мүшесінен 350-і, яғни 30 пайыздан астам комсомол мүшелері Армия қатарына алынды.

Қарқаралы ауданының комсомол ұйымы ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Әскери жұмыстардағы комсомолдың атқаратын іс-шаралары туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып ұйымдастыру-саяси жұмыстарын кеңінен жүргізді.

*«Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!»* атты шақыру аудан комсомолдарының өміріндегі негізгі мақсат болып табылды.

1941-1945 жылдарда аудандағы бастауыш комсомол ұйымдары 68-ден 60-қа дейін, яғни 45 колхоздарда қысқартылды. Аудандағы 600 комсомол мүшесі есепте тұрса, оның 56 пайызы қыз-келеншектер болды. 1941-1942 жылдары ауданда қабылданған 130 комсомол мүшесінің 50 пайызы қыздар қатарынан өтті. Егіс егу және егін ору науқандарында 250 комсомол мүшесі еңбек етіп, оның құрамынан 36 бақылау пункті, 2-трактор бригадасы ұйымдатырылды. Еңбекте өзінің көпсырлы істерімен үлгі бола білген жастар құрамы арта түсті. Атап айтқанда «Новый путь» және «Жаңауыл» колхоздарының сауыншылары Смадиева Қарлығаш, Бөлегенова, «Ұзынжол», Калинин атындағы, Ленин атындағы, Жарбастау, Мартбек Мамраев атындағы колхоздардың механизаторлары Борсембаев, Исабекова, Изкина Камария, Тлеуқұпова Алия, Көрікбаева Мамия, «Қызылшілік», «Жоншілік» колхоздарының шопандары Сүлейменов, Қошманбаев және т.б. көптеген жастардың қажырлы еңбектері үлгі болды.

Қарқаралы ауданының әйелдері соғыс кезеңінде барлық еліміздегі әйелдер тәрізді халық шаруашылығындағы барлық өндіріс салалары бойынша ерлердің орнында еңбек етті. Осы жылдары аудан көлемінде 2745 әйелдер еңбек етті, оның 2320-колхозшысы – 425 ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істеді. 1 Аудан депутаттары арасында 63-әйел болса, оның 1-облыстық Кеңеске, 8-і аудандық Кеңеске, 11-і калалық Кеңеске, 43-ауылдық Кеңеске депутат болып қызмет етті [10]. Әйелдер арасында 237-сі Стаханов қозғалысына, 49 қоғамдық жұмысқа қатынасып, 183-үгітшілік істерді атқарды. Сонымен қатар жауапты жұмыс

саласы бойынша; 31-әйел ферма басқарушысы болса, Байкенова, Канабаева, Әзкеева, Садырбаева, Уәлибекова, Аюбаева, Әуесбекова, Жүнісовалар ауылдық Кеңестің төрайымы қызметтерінде жұмыс жасады [3].

